Қоғам және Дәуір
ҒЫЛЫМИ-САРАПТАМАЛЫҚ ЖУРНАЛ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ ЖАНЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ

2004 жылдан бастап
әр тоқсан сайын жарық көреді

Бас редактор
Ерлан ҚАРИН,
ҚР Президенті жанындағы
ҚСЗИ директоры

Шығаруға жауапты:
А. Арзықұлов
С. Құрманғалиева

Редакция мекенжайы:
Қазақстан Республикасы,
010000, Астана қаласы,
Бейбітшілік көшесі, 4
ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ

Телефон (7172) 75-20-20
Факс (7172) 75-20-21
E-mail: office@kisi.kz
www.kisi.kz

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 2003 ж. 19 желтоқсанда тіркеліп, тіркеу туралы № 4526-Ж куәлік берілген.

Индекс 74007

Журналда жарияланған материалдарды көшіріп басқан, микрофильмдеген жағдайда журналға сілтеме жасалынуы міндетті. Жарияланған мақала авторларының пікірі редакция көзқарасын білдірмеуі мүмкін.

«КРОИВА» ҚБ баспаханасында басылып шығарылды.
050010, Алматы қ.,
Ш. Уәлиханов көш., 115.

Таралымы 500 дана.

БЕС ИНСТИТУТТЫҚ РЕФОРМА: ЕЛ ДАМУЫНДАҒЫ ЖАҢА КЕЗЕҢ

Алуа Жолдыбалина
Транспарентті және халыққа есеп беруші мемлекет реформасындағы шешім қабылдау үдерісінің ашықтығын қамтамасыз ету механизмдері 5

Жарқын Жұмаділов
Президенттік 5 реформа: ел бірлігін нығайтудың жаңа жолдары.....15

ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНДАҒЫ ЖЕҢІСТІҢ 70 ЖЫЛДЫҒЫ

Ғани Қарасаев
Қазақстандағы тыл еңбеккерлерінің Жеңіске қосқан үлесінің жекелеген тарихы мұрағат деректерінде (1942 жыл бойынша).....21

Роллан Қаратаев
Ұлы Отан соғысы жылдары Қазақстанда жасақталған ұлттық әскери құрамдар.....29

Қанат Еңсенов
1941 жылы Белоруссияны қорғауға қатысқан қазақстандықтар.....41

ҚР КОНСТИТУЦИЯСЫНЫҢ 20 ЖЫЛДЫҒЫ

Юрий Булуктаев
Конституция – жаңарту факторы ретінде.....49

Венера Жексембекова
Конституция және сайлау тұрақтылықтың құралы мен қоғамдық келісімді білдірудің түрі ретінде.....57

Қоғам және Дәуір
ҒЫЛЫМИ-САРАПТАМАЛЫҚ ЖУРНАЛ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ ЖАНЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ

МАЗМҰНЫ

Анна Гусарова
Қазақстан Республикасы Конституциясының 20 жылдығы: елдің дамуындағы жаңа көкжиектер.....71

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК

Ерғали Бөлегенов,
Мұрат Лаумулин
Еуразия қауіпсіздік жүйесі және Белоруссия: геосаяси өзара байланыстар мәселелері.....80

ЭКОНОМИКА

Айжан Тілеубердинова,
Әбілқайыр Аскеев,
Тоты Рахымжанова
Еуразиялық экономикалық одақ елдеріндегі ауылшаруашылық өндірушілерін мемлекеттік қолдау 100

Түйіндеме.....112

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

Ерлан ҚАРИН	–	редакциялық кеңестің төрағасы, ҚР Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының (ҚСЗИ) директоры, саяси ғылымдарының кандидаты
Рахман АЛШАНОВ	–	«Тұран» білім корпорациясының президенті, ҚР жоғары оқу орындары қауымдастығының президенті, экономика ғылымдарының докторы, профессор
Мәулен ӘШІМБАЕВ	–	ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрағасы, саяси ғылымдарының кандидаты
Камал БҰРХАНОВ	–	ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, саяси ғылымдарының докторы, профессор
Қазбек ИСАЕВ	–	ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ ғалым хатшысы, тарих ғылымдарының кандидаты
Санат КӨШКІМБАЕВ	–	ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ директорының орынбасары, саяси ғылымдарының докторы
Бағлан МАЙЛЫБАЕВ	–	ҚР Президенті Әкімшілігі Басшысының орынбасары, заң ғылымдарының докторы
Ләйлә МҰЗАПАРОВА	–	ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ директорының бірінші орынбасары, экономика ғылымдарының кандидаты
Үлес НЫСАНБЕК	–	ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ директорының орынбасары, экономика ғылымдарының кандидаты
Марат ШАЙХУТДИНОВ	–	Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесі Хатшысының орынбасары, тарих ғылымдарының докторы, профессор
Зарема ШӘУКЕНОВА	–	ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институтының директоры, әлеуметтану ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА мүше-корреспонденті

РЕДАКЦИОННЫЙ СОВЕТ

Ерлан КАРИН	–	председатель редакционного совета, директор Казахстанского института стратегических исследований (КИСИ) при Президенте РК, кандидат политических наук
Рахман АЛШАНОВ	–	президент образовательной корпорации «Туран», президент Ассоциации высших учебных заведений РК, доктор экономических наук, профессор
Маулен АШИМБАЕВ	–	депутат Мажилиса Парламента РК, председатель Комитета по международным делам, обороне и безопасности, кандидат политических наук
Камал БУРХАНОВ	–	депутат Мажилиса Парламента РК, доктор политических наук, профессор
Казбек ИСАЕВ	–	ученый секретарь КИСИ при Президенте РК, кандидат исторических наук
Санат КУШКУМБАЕВ	–	заместитель директора КИСИ при Президенте РК, доктор политических наук
Баглан МАЙЛЫБАЕВ	–	заместитель Руководителя Администрации Президента РК, доктор юридических наук
Лейла МУЗАПАРОВА	–	первый заместитель директора КИСИ при Президенте РК, кандидат экономических наук
Улес НЫСАНБЕК	–	заместитель директора КИСИ при Президенте РК, кандидат экономических наук
Марат ШАЙХУТДИНОВ	–	заместитель Секретаря Совета Безопасности Республики Казахстан, доктор исторических наук, профессор
Зарема ШАУКЕНОВА	–	директор Института философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, доктор социологических наук, профессор, член-корреспондент НАН РК

Транспарентті және халыққа есеп беруші мемлекет реформасындағы шешім қабылдау үдерісінің ашықтығын қамтамасыз ету механизмдері

Алуа ЖОЛДЫБАЛИНА,
ҚР Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының аға ғылыми қызметкері

Қазақстанның алдағы уақытта дамуына негіз болатын бағдар – 2015 жылдың 15 наурызында «Нұр Отан» партиясының кезекті съезінде Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың ұсынған елімізді нығайтуға бағытталған 5 институционалдық реформасы. Қазіргі уақытта сарапшылар мен ғалымдар қауымдастығының алдында 5 институционалдық реформаны жүзеге асыру жолдары мен негізгі механизмдерін қалыптастыру міндеті тұр. 5 институционалдық реформа бір-бірімен тығыз байланысты, себебі бір реформаның тиімді әрі сәтті жүзеге асуы қалған реформалардың да сипаттамасына әсер етуі мүмкін. Осы реформаларды жүзеге асыру бағдарламалары мен жобаларын дайындауда кешенділік әрі жүйелілік принциптерін сақтаған жөн.

Біз 5 институционалды реформаның бесінші бағыты – *транспарентті және халыққа есеп беруші мемлекет* үлгісін дамытудағы шешім қабылдау үдерісінің ашықтығын қамтамасыз ету механизмдерін қарастырамыз. Ең алдымен, транспарентті және

халыққа есеп беруші мемлекет идеясының негізгі құрылымын көрсетейік (1-сурет) [1]:

1-сурет. **Транспарентті және халыққа есеп беруші мемлекет идеясының негізгі құрылымы**

1-суретте көрсетілген транспарентті және халыққа есеп беруші мемлекетті дамытудың негізгі бес бағыты мемлекеттік басқару сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Жалпы, 1996 жылдан бері әлемде БҰҰ-ның бастамасымен мемлекеттік басқару сапасын зерттеуге арналған жаһандық зерттеу жүргізіліп келеді. Осы зерттеу әдіснамасына назар аударсақ, мемлекеттік басқару сапасы 2-суретте көрсетілген 6 индекстің жиынтығы нәтижесінде өлшенеді [2]:



2-сурет. **Мемлекеттік басқару сапасы индексінің құрылымы**

Аталған мемлекеттік басқару сапасын көрсететін негізгі көрсеткіштер – 5-реформамен, яғни «Транспарентті және халыққа есеп беруші мемлекетті дамыту» бағытымен тығыз байланысты. Осы бағыттағы институционалдық реформаны жүзеге асыру маңыздылығын айқын көрсетеді. Қазіргі уақытта мемлекеттік басқару сапасы бойынша Қазақстанның көрсеткіштері 1-кестеде көрсетілген.

1-кесте. **Қазақстанның мемлекеттік басқару сапасының индексі (1996–2013 жж.)**

	Халық пікірін ескеру және мемлекеттік органдардың есеп беруі	Саяси тұрақтылық және күштеудің жоқтығы	Үкіметтің тиімділігі	Заңнама мен заң шығару үдерісінің сапасы	Заңның үстемдігі	Сыбайлас-жемқорлықты бақылау
Қазақстан	14.22	34.6	35.41	36.84	30.81	20.1

Кестедегі бірінші, яғни халық пікірін ескеру және мемлекеттік органдардың есеп беру индексі бойынша Қазақстанның көрсеткіштері төмен бағаланған. Осы индекс жалпы транспарентті және халыққа есеп беруші мемлекет реформасының негізін құрайды, сол себепті келешекте мемлекеттік органдар халық пікірін ескеруі және мемлекеттік органдардың есеп беру бағытына ерекше мән беруі қажет.

Транспарентті және халыққа есеп беруші мемлекетті дамытудың негізгі факторларының бірі – шешім қабылдау үдерісінің ашықтығы. Оны дамытудың негізгі тиімділігі неде?

- *біріншіден,* қабылданатын шешімнің сапасын арттырып, жан-жақты талқылауды қамтамасыз етеді;

- *екіншіден,* шешім үшін жауапкершілік тек мемлекеттік органдарға ғана емес, үкіметтік емес сектор өкілдеріне де жүктеледі;

- *үшіншіден,* қоғамдық пікірді, азаматтардың талап-тілектерін ескеруді қамтамасыз етеді;

- *төртіншіден,* қоғам әрі халық тарапынан мемлекетке, әсіресе

билік пен мемлекеттік органдарға деген сенімді арттыруға мүмкіндік береді.

Ендігі кезекте осы шешім қабылдау үдерісінің ашықтығын дамытудың келесідей негізгі механизмдерін атап өтуге болады:

- үкіметтік емес ұйымдар;
- краудсорсинг;
- интернет-технологиялар;
- сараптамалық талдау орталықтары.

Жоғарыда көрсетілген механизмдер толыққанды әрі негізгі механизмдер ретінде қарастырылмау керек, себебі 5 институционалдық реформаны жүзеге асыру жоспары әлі талқылану үстінде. Сонымен қатар шешім қабылдау үдерісінің ашықтығын дамытудың басқа да механизмдері бар. Сонымен, шешім қабылдау үдерісінің ашықтығын дамытудың негізгі механизмдерін қарастырып өтейік.

1. Үкіметтік емес ұйымдар.

Кез келген реформалардың сәтті жүзеге асырылуының бір факторы – билік пен азаматтық қоғамның бірлескен жұмысы. Үкіметтік емес ұйымдар халықтың негізгі өзекті мәселелерін анықтап, қоғамдағы үдерістердің барометрі қызметін атқарады.

Үкіметтік емес ұйымдарды шешім қабылдау үдерісінің ашықтығын қамтамасыз ету үшін заңнамаға қоғамдық сараптама, қоғамдық мониторинг жүргізуде, шешім дайындау барысында талқылау мен пікірталас ұйымдастыруда қатыстыру маңыздырақ. Жоғарыда аталған мемлекет пен үкіметтік емес ұйымдардың өзара әрекеттесуі қоғамдық және сараптамалық кеңес, консультациялар, баламалы есеп дайындау шеңберінде жүзеге асуы мүмкін. Әсіресе үкіметтік емес ұйымдардың рөлі мемлекеттік саясатты даярлау, жергілікті мәселелер бойынша шешімдер шығару кезеңдерінде өте маңызды.

2. Краудсорсинг.

Соңғы уақытта саяси үдерістерге азаматтарды тартудың жаңа әдісі ретінде «краудсорсинг» әдісі қолданылуда, әсіресе әртүрлі краудсорсингтік кампаниялар өткізу технологиясы үлкен танымалдыққа ие болғанын атап өту керек. Соңғы жылдары саяси салада халықтың белсенділігін арттыру мақсатында краудсорсинг технологиясы жиі қолданылады. Сонымен қатар бұл технология

аймақтық мәселелерді халықпен бірлесе отырып, олардың пікірін ескеріп шешуге мүмкіндік береді.

Краудсорсинг халықтың пікірін ескеру, саясатқа араластыру технологиясы ретінде 2003 жылдан бері қолданыла бастады. Бұл термин мемлекет және қоғам, бизнес алдында тұрған мәселелерді шешу мақсатында ақпараттық технологиялар негізінде адамдардың ресурстарын жұмылдыру үдерісін білдіреді.

Краудсорсинг әртүрлі заң жобаларын әрі басқа да мемлекеттік бастамаларды талқылауда жиі қолданылады. Әдетте, талқылаулар дауыс беру арқылы онлайн режимде, не нақтылы пікірлерді жинау жолдарымен жүзеге асырылады. Краудсорсинг басқа да тәсілдермен қатар, саясаттағы азаматтық белсенділікке жаңа мүмкіндіктер беріп, демократиялық қоғамның мақсатына жетуге негіз болады. Сол себепті, транспарентті және есеп беруші мемлекетті дамыту идеясын краудсорсинг технологиясы арқылы жүзеге асыруға болады.

Қазіргі уақытта краудсорсинг технологиясының қоғамдағы мәселелерді шешуге халықты тарту үлгісі ретінде 2015 жылы БҰҰ-ның «Beyond – 2015» атауымен жүзеге асырылған жобасын атап өтуге болады. Бұл жоба жастардың әлеуметтік мәселелерді шешуге атсалысуына бағытталған [3]. БҰҰ-ның арнайы агенттігі ақпараттық және коммуникациялық технологиялар негізінде кем дегенде 80 елдің жастарына жаһандық әрі аймақтық әлеуметтік маңызды мәселелерді талқылап, оларды шешу жөнінде өз идеяларымен бөлісуге мүмкіндік берді.

БҰҰ жүзеге асырған бұл краудсорсингтік үш айлық жоба мыңнан астам бірегей идеяларды жинақтап, осы идеяларға 27 мыңнан астам пікір мен түсініктемелер жинап, әлем бойынша 16 миллионға жуық халықты жұмылдыруға мүмкіндік берді. Исландияда 2012 жылы Twitter, Facebook әлеуметтік желілерін қолданушылар Конституция жобасын талқылаған еді. Финляндияда 2012 жылы «Ашық министрлік» (www.avoinministerio.fi) жаңа заң жобаларын халықпен бірлесіп талқылауға арналған краудсорсингтік платформа іске қосылды [4].

Қазақстанда да бұл тәжірибе жақсы қолданыла бастады. Мысал ретінде zakon.kz порталы ұйымдастырған қазақстандық заң конкурсын келтіруге болады. 2014 жылы «Қазақстан заңнамасында не өзгертер едім?» тақырыбында конкурс өтті, яғни 26 сала бойынша инновациялық идеялар қорын жасауға мүмкіндік болды.

Саясатта, әсіресе мемлекеттік басқару саласында краудсорсинг технологиясын қолданудың келесідей жағымды жақтары бар:

1) көптеген жаңа идеялар қорын жинақтау, яғни қоғам мәселелерін шешуде халық тарапынан біршама сәтті ұсыныстар берілуі мүмкін;

2) жинақталған идея жергілікті қауымдастық мәселелерімен тығыз байланысты болғандықтан, саясаттағы азаматтармен кері байланыс механизмі жүзеге асырылады;

3) қоғамдағы мәселелерді ашық әрі транспарентті талқылау демократиялық жүйе механизмдерін күшейтеді, яғни жүргізіліп жатқан елдегі саясатқа халық тарапынан қосымша қолдауды қамтамасыз етеді;

4) саяси шешім қабылдау барысында дайындалған құжаттардың сапасын арттырады;

5) мемлекеттік биліктің саяси әрі басқарушылық жағымды имиджін дамытуға, сонымен қатар мемлекеттік органдарға деген сенімді арттыруға септігін тигізеді.

Мемлекеттік секторда краудсорсинг технологиясы мемлекеттік шешімдерді қабылдау үдерісінің ажырамас бөліктері – *азаматтық белсенділік, қоғамдық сараптама және халықтық бақылаудың* дамуына әсер етеді. Краудсорсингті мемлекеттік секторда қолдану үшін бірнеше шарттарды орындау қажет:

1) краудсорсинг мемлекеттің тікелей тапсырмаларын орындау жөніндегі саяси науқанға айналмау қажет, яғни нақты халықтың пікірін ескеру технологиясы ретінде барлық инновациялық идеяларды жинақтауға бағытталу керек;

2) краудсорсингті жүргізу форматын алдын ала анықтаған дұрыс;

3) краудсорсинг жұмысы тұрақты әрі белсенді сипатта болуы тиіс, яғни халықтан келетін идеяларға күнделікті мониторинг, сарапшылармен диалог, нәтижелерді талқылау ашықтығын қамтамасыз ету қажет;

4) краудсорсинг нәтижесінде жинақталған идеяларды өңдеу үшін арнайы компьютерлік қамтамасыз етуші бағдарламалар керек.

3. Интернет-технологиялар, яғни электронды үкімет.

Электронды үкімет, бір жағынан, елді басқару үдерістеріне халықты қатыстыру механизмдерінің бірі, екінші жағынан, ол мемлекеттік аппарат қызметіне бақылауды жүзеге асырады.

Электронды үкіметтің әлемдік рейтингісі құрамында электронды қатысу индексі бар. Ол үш негізгі көрсеткішпен бағаланады:

1) электронды ақпарат – мемлекеттік органдар сайттарындағы ақпараттың толыққандығы;

2) электронды консультация – мемлекеттік органдар сайтында мультимедиа көмегімен кеңес беру;

3) электронды шешім – саяси шешімдерді талқылауға және қабылдауға азаматтары қатыстыру деңгейі, яғни мемлекетімізде жоғарыда аталған үш көрсеткіш бойынша жұмыстарды жетілдіру өзектілігі айқын көрінеді.

Қазіргі заманғы интернет технологияларды мемлекеттік басқаруда кеңінен қолдануды қамтамасыз ету мемлекеттік органдардың ашықтығымен қатар, билік-басқару үдерістеріне азаматтардың басым бөлігін қатыстыру болып табылады.

4. Сараптамалық талдау орталықтары.

Сараптамалық талдау орталықтары ХХ ғасырдың басында пайда болып, қазіргі заманғы мемлекеттердің ішкі және сыртқы саясатын қалыптастыруда шешуші рөлді иелене отырып, әлемдік саясатты қалыптастырушы негізгі факторларының бірі болып табылады. Сонымен қатар сараптамалық талдау орталықтары – қоғам мен ел өміріндегі күн тәртібіндегі өзекті мәселелерді шешу жөнінде нақты ұсыныстар мен жолдарын көрсетіп, ішкі және сыртқы саясат мәселелеріне талдау жасап, баға беруге бағытталған күрделі құрылымдық жүйесі бар, пәнаралық тұрғыда зерттеу жүргізетін сарапшылардың кәсіби қауымдастығы.

Сараптамалық талдау орталықтары мемлекет дамуындағы ішкі және сыртқы факторлардың біріккен әсерінен, әлемдік саясаттағы негізгі мәселелерге жауап ретінде пайда болып, дамиды. Қоғам салалары бойынша реформалардың барлығын үкімет жүзеге асыратындықтан, сараптамалық талдау орталықтары әлеуметтік-саяси зерттеулерді үнемі жүргізуі тиіс. Герман Канның пікірінше, үкімет мұндай ұйымдарға зәру, себебі мемлекеттік органдар «күштілердің әлсіздігіне» шалдыққан, нәтижесінде күрделі шешімдер не тез, не жеткіліксіз ақпарат негізінде қабылданады. Саяси жаңару үдерісіндегі мемлекетте саяси мәселелер мен шешімдер жөнінде негізгі зерттеулер, шұғыл саяси мәселелер бойынша ұсыныстар айту, мемлекеттік бағдарламаларға баға беру, қоғамдық білім беру мәселелері өзекті болып табылады.

Мемлекетте сараптамалық талдау орталықтарын дамыту маңыздылығын олардың басқа зерттеу ұйымдарынан айырмашылығын анықтау негізінде де көрсетуге болады. Сараптамалық талдау орталықтарын университеттермен, ғылыми институттармен, мемлекеттік органдармен салыстырғанда мемлекеттік саясатты, даму стратегиясын қалыптастыруға қатысу мүмкіндігі жоғары. Университеттегі зерттеу жұмыстары көп жағдайда теориялық сипатқа ие, ал мемлекеттік органдарда зерттеу жұмыстарын жүргізу қиын, себебі мемлекеттік қызметкерлердің жұмысы ұйымдастыру, сәйкестендіру сипатындағы мәселелерді шешуге бағытталған. Бірақ мемлекеттік органдардың университеттердегі ғылыми-зерттеулерден артықшылығы – мемлекеттік қызметкерлер шынайы саясат мәселелерімен айналысатындықтан, зерттеу жұмысына қажет мәліметтер базасы, ақпарат жиынтығы осы мемлекеттік органдарда шоғырланған, яғни олардың зерттеулерінде шынайы мәліметтерді пайдалану мүмкіншілігі бар.

Ғылыми институттармен салыстырғанда сараптамалық талдау орталықтары өз зерттеулерін аз мерзім ішінде жүргізеді, осы аралық уақытында сараптамалық талдау орталықтары ақпарат жинап, талдау жасап, ұсыныс беріп, баяндама немесе есеп түрінде дайындайды, яғни олардың қызметі «нақ осы жерде және нақ осы уақыттағы», күн тәртібіндегі өзекті мәселелерді зерттеуге бағытталған. Осы арқылы сараптамалық талдау орталықтары мемлекет саясатының қалыптасуына ықпал ете алады. Ал ұзақ мерзімді, іргелі зерттеулерді жүргізу ғылыми институттардың міндеті болып табылады.

Сараптамалық талдау орталықтарын дамытудың басты артықшылықтарының бірі – тез арада мәселелерді анықтап, соғұрлым оларды шешуге мүмкіндік беретін тұрақты мониторингтің жүргізілуі. Осы жеделдік сараптамалық талдау орталықтарының ғылыми институттардан басты айырмашылығы болып табылады. С.Жүсіповтің пікірінше, «талдау, сараптама – күрделі әрі маңызды ғылыми бағыттың синонимінің бірі» [5, 181].

Сонымен, саяси шешімнің ашықтығын қамтамасыз ету механизмі ретінде сараптамалық талдау орталықтарының қатысуының жағымды жақтары мен мүмкіншіліктеріне талдау жасайық (2-кесте).

2-кесте. **Сараптамалық талдау орталықтарының жағымды жақтары және мүмкіншіліктері**

Жағымды жақтары	Мүмкіншіліктері
- мемлекеттік бағдарламаларға баға беруі және талдау жасауы; - ұсыныстарды дайындау және беру; - ақпараттың балама көздері; - болжау қызметін атқаруы; - «қатаң бақылаушы» рөлі, яғни мемлекеттік саясаттағы жүзеге асырылып жатқан мәселелерге мониторинг жүргізіп, талдау жасауы; - саясаткерлер қоғам үшін ағартушылық қызмет атқаруы, яғни әртүрлі түсіндірмелер, талдаулар, сараптамалық көзқарасты беру арқылы; - саяси бағыттың жаңа нұсқаларын дайындауы және негіздеуі	- азаматтық қоғамның дамуына әсер етеді; - үкімет пен қоғам арасындағы делдал; - саяси элитаны дайындау, яғни кадрлық ресурстарды ұлғайту; - халықтың саяси сауаттылығына әсер етеді; - елдің интеллектуалды мүмкіншілігін дамыту; - қоғамдық пікір институты

Сараптамалық талдау орталықтары – мемлекеттік аппарат пен интеллектуалды орта және қоғам мен саясат арасындағы делдал бола отырып, қоғам және мемлекет дамуындағы өзекті мәселелерді анықтаушы, талқылаушы, тудырушы, сонымен бірге мемлекеттік органдар тарапынан саяси шешім қабылдау үдерісінің бір тізбегі қоғамдық пікірді қалыптастырушы механизмдердің бірі, азаматтық қоғамның даму деңгейін анықтайтын көрсеткіш. Бұл қызметтерді сараптамалық талдау орталықтарының атқаруы үшін мемлекеттегі сараптамалық талдау нарығына мемлекет тарапынан мақсатты түрде жүйелі негізге қойылған кешенді жұмыс бағыттары болуы тиіс.

Сонымен, мемлекеттік органдар өз қызметінде саяси шешім қабылдау мен жүзеге асырудың негізгі механиздері, үкіметтік емес ұйымдарды қатыстыру, краудсорсинг, интернет-технологияларды қолдану, сараптамалық талдау орталықтарының қызметін пайдалану арқылы 5 институционалдық реформаны тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік алады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. «Нұр Отан» партиясының Төрағасы Н.Назарбаевтың партияның XVI съезінде сөйлеген сөзі, 11.03.2015//www.akorda.kz, 18 сәуір 2015 жыл.
2. Качество государственного управления //gtmarket.ru, 18 сәуір 2015 жыл.
3. Почему Краудсорсинг так выгодно применять в политике?// http://crowdsourcing.ru, 18 сәуір 2015 жыл.
4. 5 направлений применения Краудсорсинга в политике // http://crowdsourcing.ru, 18 сәуір 2015 жыл.
5. Жусупов С.Е. Политическая аналитика. Исследования. – Алматы: «Arna-b», 2008. – 714с. – С.181.

Президенттік 5 реформа: ел бірлігін нығайтудың жаңа жолдары

Жарқын ЖҰМАДІЛОВ,
ҚР Президенті жанындағы
Қазақстан стратегиялық зерттеулер
институтының сарапшысы

Жаһандық сын-қатерлер дүниежүзіндегі мемлекеттердің етек-жеңін жинауға, ұлттық қауіпсіздік мәселесін қайта қарауға мәжбүр етіп отыр. Саяси тұрақтылық пен экономикалық өсімге иек артқан елдердің өзінде де аталған мәселелер күн тәртібіне шығып отыр. Посткеңестік кеңістікте туындаған геосаяси шиеленістердің алыс-жақын елдерге ықпалы қаншалықты екені анық байқалып келеді. Осындай жағдайда Қазақстан да өзіндік иммунитетке иек артып, сыртқы қатерлерге төтеп берудің әдіс-тәсілдерін жүзеге асыруды бастады.

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев өзінің 5 институционалды реформасын жариялар сәтте «Жаһандық сынақтар мен қатерлер тереңдігі сондай, ол мемлекеттің тұрақтылығы мен табыстылығы туралы мәселені күн тәртібіне қояды. Біз «Нұрлы Жол» жаңа экономикалық саясатының барлық міндеттерін шешу және «Қазақстан-2050» Стратегиясының басты мақсатына қол жеткізу үшін бес институционалдық реформаны дәйектілікпен жүргізу барысында өз мемлекетімізді нығайтуымыз керек» деген болатын [1].

Бес институционалды реформада айтылған бастамалардың қайқайсысы болмасын, «баршаға бірдей осы заманғы мемлекет» те, «заңның үстемдігі» де, «орнықты экономика» да, «ашық және халыққа есеп беруші мемлекет» те елдің тұрақтылығына, бірлігіне тікелей байланысты. Ал осы реформалардың тағы бірі – болашағы

біртұтас ұлт атты бағытты – ел бірлігін нығайтудың жаңа жолдарын ашады.

Біз әлемнің көптеген мемлекеттері сияқты көпэтносты бола тұра, ұлттық мемлекет құра алған елміз. Ұлттық мемлекет екеніміз ҚР Конституциясында «Қазақстан Республикасы – президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет» деп анық көрсетілген [2].

Қазақстан қоғамы да әлемнің бірқатар елдеріндегідей ұлт сөзін екі мағынада қабылдайды. Бірінші топ – азаматтыққа негізделген саяси ұлт, яғни бір елдің тұтас бір халқы. Екінші топ – этноұлт түсінігін жақын қабылдайды. Яғни шыққан тегіне қарап, ұлтқа бөлінеді. Бізге алдымен осы түсінікті бірізге түсіру шарт. Этникалық қазақтар «қазақстандық ұлт» сөзін қабылдамайды, пікір қайшылығы да осы жерден туындайды. Шын мәнісінде, тәуелсіздік алып, ұлттық мемлекет құруға қадам жасаған сәттен бастап біз түріміз, тіліміз, дініміз ұқсас болмағанымен, жаны бір халыққа, ұлтқа айналдық. Оны біреу «қазақ ұлты» дейді, енді бірі «қазақстандық ұлт» дейді. Екеуі де дұрыс. Де юре қазақ елі болғанымызбен, де факто біздің территориямызда қазақстандық ұлт өмір сүріп жатыр. Іс жүзінде бір елдің халқы – бір ұлт қағидасына жақынбыз. Оның ең басты себебі де бар. Қазақстан халқы бүкіл қоғамдық қатынасты реттейтін, түрлі заңдардың бастауы болатын бір ғана Конституцияға бағынамыз. Қазақстан Конституциясы нәсілдік, этностық, діни және әлеуметтік қатыстылығына қарамастан, барлық азаматтардың құқықтық теңдігіне кепілдік береді Ал Конституция – ұлттың тууы туралы куәлігі іспеттес басты құжат.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап Президент Н.Ә. Назарбаев ел бірлігі, тәуелсіздік, өзара келісім мәселелерін жиі айтып, елдің ең негізгі құндылығына айналдыруға күш салды. «Бірегейлендірудің бірінші деңгейі – біздің азаматтық әрі саяси бірлігіміз деп айтуға болады. Біздің қазақстандықтарда біртұтас саяси құндылықтар бар. Міндет осы құндылықтарды Қазақстан халқының азаматтық санасындағы басты да басым тетікке айналдыру болса керек» деп жазады Елбасы «Тарих толқынында» деген еңбегінде [3].

Кез келген елдің халқын тілі мен дініне, шығу тегіне қарамай біріктіретін бірнеше фактор бар: экономикалық мүдде, мәдени консолидация, спорттық жетістіктер және саяси таңдау. Солардың

ең негізгісі – экономикалық мүдде. Материалдық жағдай, өзара қарым-қатынастар осыған кіреді. Н. Назарбаевтың «алдымен экономика, содан кейін саясат» қағидасы тек экономикалық тұрғыда ғана пайдалы емес, сондай-ақ бір елдің халқын бір ұлт ретінде ұйыстыруға да ықпал етті деп айтуға толық негіз бар.

Ал мәдени бірегейлікке көшпенділерге тән қазақтың төл мәдениетінің рөлі ерекше. Өзге этнос өкілдері шет мемлекеттерге шыққанда, қазақ елі мәдениетінің өкілі ретінде қабылданып жүр. Әр этностың тілі мен мәдениетін дамытуға мүмкіндік бергенімізбен, олар ең негізгі қазақы мәдени құндылықтарда бірігетінін көрсетіп жүр.

Жыл он екі ай үздіксіз жүретін спорттық жарыстардың, Олимпиада ойындарының елді тұтастандыруға ықпалы зор. Ондай кезде жанкүйерлер саяси көзқарасына, этностық шығу тегіне, діни наным-сеніміне қарамастан, біріге түседі. Спорттық жетістіктер кезінде мемлекеттік рәміздерге құрмет артып, ұлттық символдарымыз да елді біріктіре түседі.

Елбасы атап өткендей, бірегейленуіміздің бірінші деңгейі – азаматтық саяси бірлігіміз. Биылғы жылдың 26 сәуір күні кезектен тыс өткен президенттік сайлаудың қорытындысы халықтың саяси таңдауда да бөлінбейтінін көрсетті. Қазақстан халқы Ассамблеясы өкілдері сайлаудан кейінгі брифингте: «Кез келген елде президенттік сайлау елдің бірлігін көрсетеді. Қазақстанның тарихи феномені сайлау болып саналады. Ол қазақстандық халықты біріктіреді. Бұл – біздің сайлаудың басты қорытындысы, Президенттің басты қорытындысы», – деген еді [4].

Тәуелсіздік алған жылдары болашағын Қазақстанмен байланыстырмайтын миллиондаған өзге этнос өкілдері тарихи Отандарына көшті. Керісінше, қиын сәттерде болашақ өмірін осы елмен байланыстырғысы келген 1 млн шетелдік қазақ атажұртына оралды. Ал Қазақстанды өз үйім деп қабылдайтын өзге этнос өкілдері тағдырға мойынсұнып осы елде қалды. Патшалық және кеңестік кездегі ортақ тарих пен ортақ тағдырды бастан кешіп, алдағы өмірін тек Қазақстанмен ғана байланыстырған өзге этноспен неге біз бір ұлтпыз деп айта алмаймыз? «Біртұтас ұлт болу үшін адамдарға ортақ тарих, ортақ тағдыр тән болуы керек. Олардың қандай этноска, топқа жататыны маңызды емес», – дейді американдық саясаткер Патрик Бьюкенен [5].

Ұлт сөзін мемлекет сөзімен синоним ретінде қарастыратын

уақыт жетті. Біз тәуелсіздік жарияланған тұстан бері азаматтық саяси ұлт негізінде құрылдық. «Ұлттық мүдде», «ұлттық қауіпсіздік», «ұлттық компания», «ұлттық телеарна» деген ұғымдар тек қазаққа ғана тән дегенді білдірмейді, мемлекеттік, мемлекет халқына тиесілі деген ұғымында қабылданады.

2015 жылдың 29 сәуір күні Инаугурация кезінде президенттік билік етуге жаңа мандат алған Нұрсұлтан Назарбаев «халық» сөзін 17 рет, «ел» дегенді 15 мәрте, «мемлекет» ұғымын 14 және «ұлт» сөзін 12 рет атап өтті. Ұлт деген сөзді Мемлекет басшысы бір ғана этносқа қатысты емес, тұтас ел халқы туралы айтқан кезде қолданды.

«Қазақстандық біртектілік азаматтық қағидатына негізделуі тиіс. Осындай жағдайда біртектілік орнықты және табысты мемлекеттің ең сенімді іргетасы болады. Әр азамат елдің табысы оның өзінің де табысы екенін сезінуі тиіс. Қазақтарға мемлекет құраушы ұлт ретінде ерекше жауапкершілік жүктеледі. Қазақтар қазақстандық біртектілікті қалыптастыруға маңызды ықпал жасауы керек. Тілдердің үштұғырлылығын – қазақ, орыс және ағылшын тілдерін дамыту – қоғамды топтастырудың, оның бәсекеге қабілеттілігін арттырудың кепілі» [6].

Болашағы бір біртұтас ұлтқа айналу үшін мынадай ұсыныстар ескерілуі керек сияқты.

Біріншіден, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев 5 институционалды реформаны жариялаған кезде «Мемлекеттің конституциялық акт тәкілеттес аса маңызды құжаты ретінде ресімделген «Мәңгілік Ел» идеясы жалпыазаматтық құндылықтар жүйесі қатарында көрінуі тиіс» дегенді айтқан болатын. Ендеше, тиісті органдар «Мәңгілік Ел» идеясына заңмен қуат беруді қолға алу керек. Тіпті осы уақытқа дейін тілі мен дініне, этносына қарамай біріктіріп келген ҚР Конституциясында осы «Мәңгілік Ел» идеясы көрініс тапса, артық емес. Керісінше, ұлтты ұйыстыруға қабілетті қуатты идеяға айналады.

Екіншіден, жиырма жыл қызмет еткен Қазақстан халқы Ассамблеясының қоғамдағы рөлі ерекше екені айтылып та, жазылып келеді. Еліміздің ең жоғарғы заң шығарушы органнан Қазақстан халқы Ассамблеясының өкілдері үшін 9 орын берілді. Дәл осындай тәжірибе ұлт құраушы титулды этносы жоқ Сингапурде қолданылған. Бүгінде ол елдің халқы біртұтас ұлтқа айналған. Яғни тәжірибе сәтті шыққандығын көрсетеді.

Десек те, халықтың қоғамдық-саяси танымы, ұлттық санасы осы аралықта айтарлықтай өзгерді. Ақпараттық тұрғыда жедел дамыған кезеңде кейбір құжаттар мен заңдар өзгерістер мен толықтыруларды қажет етеді. Елбасының 5 институционалды реформасындағы болашағы біртұтас ұлт идеясын жүзеге асыру үшін Қазақстан халқы Ассамблеясының Стратегиясын қайта қарап, заман ағымына қарай өзгерістер енгізу – уақыт талабы. Әлемдік тәжірибеде ұлт деген атауға жеке конституциясы бар этностарды атайды. Сондықтан біздегі диаспораларды барлық жерде «этнос», «диаспора» деп атауды енгізу қажет сияқты. Диаспораларды көзге шұқып, шыққан тегімен атай беретін болсақ, олардың қазақстандық, «Мәңгілік Ел» идеясы негізіндегі ұлт болып қалыптасуы ұзаққа созылатын процеске айналады.

Үшіншіден, Астанада биыл сәуірдің 23-і күні өткен «Мәңгілік Ел: бір ел – бір тағдыр» тақырыбындағы Қазақстан халқы Ассамблеясының XXII сессиясында ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаев «Бізге Ассамблея қамқорлығымен жалпыұлттық «Үлкен ел – үлкен отбасы» акциясын ұйымдастыру қажет» деді. Бұдан кейін, 5 мамыр күні Үкіметтің кеңейтілген отырысында осы идеяны атқарушы билік өкілдерінің есіне қайта салды. Елбасы екі рет атап өткен «үлкен ел – үлкен отбасы» жобасы кең ауқымды болғаны жөн.

Төртіншіден, ұлтты ұйыстырудың төте жолының бірі – мемлекеттік рәміздердің қадір-қасиетін арттыру. Елбасының жалпыұлттық патриотизмді арттыру туралы ұсынысының мағынасы – жалпықазақстандық патриотизмді күшейту. Дінде өлім деп жанның денеден шығуын айтады. Ұлт та сондайды басынан кешеді екен. Патриотизм – біртұтас ұлттың жаны. Яғни патриотизм ғана ұлттың тірі екенін білдіреді. Сондықтан әскери-патриоттық тәрбие жүйесі, азаматтық теңдік, білім мен ғылым культін қалыптастыру, зайырлылықты сақтау сияқты жүйелерге модернизация қажет.

Бесіншіден, Қазақстандағы халықты біріктіруші ең негізгі фактор – ортақ тіл. Мемлекеттік тілдің әлеуеті күшті болғанымен, дәл қазіргі жағдайы ұлтты ұйыстырушы рөлге ие бола алмай отыр. Мемлекеттік билік 24 жыл бойы халықты орыс тілі арқылы біріктіріп келді. Ел тұрғындарының жартысы ауылдық жерде тұратынын және демографиялық өсім алыс елді мекендер есебінен беріліп отырғанын ескерсек, орыс тілі де қоғамды біріктіруші статусынан енді біраз жылда айырылуы мүмкін. Ал Елбасы қазақ

тілі ел халқын біріктіруші күшке айналуы керек дегенді айтқан болатын. Сондықтан қазақ тілін дамыту жөнінде мемлекеттік деңгейдегі орталық құрылуы шарт. Мемлекеттік тіл ту, елтаңба, әнұран сияқты осы мемлекеттің негізгі атрибуттарының бірі екенін сезіндіретін институционалдық жұмыстар атқарылу қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. «Егемен Қазақстан», 31.30.2015 (http://egemen.kz).
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы (2-бап, 1-тармақ).
3. Назарбаев Н. Тарих толқынында. – Астана. – 190 бет.
4. http://strategy 2050.kz.
5. Бьюкенен П. На краю гибели. – Изд.: АСТ, 2008 г.
6. «Егемен Қазақстан», 31.30.2015 (http://egemen.kz).

Қазақстандағы тыл еңбеккерлерінің Жеңіске қосқан үлесінің жекелеген тарихы мұрағат деректерінде (1942 жыл бойынша)

Ғани ҚАРАСАЕВ,
ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының бас ғылыми қызметкері, тарих ғылымдарының докторы, профессор

Осыдан жетпіс жыл бұрын аяқталған Ұлы Отан соғысының маңызы уақыт өткен сайын ұлғайып келеді. Соғыстың бастапқы кезінде үлкен сәтсіздік, орны толмас шығын әкелген алғашқы шешуші сәттерде жеңіле тұра, ұлан-байтақ майдандар шеңберінде осы алапат соғыстың барысын өзгерте отырып, оны толық жеңіспен аяқтау әлемдік тарихта бұрын-соңды болған емес. Осындай ел, халық басына түскен қиын-қыстау кезеңде, ел мүддесі сынға түскен шешуші сәтте Кеңес халқының басым бөлігі оның алдындағы жеке басқа табынудың барлық зардаптарын кейінге ысыра отырып, большевиктік өкіметке, коммунистік ілімге деген сенімдерін ұлғайтып, оның айналасына топтаса түсуі де әлемдік тәжірибеде кездеспейтін жағдай.

Міне, сондықтан да бұл соғыстың барысы, қорытындысы мен маңызын айқындау қазіргі дүниежүзі зерттеушілерінің басты назарына ілігіп отыр. Оны жыл сайынғы Ұлы Отан соғысына арналған ғылыми, тарихи, көркем және т.б. шығармалардың көптеп жариялануынан білуге болады.

Ал бұл жеңістің қайнар көзі – кеңес халықтарының жоғары отаншылдығы, олардың арасындағы осындай қиын-қыстау сәттегі достықтың нақты көрініс тапқандығы, коммунистік партияның басқарушылық, бағыттаушылық қызметі болғандығы айғақ. Оның

шынайы дәлелі – Кеңес Одағы құрамындағы қазақстандықтардың осы соғыстағы майдан мен тылдағы жанқиярлық ерліктері мен екпінді еңбектері. Соғысты жеңіспен аяқтауда қазақстандық тыл еңбеккерлерінің Қызыл Армияның үнемі өсіп отырған сұранысын толығымен қанағаттандыра білуі аса маңызға ие болды. 1942 жылы Қазақстанның өнеркәсіп орындары, ауылшаруашылығы мен тыл еңбеккерлерінің майданға қажеттінің барлығымен қанағаттандыра білуі ерекше тоқталуға тұрарлық.

1942 жылдың басына дейін бүкіл Кеңес Одағы халық шаруашылығының қатарында Қазақстанның өндірістік, ауылшаруашылық орындары қорғаныс мақсатына сай жұмыс істеуге толығымен көшірілді. Бұрын бейбіт өнім шығарып келген көптеген зауыттар мен фабрикалар қайтадан жабдықталып, майданға қажетті өнім шығаруға ауысты. Бұл кәсіпорындарды маман жұмысшылармен қамтамасыз етуде жүйелі жұмыстар қолға алынды. Әсіресе майданға кеткен ерлердің орнына әйелдерді дайындауға, олардың жаңа кәсіпті меңгеруіне баса назар аударылды. Мысалы, Ақтөбе облысында «Соғыс басталған мерзімнен өндіріс пен транспортта 2600, оның ішінде 1550 әйел, мамандандырылған жұмысшылар дайындалды. Олар майданға кеткен ерлерді ауыстыра отырып, токарь, құюшы, электромонтер, фильтровщик және т.б. кәсіптерді игерді» [1].

Тарихи құжаттарда Қазақстанның өнеркәсіп және ауылшаруашылық орындарында жеңіс үшін атқарылған еселі еңбектің көптеген мысалдары жетерлік. Атап айтқанда, 1942 жылы Лениногорск қорғасын зауыты бүкіл КСРО қорғасын өндірісінің 41,5%-ын берді, осылайша жауға атылған әрбір 10 оқтың 6-уы лениногорлық қорғасыннан дайындалды.

1942 жылдың күзінде қорғасын құюшылар «Республиканың ең үздік металлургиялық зауыты» деген атаққа ие болып, зауытқа ҚК(б)П Орталық Комитетінің Қызыл Туы тапсырылды.

КСРО ЖК Төралқасының 1942 жылғы 25 шілдедегі шешімімен Лениногорск кен өндіру кәсіпорнының бұрғылаушысы Г.Г.Байдин Ленин орденімен, бірінші бұрғылаушы әйел А.П.Казакова Еңбек Қызыл Ту орденімен, К.И. Симаков, П. Сиразутдинов, Н.Я. Гавриленко, Р.Х. Хамитов, В.А. Немешаев, Ф.П. Петухов, т.б. Құрмет белгісі орденімен марапатталды» [2].

Қаладағы басқа кәсіпорындар да тікелей соғыс мүддесіне сай өнім өндіруге көшірілді. Осылардың қатарына Лениногорскідегі 76 миллиметрлік зеңбірек снарядтарын шығаратын арнайы цехтың

жұмысын жатқызуға болады. Мемлекеттік Қорғаныс Комитеті өнім шығаруға 4 ай уақыт берді. Арнайы цехтың техникалық жетекшісі В.В. Бухмеер сол кезді былай еске алады: «Іс басында үйренуге және жұмыс істеуге тура келді. Өндіріс технологиясы толығымен қайта құрылып, қысқа мерзім ішінде сызбалар дайындалды. Демалуға уақыт болмады. Көпшілігі апталап цехтан шықпады, тәулігіне екі-үш сағаттан ғана ұйықтауға мүмкіндік болды. Мемлекеттік Қорғаныс Комитеті цехтың ашылуын 1942 жылдың 15 наурызына белгіледі. Арнайы цех мерзімінде іске қосылды. 1942 жылдың мамырынан Лениногорскіден майданға тұрақты түрде снарядтар жіберіліп тұрды. Бұл цехта снарядтар ғана емес, сонымен бірге станоктер де дайындалды. Мысалы, жетекшілік топ снарядтың басқы бөлімін жасайтын станокты дайындады. Цех айына 20000-ға жуық снаряд шығарды. Станоктың жанында, негізінен, әйелдер мен 13-15 жастағы жасөспірімдер тәулігіне 12 және одан да көп сағаттан, демалыссыз еңбек етті» [3].

Ұлы Отан соғысының екінші жылында КСРО-ның батыс аймақтарынан Қарағанды облысына көшіріліп әкелінген зауыттар мен жергілікті өндіріс орындары да жаудың шабуылын тоқтату ісіне айтарлықтай үлес қосты. Мысалы, «Қарағандыға Ворошиловградтан Пархоменко атындағы зауыт көшірілді, жабдықтары мен жұмысшылар 1942 жылдың 7 қаңтарында келді.

Халық Комиссариатының шешімімен зауытқа Қарағанды көмір өңдеу зауыты мен бұйымдарының едәуір бөлігі берілді.

1942 жылдың жаз айынан Пархоменко атындағы зауыт алдымен қорғаныс өнімдерін, кейін 1942 жылдың қыс айынан тау-кен шахта жабдықтарын өндіре бастады» [4].

Облыста түсті металдарды өндіру соғыс мақсатына жұмылдырылды. Оларды өндіру қарқыны арттырылды. Атап айтқанда, «осы мерзімде Орталық Қазақстанның кен орындарында молибден рудасын өндіру бастамасы көтерілді. Соғыс жылдарында қара мыс өндіру 203%-ға артты. КСРО-дағы соғыс кезінде өндірілген әр 100 тонна молибденнің 60 тоннасын балқаштық «Шығыс Қоңырат» кені берді» [5].

1942 жылдың көктемінен басталған кеңес-герман майданындағы шиеленістің күшеюі, әсіресе КСРО-ның оңтүстік аудандарындағы ірі кәсіпорындардың жұмыс көлемдерінің азаюы, олардың жау қолында қалу қаупінің артуы, транспорт жүйесінің бұзылуы, т.б. жағдайлар майданды жабдықтаудағы Қазақстанға назарды барынша аударды. Міне, сондықтан да «Қазақстанға республика ішінде ғана

емес, сонымен бірге Оңтүстік Орал мен Поволжьенің бірқатар аудандарын электр стансасы, өнеркәсіп орындары мен көлік қызметімен қамтамасыз ету міндеті жүктелді.

Жаңа жүйе енгізілді, кеншілер еңбектерінің төлемі кесімді-сыйақылы болды. КСРО ҒА-ның қызметкерлерін көмір өндірісінің технологиясын жақсартуға, Сібір, Орал және Қазақстанның ресурстарын ел қорғанысының мұқтажына жұмылдыру бастамасы үлкен көмек көрсетті. «Правданың» көшпелі редакциясы кеншілердің арасында үгіт-насихат жұмысын кеңінен өрістетті. Қазақстан Үкіметінің үндеуі арқылы республикада Қарағанды кеншілеріне қамқорлық көмек патриоттық қозғалысы кеңінен етек жайды. Соның нәтижесінде, 1942 жылы қазан айынан үлкен бетбұрысқа қол жеткізілді.

Забойлар желісінің ұзақтығы бойынша іс жүзінде екінші «жер асты» қаласы құрылды. Соғыс уақытының қиын жағдайларында «Қарағанды шахтақұрылыс» тресінің жұмысшылары жаңа 20 шахта мен 3 көмір разрезін тұрғызып, оларды іске қосты, нәтижесінде қосымша миллиондаған тонна көмір алынды. Қарағандының кеншілері, олардың ішінде Ж. Мұқанов, Б. Нұрмағанбетов, И. Нұров, шахта директорлары Т. Күзембаев, А.Г. Стаханов, инженер-конструктор С.С. Макаров, комбинат бастығы Г.Г. Спицин жан аямай еңбек етті.

Қазақстанның мұнай өнеркәсібі майдан мен тылды мұнай өнімдерімен жабдықтауда, әсіресе майдан шебі Волга (Еділ) мен Кавказға жақындап, Баку мұнайының елдің орталық бөлігіне тікелей шығуы уақытша кесілген кезде елеулі рөл атқарды. 1942 жылы жазда Баку мен Грозныйдың майдандағы армиямен теміржол байланысы үзілді. Волганың төменгі сағаларына да қауіп төнді. Осы қиын-қыстау жағдайларда Кавказдың мұнай өнімдерін майданға ұзақ айналма жолмен: Бау–Красноводск арқылы теңізбен, ары қарай Красноводск–Ашхабад–Ташкент–Орал–Сталинград арқылы теміржолмен жеткізуге тура келді. Мұнай өнімдерін жаппай тасымалдау үшін Ашхабад теміржол желісінің өткізу мүмкіндігі шағын болғандықтан, жағдай одан сайын ушыға түсті. Оңтүстік майдандағы армияның мұнай өнімдерінің қосалқы қоры тым мардымсыз болып шықты. МҚК-і мұнай өнімдерін Каспий теңізі арқылы барынша тезірек жеткізуді талап етті. Жанар-жағар майды Бакуден Гурьевке (қазіргі Атырау) дейін теңізбен, ары қарай теміржол және мұнай құбыры арқылы Гурьев–Орск бағытында майданға жіберу туралы шешім қабылданды. 1942 жылы тамыз айында Бау

мұнай өнімдерінің легі майданға Гурьев арқылы ағылды, ол Оңтүстік майдандардың маңызды торабына айналды. Шұғыл шаралардың ішінде Гурьевте мұнай өңдейтін зауыт салу қарастырылды. Зауыт құрылысы мен Большой Пешной–Гурьев–Орск бағытына мұнай құбырларын тарту үшін МҚК-і шешімі бойынша КСРО мұнай өнеркәсібі Халық Комиссариатының нұсқауымен құрылыс ұйымы жіберілді. «Әзмұнайқұрылыс» пен «Ембімұнайқұрылыс»-тың бірігуі негізінде ірі «Қазмұнайқұрылыс» тресі құрылды.

Мақат-Қосшағыл теміржол құрылысының, Петровский атындағы машина жасау зауытының екінші кезегі аяқталуы, мұнай құбырларының салынуы, Доссор, Құлсары, Гурьев электр стансалары қуатының өсуі республикалық мұнай өнеркәсібінің материалдық-техникалық базасын айтарлықтай нығайтты. Соның нәтижесінде, Қазақстан мұнайшылары соғыс жылдарында 4317,2 мың тонна мұнай өндіріп, майдан мен тылдың қажеттіліктерін біршама қанағаттандырды» [6, 497-498].

Қазақстанда осы мерзімде бірте-бірте аса қажетті соғыс өнімдерін шығаратын зауыттардың саны арта түсті. Осылардың қатарында Ақтөбе рентген зауыты болды. Өндіріс орны «1942 жылдың ақпанынан өз өнімдерін шығара бастады. Орналасқан жерлері суық, жұмыс алаңының тар болуына қарамастан, жұмысшылар еселі еңбек етті. Станоктардың жанында маманданған жұмысшылар (Мәскеуден 150 адам келді) қажетті өнім шығарумен айналысты. Зауыт медициналық рентген аппараттарын, атап айтқанда: жорықтық, алып жүретін және стационарлық диагностикалық түрлерін шығарды. Олардың барлығы майдан шебінде және тылда орналасқан госпитальдарға, Қызыл Армияның Бас санитарлық басқармасына тапсырылды. Әскери өнімнің негізгі түрі – Қызыл Армияның саперлік бөлімдеріне арналған ПМ-1, ПМ-2 бүлдіру машиналары (саперлық бөлімдер мен партизан отрядтарына арналған)» [7].

Өндіріс әкімшілігі мен ұжымның мақсатты да қажырлы еңбектерінің нәтижесінде, «1942 жылы зауытта 3800 мың рубльдің орнына 7645 мың рубльдің тауарлы өнімі өндірілді немесе тапсырма 131,8%-ға орындалды» [8].

Аталған уақытта Қазақстандағы қорғаныс кәсіпорындарындағы жұмысшылардың белсенділіктері де еселеп артты. «Ақтөбе механикалық зауытының ұжымы 1942 жылдың 23 қыркүйегінде өткен жиында жылдың аяғына дейін екпінді жұмыс айлығына қосылу шешімін қабылдады. Атап айтқанда, құрастыру цехы осы

жылдың 30 қыркүйегіне дейін қорғаныс тапсырмасын орындау міндеттемесін қабылдады. Қорғаныс тапсырмасын орындау үшін зауыт қыркүйек және қазан айларында 5 рационализаторлық ұсыныс жасауға шешім қабылдады...

Нәтижесінде, қыркүйек айындағы алғашқы бес күндіктің жоспары 107%-ға орындалды» [9] деген деректерден білуге болады.

Осындай өндіріс орындарының қатарындағы «Ақтөбе авиашеберханасының ұжымы 1942 жылдың күзінде Сталинград түбіндегі шешуші ұрыстар кезінде 30 ұшақ пен 160 авиация моторларын жөндеуден өткізді. Ақтөбеде танкіге қарсы жаққыш қоспа өндіру басталды. Осы мерзімде «Ақтөбемұнай» тресіндегі мұнай өндіру 1940 жылмен салыстырғанда 4 есе артты».

Қазақстанның жүк тасымалдау орындарының жұмысы соғыс техникалары мен әскер бөлімдерін майданға жеткізу мақсатында толығымен қайта құрылды. Себебі, біріншіден, майданның сұранысы еселеп арта түсті. Елдің шығысы мен Батыс Сібір аймағындағы қорғаныс зауыттарының өнімдерін майданға жылдам әрі кідіріссіз жеткізуде Қазақстан теміржолына үлкен жауапкершілік жүктелді. Осылардың ішінде майданға жанар-жағар май, қорғаныс зауыттарына шикізат жеткізу мемлекеттік қажеттілік болып қалыптасты. Сондықтан да «1942 жылы Қарағанды жолы арқылы мыс кенін тасымалдау 1941 жылмен салыстырғанда 4 есеге, ал көмір тасымалы 1,4 млн тоннаға өсіп, жалпы алғанда 7 млн тоннаны құрады. Жолдың жүк алып жүру мүмкіндігі 1940 жылғы 257 вагонмен салыстырғанда, 1942 жылы 1072 вагонды (күн сайын) құрады.

1942 жылғы маусымдағы бүкілодақтық жарыс жеңімпаздарының қатарында Түрксібтің шар бөлімшесі аталды. Ұжымға ең жоғары награда МҚК-ның ауыспалы Қызыл Туы табыс етілді. Қазақстандық магистральдардың ондаған бригадасы Халық Комиссариатының ең озық кешенді бригадасы атағын жеңіп алды [4, 441]. Осы мерзімде «Шығыс Қазақстан облысында майандағы кавалериялық және артиллериялық әскер бөлімдерін аттармен қамтамасыз етуде жоспарлы жұмыстар атқарылды. Атап айтқанда, 1942 жылдың соңында майдан қажеттілігіне облыс шаруашылықтарынан 1276 бас жылқы жіберілді» [10].

Республиканың ауылшаруашылығы да толығымен майданның сұранысын қамтамасыз етумен айналысты. Ауылшаруашылық еңбеккерлерінің негізін жасөспірімдер, әйелдер мен қарттар құрады. Ауылшаруашылығы техникаларының түгелге жуығы,

оның ішінде трактор, автомобильдер, жүк аттары Қызыл Армияның қажеттігіне алынды. Жұмыстың басым бөлігі қол күшімен істелді. «Қазақстанның колхозшы шаруалары аса күрделі жағдайларда еңбек етті. Егістікте жұмыс істейтін жарты миллионға жуық еңбеккер, оның ішінде 26 мың тракторшы майданға аттанғанына қарамастан, қазақстандықтар мемлекетке 100 млн пұттан асатын немесе еңбекке жарамды бір колхозшыға шаққанда, 79,6 пұт астық берді.

1942 жылдың қыс айынан мал шаруашылығының отарлық-жайылымдық тәжірибесі қайта жанданды. 1942 жылы Алматы облысы Холмогоровка селосының малшылары бүкілодақтық жарыстың бастамашылары болды. Қоғамдық мал шаруашылығын дамыту бойынша Қазақстан 1942 жылы барлық республикалардың ішінде бірінші орынды жеңіп алды; майданға және елге белсенді көмек көрсеткені және мал шаруашылығын дамытқаны үшін республикаға 1943 жылы 10 мамырда МҚК-ның ауыспалы Қызыл Туы тапсырылды. Ауыспалы Қызыл туды Ақтөбе, Гурьев (қазіргі Атырау) облыстары, Новобогат, Баянауыл және Қарқаралы аудандары алды.

1942 жылы республиканың егістік алқаптары жаңа тың жерлерді игеру есебінен 842 мың гектарға ұлғайып, КСРО егістік алқаптары жалпы өсімінің 30%-ын құрады. Қант қызылшасының егістіктері 29 мың гектарға, ал техникалық дақылдардікі 110 мың гектарға көбейді. Қазақ КСР-і елдегі қызылша егетін аудандардың біріне айналды. Соғыстың алғашқы жылында-ақ, 55 мың әйел механизатор мамандығын игерді. Соғыс жылдарында Батыс Қазақстан облысының Буденовка МТС-ында жұмыс істеген П. Ангелинаның әйелдерге «тракторға отырыңдар» деген үндеуі үлкен маңызға ие болды. 1942 жылғы көктемгі егіске 13 мың тракторшы әйел қатысты, яғни бұл республиканың барлық тракторшыларының 50%-ы еді. Әйелдер трактор бригадаларының жарысына 194 бригада қатысты. 1942 жылы республика 84,3 млн пұт астық дайындады (1941 жылы 103,6 млн пұт). Республика мемлекетке 160 мың тоннаға жуық ет, яғни колхоздар мен совхоздардың 12,5% малын өткізді» [6, 441-442].

Республиканың партия ұйымдары ауылшаруашылық еңбекшілерінің белсенділігін арттырып, бір мақсатқа жұмылдыруда жүйелі жұмыстар жүргізілді. Мысалы, «Қазақстан К(б)П Ақтөбе облыстық комитетінің бюросында 1942 жылдың астығын жинауға дайындық кезінде атқарылатын бұқаралық-саяси жұмыстары туралы арнайы шешім қабылдады. Облыс және аудан орталықтарынан саяси жетекшілер ретінде 500-ден астам адам жіберілді. Облыстың

бес ауданының дала қостары, астық жинау орындарында 2 мыңнан астам дәріс оқылып, баяндамалар мен әңгімелер өткізілді» [11].

Міне, осылай Қазақстанның тыл еңбеккерлері Ұлы Отан соғысының аса сынды кезеңі – 1942 жылы ортақ жауды талқандап, жеңісті жақындатуға өзіндік үлес қоса білді.

Яғни елге қауіп төнген соғыс жылдарында Қазақстан халқының жоғары патриотизмі мен бір мақсатқа жұмыла білуі, өзара түсіністігі, Отан үшін жұмыла еңбек етулері бүгінгі ұрпағымызға үлгі болатын Қазақстан тарихының айшықты кезеңі екендігі айғақ.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. АОММ. 13-қор, 11-тізбе, 252-іс, 2-п.
2. ШҚОММ-ның Риддер филиалы. 53-қор, 2-тізбе, 34-іс, 13-п.
3. ШҚОММ-ның Риддер филиалы. 53-қор, 4-тізбе, 10-іс, 7-п.
4. ҚОММ. 1-қор, 2-тізбе, 284-іс, 28-29 пп.
5. ҚОММ. 676-қор, 1-тізбе, 2-іс, 177-188 пп.
6. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 4-том. - Алматы: «Атамұра», 2010. 752 б.
7. АОММ. 13-қор, 10-тізбе, 319-іс, 3,8 пп.
8. АОММ. 13-қор, 11-тізбе, 361-іс, 1-п.
9. АОММ. 13-қор, 11-тізбе, 368-іс, 24, 25 пп.
10. ШҚОММ. 1-қор, 7-тізбе, 2204-іс, 2-п.
11. АОММ. 13-қор, 11-тізбе, 92-іс, 26-28 пп.

Ұлы Отан соғысы жылдары Қазақстанда жасақталған ұлттық әскери құрамдар

Роллан ҚАРАТАЕВ,
ҚР Әскери ғылымдар академиясының толық мүшесі, әскери ғылымдарының докторы, доцент

Ұлы Жеңістен кейінгі 70 жыл ішінде соғыс тарихына қатысты мыңдаған кітаптар мен мақалалар жазылды, жүздеген ғылыми еңбектер аударылды. Мұндай жұмыстар әлі де жалғасын табу үстінде. Жыл өткен сайын соғысқа қатысты көзқарас өзгеріп келеді. Бұрын зерттеушілердің қолы жетпеген, соңғы жылдары табылған мұрағат деректері соғыстың тарихи маңызы мен нәтижесіне қатысты қайшы пікірлер тудырып отыр. Қайсыбіреулер табылған құжаттарды терең зерделемей, шынайы соғыс тарихын өз пайдасына бұра тартса, екіншілері жаңа, тың деректерді көзге ілмей, соғысты сталиндік кезеңдегі бағалаудан танбай отыр. Ал, үшіншілері болса, соңғы деректерге сүйеніп, оларды қолдағы бар құжаттармен салыстыра отырып, соғыс шындығын түсіндіруге, оны анықтауға талпыныс жасауда. Соңғысы, өте қиын міндет болғанымен, құрмет көрсетуге, қолдауға әбден лайық. Оның қиындығы, кезінде Сталин соғыс жылдарында КСРО 7 миллион адамынан айрылды деп мәлімдеген болатын. «Жылымық» кезеңінде 20 миллион, ал қайта құру кезеңінде 27 миллион адам құрбан болды делінді. Қазіргі деректерде 37 млн (зерттеуші Б.Соколов), тіпті 46 млн-ға дейін адам (ғалым Е.Васильев) қаза тапты деп айтылып жүр. Осы пікірлердің қайсысы дұрыс, қайсысы бұрыс екендігін анықтау қиын. Міне, осындай обьективті бағалауды талап ететін даулы мәселелер көптеп саналады.

Қайшы пікір тудырып отырған мәселелердің бірі славяндардан басқа халықтардың бойында патриотизм, Отанына деген

сүйіспеншілік сезімдері болған жоқ деген, олардың ерлік істеріне күмәнмен қарайтын пікірлер кездеседі. Сондай-ақ олар Қызыл армия қатарына күшпен тартылды, сондықтан фашистік басқыншыларға қарсы күресуге мәжбүр болды деген ой-пікірлер қалыптасып келеді.

Ұлы Отан соғысы жылдарында «Қазақстанда қанша ұлттық әскери құрам құрылды және олар неліктен жасақталды?» деген мәселеге мерзімді баспасөз материалдарын, сонымен бірге мұрағат құжаттарын қолдана отырып, өз пікірімізді айта кетсек, артық болмас деп ойлаймыз.

Қазақстанда ұлттық әскери құрам жасақтау бастамасы 1941 жылдың күзінде, яғни үлкен шығынға ұшыраған Қызыл армияның кері шегінуіне мәжбүр болған кезінде көтерілді. Жеңіліске ұшырау қаупі шындыққа айналуы әбден мүмкін еді. Әскери құрамға жаңа күш, қару-жарақ пен техника қажет болды. Осы жағдайда жауға қарсы күресте қосымша күш пен қару-жарақты жұмылдыру жөніндегі қазақстандықтардың көтерген бастамасы болып жатқан оқиғаға көрсеткен нақты әрекеттер еді. Республикада КСРО Қорғаныс наркоматының жоспарына сәйкес жұмылдыру жұмыстары жүргізілген болатын. Қазақстандықтардың көтерген бастамасын большевиктер партиясы мен кеңес үкіметі дереу қолдап әкетті. Олар ұлттық әскери құрамдардан майдан шептерін одан әрі күшейту жолдарының бірін көрді. Қазақстандық зерттеушілер бөлімдер мен бөлімшелерді жинақтау, басқарушы-саяси кадрларды дайындау және бөлу, жеке құрамды оқытуды ұйымдастыру, ұлттық құрамды барлық қажетті заттармен қамтамасыз ету, жасақтау бойынша жергілікті, партия мен кеңестік органдардың жүргізген ауқымды жұмыстарын өз еңбектерінде жан-жақты қарастырды [1]. Осы арада ұлттық әскери құрамдар басқа да аймақтарда – Балтық маңы елдері [2] мен Кавказ елдерінде [3] және Орталық Азияда [4] құрылғанын айта кеткен жөн. Бүкіл ел ауқымы бойынша Екінші дүниежүзілік соғыста жасақталған ұлттық әскери құрамдар туралы Н.А. Кирсанов, А.П. Артемьев, И.З. Захаров және т.б. зерттеушілердің [5] еңбектерінен көруге болады.

Жоғарыда аталған және басқа да еңбектерді талдау барысында зерттеушілер арасында «Ұлттық құрамға қандай бөлімдерді жатқызуға болады?» деген мәселеде ортақ пікір жоқтығын көреміз. Мысалы, тарихшы Х.Ш. Иноятов 4-ші гвардиялық атқыштар бригадасын қырғыздікі [6] десе, Ю.И. Кораблев пен Г.А. Куманов 38-

ші атқыштар дивизиясы қазақ дивизиясы [7] деген пікірді ұстанады. Зерттеуші Н.И. Матюшкин де 310, 314-ші атқыштар дивизиясын қазақ дивизиясы деп атайды [8]. Онымен келісуге болмайды, өйткені барлық осы құрамдар ұлттық емес, жалпыодақтық, көпұлтты құрамдар болып құрылған. 4-ші гвардиялық атқыштар бригадасы – бұл бұрынғы 38-ші атқыштар бригадасы [9]. Ол 34, 35, 36, 37, 39, 40, 74 пен 75-ші атқыштар бригадасы сияқты Мемлекеттік қорғаныс комитетінің (МҚК) қаулысына сәйкес 1941 жылдың 10 қазанында Орталық Азияда жасақталды [10]. Ал осы аймақта ұлттық бөлімдер құру туралы шешімді 1941 жылдың 13 қарашасында (яғни кейінірек) МҚК-і қабылдаған болатын. Ал 38, 310 және 314-ші атқыштар дивизияларына келетін болсақ, олар шын мәнінде Қазақстанда (310 мен 314-атқыштар дивизиялары 1941 жылдың шілде-тамыз айларында, 38-ші дивизия 1941 жылдың соңына қарай), бірақ КСРО Қорғаныс наркоматының одан ертерек бекітілген жоспарына сәйкес жалпыодақтық құрам ретінде құрылды [11].

Соғыс жылдарында жасақталған ұлттық құрамдардың саны туралы да ортақ пікір жоқ. Мәселен, Н.А. Кирсанов Орталық Азия республикалары мен Қазақстан жерінде 29 ұлттық құрам құрылды десе, Е.Е. Мальцеваның жалпы редакциясымен шыққан авторлар ұжымы монографиясында 32 ұлттық құрам, соның ішінде 15 кавалериялық дивизия мен 17 атқыштар бригадасы көрсетілген. Кавказ елдері бойынша да осындай әрқилылықты көруге болады. Мәселен, А.П. Артемьев 10 ұлттық құрам бірлестігі құрылды десе, Х.М. Ибрагимбейли – 11, Н.А. Кирсанов – 14, К.В. Цкитишвили 18 ұлттық құрамды көрсетеді [12].

Біздің ойымызша, пікірлердің әрқилылығы жалпыодақтық бірлестіктерді ұлттық деп, немесе керісінше атауға жол бермейтін «ұлттық әскери құрам» түсінігін дәл беретін анықтаманың жоқтығымен байланысты. Бұл ұғымға анықтама беру талпыныстары болғанын айта кеткен жөн. Сонау 1927 жылдың өзінде кеңестік тарихшы И. Дубинский: «Кеңес Республикаларында жасақталған және бір ұлттан, яғни өз ана тілінде сөйлейтін азаматтардан тұратын әскери құрамдарды ұлттық құрам деп айта аламыз», – деп жазған еді. В.И. Савченко: «Кеңес әскерінің ұлттық құрамдары – Кеңес одағы құрамындағы республикалар азаматтарынан жасақталған бөлімдер мен бірлестіктер, оның үстіне, онда соғысқа дайындық, саяси және мәдени-бұқаралық жұмыстар орыс тілімен қатар осы

республикада тұратын жергілікті ұлт тілінде бірдей жүргізілді», - дейді. Кеңес әскери энциклопедиясының 5-томында: «КСРО Қарулы Күштеріндегі Ұлттық құрамдар – жеке құрамның ұлттық белгілері бойынша жасақталған бірлестіктер мен бөлімдер» деген анықтама берілген [13].

Осыған орай осы дефинициялардың барлығында ұлттық құрамды анықтаудың негізгі критерийі ұлттық құрамның ұлттық белгілері болып табылады. Біздің ойымызша, соғысқа дайындық пен саяси-тәрбие беру жұмыстарын ұлттық (ана тілі) тіл секілді белгілерімен күшейтсе де, бұл жеткіліксіз. Ал 196- мен 195-ші атқыштар дивизияларын қазақ дивизиясы (сәйкесінше 80 және 50-ден астам пайызы қазақтардан тұрды) деуге болады [14]. Бұл дивизиялар Қазақстанда емес, Чкалов облысында жасақталған деген қарсы пікір айтуға болар. Бұл дұрыс та шығар. Бірақ Балтық маңы елдеріндегі ұлттық құрамдар да (олардың этникалық шығу тегі жөнінде дауымыз жоқ) КСРО-да жасақталды емес пе?! Сол сияқты 390-шы армян атқыштар дивизиясы Арменияда емес, Қырымда құрылды. Осыдан шығатын қорытынды, бөлімдер мен бірлестіктердің аумақтық белгілері қабылданбайды.

Біріншіден, барлық ұлттық құрамдар МҚК-нің шешіміне сәйкес дәл осы ұлттық құрам ретінде жасақталғанын (тиісті құжаттамалық қор бар) естен шығармау керек. Екіншіден, олар КСРО Қорғаныс Наркоматының жұмылдыру жоспарынан тыс Кеңес республикасының адамдары мен материалдық қоры есебінен толық немесе ішінара құрылды. Бұл – елеулі көрсеткіш. Осындай ерекшеліктерін ескерсек, 196-шы атқыштар дивизиясы мен басқа да дивизиялар қазақтікі емес, өйткені олар жұмылдыру жоспарына сәйкес құрылып, КСРО Қорғаныс наркоматының желісі бойынша қамтамасыз етілді. Ал ұлттық құрамдар ерікті түрде тек республикалардың ішкі қоры есебінен жасақталды.

Осы айтылғандардан мынадай анықтама шығады: «Ұлттық құрамдар – КСРО Қорғаныс наркоматының жұмылдыру жоспарынан тыс ұлттық республикалардың азаматтары мен материалдық қоры есебінен жеке құрамның ұлттық белгілері бойынша құрылған бөлімдер мен бірлестіктер».

Бұл анықтамаға қазақстандық үш кавалериялық дивизия (Өскеменде жасақталған 96-, Жамбылда жасақталған 105- және Ақмолада жасақталған 106-шы дивизиялар) және екі атқыштар

бригадасы (Алматыда құрылған 100- және Ақтөбеде жасақталған 101-ші бригадалар) сәйкес келеді [15]. Зерттеушілердің бірде-бірі олардың ұлттық құрамына күмән тудырмасы анық.

Бір қарағанда олардың саны аз көрінеді. Оның себебі, біріншіден, Қазақстан тұрғындарының басым көпшілігін қазақтар құраған жоқ, осыған байланысты оларды жұмылдыру мүмкіндіктері шектелді. Екіншіден, соғыстың алдында қазақтардың көпшілігі КСРО Қорғаныс наркоматының жұмылдыру жоспарына сәйкес Қызыл армия қатарына (жалпыодақтық құрамға) шақырылған болатын. Үшіншіден, қазақ құрамдарын жасақтаудың өзі олардың санынан маңызы әлдеқайда зор.

Осы жерде «Балтық маңы мен Кавказ елдерінде ұлттық атқыштар дивизиялары жасақталып жатқанда, неге қазақ құрамдары кавалериялық дивизиялар мен атқыштар бригадалары болып құрылды?» деген заңды сұрақ туындайды. Біріншіден, МҚК-і Қазақстанда ежелден жылқы шаруашылығы жақсы дамығанын, ал қазақ жігіттері ат құлағында ойнайтын мықты шабандоз әрі құралайды атқан мерген екендіктерін есепке алды. Екіншіден, Ұлы Отан соғысы алдында әскердің қозғалу жылдамдығы мен ептілігін арттыру мақсатында, әсіресе жолсыз және орманды-сазды балшықты жерлердегі ұрыстарға дәл осы кавалериялық дивизиялар сай келді. Үшіншіден, атқыштар дивизиясынан гөрі атқыштар бригадасын жасақтауға уақыт әлдеқайда аз кетеді. Соғыстың алғашқы қиын кезеңінде осы фактордың маңызы зор болды. Төртіншіден, кеңес өкіметі азаматтық соғыс жылдарында ұлттық кавалериялық және атқыштар бірлестіктерін құруда белгілі бір тәжірибесі бар Қазақстанға сенім артты.

Ұлттық әскери құрам жасақтау жөніндегі хабар бүкіл республикаға тез тарады. Жеке құрамды жинақтау бойынша аса қиыншылықтар болған жоқ. Еріктілер көп болды. Мысалы, тек Қызылорда облысы Жаңақорған ауданының өзінен соғысқа сұранған 330-дан астам өтініш келіп түскен [16]. Семей облысында 3000 ерікті өтініш берді [17]. Десе де, жеке құрамды үйретуде көптеген қиындықтар кездесті, өйткені шақырылғандардың көпшілігі бұрын әскерде болмаған, әскери тәжірибелері жоқ, оның үстіне орыс тілін нашар білді. Оларды үйретуге, әсіресе қазақ тілін білетін басқарушы құрам жетіспеді. Мысалы, 100-ші атқыштар бригадасы офицерлерінің 65 пайызы және кіші басшы құрамының 74 пайызы ғана қазақтар

болды. Сонымен бірге формалы киім-кешектер, қару-жарақтар, оқ-дәрілер жетіспеді. Тек жылқының өзінен 16000 бас, 1153 арба, 490 автомашина қажет болды [18]. Ұлттық құрамды орналастыру мәселесі де өзекті болды. Қазақстанға елдің батыс облыстарынан кәсіпорындар, мекемелер, Қорғаныс наркоматының желісі бойынша жасақталған әскери бөлімдер, сондай-ақ әскери оқу мекемелері көшірілді.

Ұлттық бірлестіктерді құруда кездескен осындай қиындықтарға қарамастан, 1942 жылдың көктемінде оларды майдан шебіне жөнелтті. Қызыл Армия құрамына ұлттық құрамдарды қабылдау үшін арнайы комиссия құрылды. Комиссия олардың «жауынгерлік тапсырманы орындауға дайындығын» тексерді [19]. 101-ші ұлттық атқыштар бригадасын көруге келген Кеңес Одағының Маршалы К.Е. Жуков бригаданың жауынгерлік оқу деңгейіне жақсы пікір білдірді. Жауынгерлік дайындығын күшейтудегі табыстары үшін бригадаға 1942 жылдың 26 шілдесінде Қазақ КСР Жоғарғы Кеңес Президиуымының Қызыл Туы табыс етілді [20].

Дегенмен қазақ бірлестіктерінің барлығы бірдей майдан шебіндегі шайқастарға қатысқан жоқ. Өйткені 1942 жылғы соғыстағы іс-қимылдар тәжірибесі атты әскердің жаудың танкілері, авиациясы мен артиллериясына қарсы дәрменсіздігін көрсетіп, үлкен шығынға ұшырағанын көрсетті. Осы жағдайларды ескерген МҚК-і кавалериялық дивизияларды қысқарту жөнінде шешім қабылдады, ал оның базасында атқыштар дивизиясы құрылды. Кейін аталған дивизиялар жауынгерлік тапсырманы әлдеқайда табысты орындады. Осыған байланысты майдан шебіне келген ұлттық кавалериялық дивизиялары таратылды. Жеке құрамның бір бөлігі Сталинград аумағындағы кавалериялық дивизияның сиреп қалған қатарларына қосылып толықса, ал екінші бөлігі жаңадан құрылып жатқан дивизияларға жіберілді.

100- және 101-ші ұлттық дербес атқыштар бригадалары Қызыл Армия қатарына қабылданып, 1942 жылдың жазында Мәскеу облысы Бабушкино мен Ногинск аудандарына шоғырландырылды. 1942 жылдың күзінде 100-ші атқыштар бригадасы Калинин майданындағы 39-шы армия қолбасшысының қол астына түсті. 1942 жылдың 22 қарашасында генерал-майор Зыгин бригада командирі подполковник В.Е. Шевцовқа 1942 жылдың 22-сінен 23-іне қараған түні Шестаки, Молодой Туд, Дроздово, Появиловоның

оңтүстік-шығысындағы орманға бекініп, сол жерді қорғау жөнінде жауынгерлік бұйрық берді [21]. Бұйрық мерзімінде орындалды. Бұл бригаданың шайқасқа алғашқы қатысуы еді. Кейін, 3 желтоқсанда шабуылдау ұрыстарына қатысқан бригада 9 елді мекенді жау басқыншыларынан азат етті [22]. 20 желтоқсанда Калинин майданы штабының жарлығы бойынша автокөлікпен 200 шақырым жорық жасаған бригада 3-ші екпінді армия қолбасшысының қол астына түсіп, Великие Луки қаласының шығысынан 20 шақырым жерде орналасты.

1942 жылы 101-ші ұлттық дербес атқыштар бригадасы (командир-полковнигі А.И. Серебряков) алғашқы жауынгерлік тапсырманы орындады. 39-шы армия қолбасшысының бұйрығы бойынша бригада 1942 жылдың 29 қарашасынан 3 желтоқсанына дейін 81-ші танк бригадасының бөлімдерімен бірге 8 рет шабуыл жасап, Мишуково ауданындағы жаудың бекінісін басып алды [23]. 1942 жылдың 28 желтоқсанынан 1943 жылдың 21 қаңтарына дейінгі мерзімде бригада Урдомы ауданының оңтүстік-шығысындағы бір жарым шақырым жерде, Зайцевоның солтүстік-батысындағы атаусыз биіктіктегі 700 метрде қорғану шайқасына қатысты. Жаудың үлкен күшіне қарсы шыққан бригада 2462 гитлердің көзін жойып, көптеген қару-жарақ, винтовка, автомат пен пулеметті басып алып, аталған шепті қорғап қалды [25]. 22 қаңтардағы Калинин майданы қолбасшысының бұйрығы бойынша 3-ші екпінді армия қолбасшысының қол астына жіберілді.

Осы шайқастарда ерлік істер көрсеткен бригаданың көптеген жауынгерлеріне наградалар: ордендер мен медальдер табыс етілді.

Бұл кезеңде 3-ші екпінді армияның әскері (қолбасшысы генерал-лейтенант К.Н. Галицкий) Великие Луки ауданын қоршап алған фашистердің табанды шайқастарын тойтару тапсырмаларын орындады. 3-екпінді армияның басты міндеті неміс әскерінің оңтүстікке қарай бет алуына (Сталинград тағдыры шешіліп жатқан) жол бермеу үшін, ұзақ уақыт бойы белсенді іс-қимылдармен жаудың әскерін тырп еткізбей, жақын маңдағы неміс әскері бөлімдерінің резервін өзіне тарту болатын.

Ұлттық атқыштар бригадасының бүкіл жауынгерлік жолын сипаттауға мақаланың көлемі көтермейді. Тек олардың Великие Луки қаласы ауданында жау әскерін жоюға белсене қатысқанын, Невель қаласы үшін ұрыстарда ерлікпен шайқасқанын баса

айтқымыз келеді. Осы ұрыстарда 100-ші атқыштар бригадасының командирі, полковник Е.В. Воронков, комбриг орынбасары, майор Сақтаған Бәйішов, подполковник А. Баймулдин, капитан Р. Шарафутдинов, кіші лейтенант Ғ. Салықов пен басқалары ерекше көзге түсті. Ал Мәншүк Мәметова 101-ші атқыштар бригадасының мақтанышына айналды. Изоча стансасы маңындағы 173,7 биіктікте бөлімнен жалғыз тірі қалған пулемет бөлімшесінің командирі, кіші сержант М. Мәметова оқ жаудыруды үзбей, жүздеген гитлердің көзін жойып, сол жерде ерлікпен қаза тапты. Жауынгерлік тапсырманы орындаудағы көзсіз ерлігі мен батылдығы үшін, Шығыс әйелдері арасынан бірінші болып Мәншүк Мәметоваға Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Кейін Невель қаласы үшін жүргізген шайқастар жөнінде К.Н. Галицкий өз естелігінде: «Оның құрамында (100-ші бригаданың – автор) ерлікпен шайқасқан қазақ жауынгерлері көп болды. Бригада жаудың барлық шабуылдарына тойтарыс беріп, үлкен табандылық көрсетті», - деп жазды [25].

Дегенмен де соғыс кезінде ұлттық атқыштар бригадасы біртебірте сұйыла бастады. 1943 жылдың 7 желтоқсанында 6-армия қолбасшысының бұйрығымен 100-ші ұлттық атқыштар бригадасын 31-ші атқыштар бригадасына біріктіріп, 1-ші атқыштар дивизиясы құрылды. Бұл дивизия Калинин облысы, Батыс Украина мен Польшаны азат етуге қатысты, ұрыс қимылын Германияда аяқтады [26]. 1944 жылдың шілдесінің басында 101-ші ұлттық дербес атқыштар бригадасы таратылып, 1-ші Балтық елдері майданындағы 22-ші гвардиялық атқыштар корпусының бөлімшелерін толықтыруға жіберілді [27].

Ұлттық атқыштар бригадасын тарату себебі, біріншіден, жоғарыда айтылғандай, ұлттық бөлімдерді толықтыруға Қазақстанның жұмылдыру мүмкіндіктері шектеулі болатын. Екіншіден, 1942 жылдың екінші жартысында Қазақстаннан әскер қатарына Кеңес өкіметі жылдарында дүниеге келген және білім алған жас жігіттер шақырылды. Өйткені олардың алғашқы әскери дайындығы бар болатын. Олар Қорғаныс наркоматының жоспарына сәйкес шақырылып, ұлттық белгілері бойынша емес, майдандағы қажеттіліктерге сәйкес (бөлімдерді толықтыру мақсатында) орналастырылды. Үшіншіден, майдан шебі батысқа қарай ұзаған сайын, армияға түсу мүмкіндігі үлкен болды, демек, ұлттық

атқыштар бригадасына да басқыншылардан азат етілген ауданның адамдары түсіп, толығып отырды. Төртіншіден, шайқастарда шығынға ұшыраған бригадаларда қазақтардың саны азая түсті. Ұлттық атқыштар бригадасы бірте-бірте ұлттық құрамнан көпұлтты құрамға айнала бастады.

Жалпы, қазақ бөлімдері мен бірлестіктері қазақтардан құралғанына қарамастан, олардың құрамында орыс пен басқа ұлт өкілдері болды. Осы жағдай қазақ офицерлерінің жетіспеушілігінен туындады және де басқарушылық қызметтерге (әсіресе жоғары және аға басшылар құрамына) басқа ұлт өкілдері шақырылды. Қазақ офицерлері жеке құрамның жауынгерлік дайындығын көтеруге елеулі үлес қосқанымен де, ұлттық құрамға майдан шебіндегі қазақ офицерлерін кері шақыру бұл мәселені толығымен шешкен жоқ.

Кез келген жаңа іс секілді ұлттық әскери құрам жасақтаудың да жарқын сәттері мен кемшіліктері болды. Ол туралы М.Қ. Қозыбаевтың «Қазақстан – майдан арсеналы» монографиясында кеңінен жазылған (53-55-беттерді қараңыз).

Ұлттық құрамдардың кеңес халықтарының достығын одан әрі нығайтудағы саяси және практикалық маңызы болғанын баса айтқымыз келеді.

Тәуелсіз Қазақстан – көпұлтты мемлекет. Қазақстандағы қазіргі әскери құрылымда ұлттық құрам жасақтау үшін соғыс жылдарындағы ұлттық құрамдардың тәжірибесін оқып-үйренудің қажеттілігі бар ма деген сауалдың туындауы заңды да. Біріншіден, соғыс жылдарында туындаған бірқатар факторлар қазір жоқ десе болады. Екіншіден, қазір тұрғындардың жалпы білім алу деңгейі артып, әскерді жинақтаудың әлеуметтік және ұлттық қоры кеңейген жағдайда ұлттық құрамның қажеті шамалы. Үшіншіден, ҚР Қарулы Күштерін құру тәжірибесі Қазақстан әскерінің көпұлтты бөлімдері мен бірлестіктеріндегі барлық ұлт пен ұлыс өкілдері өз жауынгерлік парыздарын адал атқарып келетінін көрсетіп отыр.

Сонымен бірге соғыс жылдарында қазақ құрамдарын жасақтау тәжірибесі қосымша адам мен материалдық ресурстарды жедел әрі ұтымды табуды, жаңа басталған соғыс жағдайындағы әскери қызмет үшін оларды барлық қажетті заттармен қамтамасыз етуді үйретті. Мұндай тәжірибе бұрын-соңды әскерде қызмет етпеген, мемлекеттік тілді нашар немесе мүлдем меңгермеген адамдарды бөлімшелерге, бөлімдер мен бірлестіктерге бөлуді, оларды

жауынгерлік ұрыстарға жедел түрде ұйымдастыруды, соңғысы осы тәжірибе жеке құрамның ұлттық ерекшеліктерін ескере отырып, тәрбиелеу-құқықтық жұмыстарын қалай құру керектігін, қазақстандық патриотизм рухын қалай тәрбиелеу керектігін үйретті.

Осыған орай Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ең қиын кезеңінде қазақ халқы өз аумағында басқыншылық салдары болмағанына қарамастан, кемелділіктің, төзімділіктің үлгісін, Отан алдындағы парызға адалдығы мен бар қажыр-қайратымен өз жерін қорғауға дайындығын көрсетті.

Соғыс жылдарында Қазақстандағы жергілікті халықтың патриоттық сезімі мен Отанына деген сүйіспеншілігі жоғары болды. Оны ұлттық әскери құрам жасақтау жөніндегі бастамасынан, сондай-ақ оларды Отанды қорғау үшін майданға аттандыруынан көруге болады.

Сонымен, көпұлтты жалпыодақтық бөлімдер мен бірлестіктерге қарағанда ұлттық құрамдарды жеке құраммен, қару-жарақпен, жабдықтармен жасақтау Қорғаныс наркоматының жеткізу есебінен емес, республиканың ішкі қоры есебінен жүргізілді. Қысқа мерзім ішінде Қазақстанда құрылған ұлттық құрамдар әскери іс-қимылдарда белсене қатысқанымен, соғыстың аяғына дейін сақталмады. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде майдан шептерінде орын алған обьективті жағдайларға байланысты бұл құрамдар белгілі бір уақыт кезеңі ішінде таратылды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Абишев Г.А. Работа партии большевиков по воспитанию чувства патриотизма у воинов-казахов в годы Великой Отечественной войны 1941-1945 гг. – Алма-Ата: 1950. Белан П.С. 100-я казахская национальная стрелковая бригада в боях за Родину// Известия АН Каз.ССР. –1972. -№3. Кашкенбаев З.Ш. Военно-организаторская работа компартии республик Средней Азии и Казахстана в годы Великой Отечественной войны. – Алма-Ата: 1970. Козыбаев М.К. Казахстана – арсенал фронта. – Алма-Ата: 1970. Каратаев Р.Г. Опыт КПСС по созданию национальных войсковых формирований в республиках Средней Азии и Казахстане в годы Великой Отечественной войны 1941-1945 гг. – Алма-Ата: 1986.
2. Савченко В.И. Латышские формирования Советской Армии на фронтах Великой Отечественной войны. – Рига: 1975.

Ларин П.А. Эстонский народ в Великой Отечественной войне 1941-1945 гг. – Таллин: 1964. Борьба за Советскую Прибалтику Великой Отечественной войне 1941-1945 гг. В 3-х томах. – Рига: 1966-1969.
3. Геденидзе Д. По следам 414-й грузинской дивизии. – Тбилиси: 1966. Саркисьян С.М. 408-я стрелковая армянская дивизия в битве за Кавказ. – Ереван: 1966. Ибрагимбейли Х.М. Крах «Эдельвейса» и Ближний Восток. – М.: Наука, 1977. Бурназян Г.С. Участие национальных соединений закавказских республик в битве за Кавказ и в последующих операциях Красной Армии в Великой Отечественной войне 1941-1945 гг. – Ростов-на-Дону: 1967.
4. Джураев Т.Д. Узбекистан в дни великой битвы на Волге (1942, начало 1943 гг). – Ташкент, 1979. Керимбаев С.К. Советский Киргизстан в Великой Отечественной войне 1941-1945 гг. – Фрунзе, 1980. Базарова Р. Советский Туркменистан – фронту. – Ашхабад: 1978. Сечкина Л.П. Доблестные сыны Таджикистана на фронтах Отечественной войны 1941-1945 гг. – Душанбе: 1980.
5. Кирсанов Н.А. В боевом строю народов-братьев. – М.: 1984. Артемьев А.П. Братский боевой союз народов СССР в Великой Отечественной войне. – М.: 1975. Захаров И.З. Дружба, закаленная в боях. – М.: 1970.
6. Иноятов Х.Ш. Ленинская национальная политика в действии. – Ташкент: 1973. – С.251.
7. Кораблев Ю.И., Куманев Г.А. Братский союз народов СССР в Великой Отечественной войне // СССР – великое содружество народов братьев. – М.: 1982.
8. Матюшкин Н.И. Армия дружбы народов и пролетарского интернационализма. – М.:1982.
9. ҚМОМ, 1771-қор, 1-тізбе, 1-іс, 1 п.
10. ПА ТуркФИМЛ, 1-қор, 18-тізбе, 39-іс, 27 п.
11. Казахстан в период Великой Отечественной войны Советского Союза: Сборник документов и материалов в 2-х томах. Т.1. – Алма-Ата: 1964. – С.134, 135, 209, 577, 581.
12. Кирсанов Н.А. Аталған еңбекте. 68-б. Мальцев Е.Е. КПСС – организатор защиты социалистического Отечества. Изд. 2-е, доп. – М.: 1977. – С.214. Артемьев А.П. Аталған еңбекте. 47-б. Ибрагимбейли Х.М. Аталған еңбекте. 13-б. Кирсанов Н.А. Аталған еңбекте. – 72-б. Цкитишвили К.В. Закавказье в годы Великой Отечественной войны 1941-1945. – С. 180.
13. Дубинский И. Что такое национальные войска. – М-Л.: 1927. Савченко В.И.Названная работа. – С.12. Советская военная энциклопедия. В 8-ми томах. – Т.5. – М.: 1978. – С.552.
14. Артемьев А.П. Аталған еңбекте. 40-41-бб.
15. Қаратаев Р.Ғ. Аталған еңбекте. 206-б.
16. ПА КазФИМЛ, 708-қор, 9-тізбе, 1486-іс, 5-п.

17. Кашкенбаев З.Ш. Аталған еңбекте. 225-б.
18. Қаратаев Р.Ғ. Аталған еңбекте. 208-б.
19. ҚМОМ, 1907-қор, 1-тізбе, 1-іс, 36 п.
20. ҚМОМ, 1919-қор, 1-тізбе, 31-іс, 2 п.
21. ҚМОМ, 1919-қор, 1-тізбе, 1-іс, 1 п.
22. Белан П.С. Аталған еңбекте. 66-б.
23. ҚМОМ, 1919-қор, 1-тізбе, 1-іс, 2 п.
24. ҚМОМ, 1919-қор, 1-тізбе, 1-іс, 2 п.
25. Галицкий К.Н. Годы суровых испытаний. 1941-1945: Записки командарма. –М.: 1973. – С.336.
26. ҚМОМ, 1918-қор, 1-тізбе, 3-іс, 54 п.
27. Кирсанов Н.А. Аталған еңбекте. 102-б.

1941 жылы Белоруссияны қорғауға қатысқан қазақстандықтар

Қанат ЕҢСЕНОВ,
ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының аға ғылыми қызметкері, тарих ғылымдарының кандидаты

Кеңес Одағына бағытталған соғыстың ең алғашқы тұсы Брест қамалынан басталды. Оны қорғауға 30 ұлттың өкілінен құралған солдат, сержант пен офицерлер қатысты. Жау соққысына 6-шы, 42-ші атқыштар дивизиялары, 28-ші атқыштар корпусы, 33-ші инженерлік полк және 17-ші шекара отрядтары қарсы тұрды. Осылайша, Брест қамалын қорғаушылардың саны 3500 адамға жетті [1].

Брест шекара заставасын қаһармандықпен қорғаған шекара отрядтарының қатарында лейтенант А.М. Кижеватовтың басшылығымен 9-шы шекара отряды, лейтенант Ф.В. Мориннің басқаруымен 17-ші Рава-Русско шекара отряды, лейтенант А.В. Лопатиннің басқаруымен 13-ші Владимир-Волынский шекара отряды, подполковник Я.И. Тарутиннің басшылығымен Перемышль шекара отряды және тағы басқа шекарашылар болды.

Брест қамалын қорғаудағы Батыс майданның 4-ші армия, 6-шы және 42-ші дивизия бөлімдері, НКВД әскері мен Брест шекара отрядының ерліктері Ұлы Отан соғысы тарихының жарқын беттерінің бірі болып қалады. Неміс танкілері Минскіге өткеннен кейін де, қорғаушылар бір ай бойы қасықтай қаны қалғанша шайқасып, жау жағына берілмеді. Міне, осы шайқаста көрсеткен ерлік істері кейін «Батыр-қамал» атағын алуына себепші болды [2].

Брест қамалындағы шайқас. 1941 жыл, 22 маусым (фотосурет Брест қамалындағы мұражайдан алынды)

Отандық тарих ғылымдарының докторы, профессор Л.С. Ахметова 1941 жылы Брест қамалын қорғауға қатысқан қазақстандықтардың жалпы саны 514 адам болған деген дерек келтіреді. Осы дерекке назар аударсақ, олардың жалпы аттанған облыстары мен сандық көрсеткіші мынадай: Алматы қаласы мен Алматы облысынан – 149, Талдықорған облысынан – 51, Жамбыл облысынан – 84, Семей облысынан – 85, Шығыс Қазақстан облысынан – 10, Солтүстік Қазақстан облысынан – 76, Ақтөбе облысынан – 15, Павлодар облысынан – 6, Оңтүстік Қазақстан облысынан – 4, Ақмола облысынан – 3, Торғай облысынан – 3, Жезқазған облысынан – 2, Көкшетау облысынан – 2, Қызылорда облысынан – 1, Қостанай облысынан – 1, Қарағанды облысынан – 1, Қазақстанда дүниеге келген, бірақ Кеңес Одағының басқа аудандарына әскер қатарына шақырылғандар – 10, әскери басшылықта – 8, Қазақстаннан деп көрсетілгендер – 3, барлығы 514 адамды құраған [3].

Брест маңындағы шекара отрядында алғашқылардың бірі болып соғысқа қатысқан қазақстандықтар: қатардағы жауынгер Амансейіт Мүсірепов, сержант Ғалиолла Әбдірахманов пен саяси жетекші Вячеслав Лобанов. Олар туралы соғыстан кейін бұрынғы шекара офицері С. Мартьянов былай дейді: «Үшеуі де Брест қамалы үшін шайқастың бірінші күні, таңда ұрысқа қатысты. Сол күні заставаның мұнарасында күзетте тұрған А. Мүсірепов келе жатқан жауға винтовка мен пулеметтен оқ жаудырып, өзі сол жерде оқ тиіп қаза

болады. В. Лобанов жетінші күні оққа ұшты, Ғ. Әбдірахманов болса, лейтенант Горбуновтың тапсырмасымен неміс парашютшыларымен шайқасқа түседі. Осы жерде аяғынан жараланып, жалғыз қалады. Кейін жергілікті елді мекенде жасырынып жүрген жерінде неміс басқыншылары үстінен түсіп, оның қашып құтылуына мүмкіндік бермей өлтіреді» [4].

Брест қамалын қорғауға қатысып, аман қалған және басқа да майдан соғыстарына қатысқан ардагер Ғаббас Жұматов өз естелігінде былай дейді: «Кең байтақ Отанымыздың батыс шекарасындағы Брест бекінісінің гарнизонында жаумен бетпе-бет кездестім. Тұтқиылдан шабуыл жасаған, өздерінен басым жау күштерін бірінші рет сезінген гарнизон жауынгерлері неміс-фашист әскерлерінің алғашқы соққысына қарсы ерлікпен тойтарыс берді. Соғыстың алғашқы сәттерінде-ақ, менің полктас достарым – өрімдей жас жігіттер таңғаларлық күш, қайтпас ерлік, берік рух, нағыз патриотизмді көрсетті. Көптеген жауынгерлер ерлікпен шайқасып, ұрыста қаза тапты. Олардың өмірі аңызға айналды.

Осыдан кейін полк штабының (204ГАП) бастығы И.А. Лукьянчиковтің басшылығымен басқа жауынгерлермен бірге кейін шегініп, Гомельдің түбіндегі Новобельск ауданына өттік. Осы жерде әскери борышын өтеп жүргендерді Белоруссияның ұрыс жүріп жатқан аудандарына майданға аттандыру үшін жаңа бөлім құрылған еді. Мен Бас Командованиенің резервтегі (БКР) 537-ші артиллерия полкына тап болдым. Осы топтың құрамында жүріп, кейін Мәскеуді қорғауға қатыстым» [5].

Брест қамалының Шығыс қақпасын аты аңызға айналған, командир П.М. Гавриловтің басқаруымен 42-ші атқыштар дивизиясы мен 44-ші атқыштар полкі қорғады. Осы полктің құрамында шығыс-қазақстандық жауынгерлер М.А. Москалюк, Г.Е. Носиков, И.Е. Черемeнов, алматылықтар Е.А. Качанов, С.Н. Лебедев, павлодарлық кіші лейтенант Ф.Д. Виволанец болған еді. Талдықорған облысынан келген лейтенант Қари Нұрғалиұлы Ибраев полктің бір ротасын басқарды. Ал пулеметшілер ротасы командирінің орынбасары, кіші лейтенант Н.Е.Игнатенко әскер қатарына Солтүстік Қазақстан облысынан шақырылған еді.

Брест қамалын қорғауға қатысқан 455-ші атқыштар полкіндегі қатардағы жауынгерлер А.Е. Проценко, А.С. Стародумов және Р. Ходатенко Солтүстік Қазақстан облысынан болды. Қамалды қорғаушылар қанды шайқасқа түскенде, жаудың күші басым

болғандықтан, олардың көпшілігі алғашқы күндері қаза тапты. Алматылық С.Н. Лебедев 30 маусымда жау әскері жақындап келгенде, жауынгерлермен бірге қамалдың казематына жасырынған. Осы жерді жау қоршап, жауынгерлерге ауыз су жетпей қиналғанда, ол бірнеше рет жасырынып шығып, Буг өзенінен су әкелген. Жау әскері казиматқа жеткенде, жараланып, өзінің екі жауынгер жолдасымен қоршаудан шығып, жүздеген шақырым жол жүріп, бұрынғы әскер құрамасына қосылған.

131-ші атқыштар полкінің құрамында Кобринск бекінісін қорғауға қатысқан қазақстандық қатардағы жауынгер А.П. Сопиков қарсы келген жау әскеріне зеңбірекпен оқ жаудырып, тойтарыс берген. Осы ерліктері үшін кейін олар «Ерлігі үшін» медальдарымен марапатталды.

125-ші атқыштар полкінің 3-ші рота командирінің орынбасары, кіші сержант, ұлты ұйғыр М.Н. Ниязов, И. Камалов және ұлты қазақ К.Иманқұлов әскери жауынгерлік ұрыстарын алғаш осы Кобринск бекінісінде бастады. Осы полктің жауынгері, жерлесіміз В.И. Фурсов (ҚазМУ-дің студенті) Оңтүстік қақпаны қорғауға қатысып, кейін Брест-Жабинка тас жолын қорғады [6].

Қасіретті соғысты өз көзімен көріп, қатысқандардың бірі Шығыс Қазақстан облысының азаматы Ф.И. Шлыков сол уақытта Әскери Кеңестің мүшесі, 4-ші армияның дивизия комиссары болған. Ол соғыстың алғашқы сәттерінде Брест қаласының солтүстік тұсында орналасқан аумақтан Брест қамалына материалдық бөлім ретінде 42-ші атқыштар дивизиясын қолдап, жау жағына оқ жаудырған [6, 25].

Соғыс жылдары Беларусь жерінде қайғылы аяқталған үлкен шайқастардың бірі – Новогрудск «қазандығындағы» ұрыс. Дәл осы жерде неміс генералы Гальдердің әскери тобы (немістің «Орталық» аталатын армиясының құрамалары) Қызыл армия әскерін сақина тәрізді жерде қоршауға алып, қынадай қырған болатын. Осы жерде қоршауда қалғандар соңғы оқтары қалғанша шайқасып, жанкешті ерлік көрсетті. Олардың ішінде 107-ші танк дивизиясының 237-ші мотоатқыштар полкінің жауынгері Багир Валиев (1921 жылы туған, Қазақстанның Светлое елді мекенінен) 1941 жылы 23 шілдеде Гродно қаласы Михайловщино селосының маңындағы шайқаста қаза тапты [6, 26-27].

Острошниц қаласының маңындағы ұрыста қазақстандық жауынгер А. Жұрымбаев немістің 3 танкісін өртеп, өзі сол жерде

жаудың оғы тиіп, мерт болады. Дәл осы шайқаста солтүстік қазақстандық артиллеристер А. Ревягин мен Г. Сеницкий де зеңбірекпен оқ жаудырып, немістің 2 танкісін жойды. Бірақ өздері қатты жараланып, саптан шығып қалды [6, 29].

Кричев қаласы маңындағы ұрыста қостанайлық А.С. Буковскийдің аты аңызға айналды. Танктерінен айырылған танк ротасының политругі, кейін жаяу әскермен бірігіп, жаумен күресін десант ретінде одан әрі жалғастырды. Ол немістің офицерін атып өлтіріп, туын қолға түсірген. Өкінішке орай, көп ұзамай әуеден шабуыл жасалып, жау бомбасының жарқыншағынан жараланып, қайтыс болады. Ол Могилев облысы, Климовичск ауданы, Полюшко деревнясында жерленген. А.С. Буковский шайқасқан 45-ші атқыштар корпусы да көп ұзамай қоршауға түсіп, көпшілігі қаза тапты. Одан құтылып, аман шыққандар өте аз болды [6, 33-34].

Тересполь бекінісі – Брест қамалының батыс жағын жауып тұрған қорғаныс. Одан шығатын жол Буг өзеніндегі көпірге апарады. Соғыс басталғанда, немістер осы жерге әскери техника мен жауынгерлерін топтастырды. Тересполь қақпасында 333-ші атқыштар полкінің казармасы орналасқан болатын. 1941 жылдың маусымның 21-інен 22-сіне қараған таңында полктің аға лейтенанты Потапов 1-ші взвод командирінің көмекшісі, лейтенант А.Ф. Нагановпен (Семейден әскери борышын өтеп жүрген) бірге кезекшілік атқарып тұрған. Тұтқиылдан шабуыл басталғанда, осы 333-ші полк әскері мен курсанттары А.Ф. Нагановтың басшылығымен Тересполь қақпасын жан аямай қорғады [7].

Соғыстың алғашқы кезеңінде Августовский шекара отрядында ұрысқа қатысқандардың бірі – солтүстік-қазақстандық В.Ф. Курбатов болды. Неміс әскері шекараны бұзып, заставаға басып кіргенде, ол пулеметімен оқ жаудырып, жаудың бетін қайтарады. Шекарашылардың кескілескен шайқасы үдей түсті. В.Ф. Курбатов жарақат алып, есінен танып қалады. Неміс әскері шекара шебін кесіп өтеді. Ол ауыр жарақат алған үш қарулас досымен – Борис Матвеев, Виктор Тихонов және Михаил Поганяевтармен бірге жау тылында қалады. Олар В.Ф.Курбатовты зембілге салып сүйрете отырып, жау тылынан сытылып шығады, кейін өздерінің әскери құрамасына қосылады [6, 19].

Соғысқа дейін Беластокта әскери борышын өтеп жүрген взвод командирі, кіші лейтенант Әди Шәріпов өзінің жауынгерлік жолын 2-Клетянск бригадасының құрамында бастады. 1941 жылы шілдеде

қоршауда қалған Ә. Шәріповтің әскери бөлімі Мухин ормандарында партизандық қозғалыстармен бірігіп, жауға қарсы шығады. Бригада, негізінен, Смоленск облысында, ішінара Брянск және Могилев облыстарында соғыс қимылдарын жүргізді. «Партизан отрядындағы Ә. Шәріпов жолдас өзін батыл, өжет және ержүрек командир-коммунист ретінде көрсетті. 1941 жылы қыркүйекте құрылған партизан қимылын ұйымдастырушылардың бірі Озернов жолдас отрядтың нығаюына, оны қаруландыру мен ұлғайтуға көп еңбек сіңірді. Отряд пен бригада жүргізген соғыс іс-қимылдарына қатысып, өз Отанының нағыз патриоты екенін дәлелдеді», - деп жазды бригада партия ұйымының хатшысы.

Осы бригаданың басқа да қазақстандық партизандары өздерін батыл, ержүрек жауынгерлер ретінде танытты. Олардың қатарында Ысқақ Өтебаев, Мәжит Мұқанов, Әбдіғали Төлегенов, Қабыш Ахметовтер де бар. Беласток маңындағы атты әскер бөлімдерінің бірінде әскери борышын өтеп жүрген лейтенант Жылбек Ағаділов 1-ші батальонның 2-ші ротасының әскери командирі болды. 1941 жылы 2 шілдеде Гродноның түбінде Ж. Ағаділов қоршауға түседі. Кейін қоршаудан шыққан Ж. Ағаділов еріктілердің тобымен партизан отрядымен бірігіп, Т.М. Коротченконың 2-Клетнянск бригадасының құрамына қосылады. Осы жерде ол эвакуациялауға үлгермей, жау тылында қалған Жамал Ағаділовамен бас қосады. Партизан отрядында Жамал қыз босанады. Жас ана мен сәби Майя жергілікті тұрғындар мен партизандардың ықыласына бөленеді. Отрядтың ірі 12 соғыс іс-қимылдарына қатысқан, ерлік істерімен көзге түскен Ж. Ағаділов өзін ұрысты басқара білетін басшы ретінде көрсетті. «Отрядта Ж.Ағаділов жолдас өзін, - деп жазылады жауынгерлік мінездемесінде, - тәртіпті, салмақты, моральдық жағынан сенімді командир екенін танытты». Ол Қызыл Ту орденімен және медальдармен марапатталды.

Ақтөбе облысы Ойыл ауданында туып-өскен Г. Синдеев қатардағы партизаннан взвод командиріне, кейін «Он үш» («Тринадцать») партизан құрамасы батальонының барлау бастығына дейін көтерілді. Оның жауынгерлік мінездемесінде былай жазылған: «Жолдас Г. Синдеев 75 немістің көзін жойды, 16 автомашина, 1 бронемашина мен 2 мотоциклді өртеп, жаудың 3 эшелонын әскерімен және техникасымен қоса рельстен тайдырған». Жауынгерлік ерліктері үшін Г. Синдеев Қызыл Ту орденімен және медальдармен марапатталды [8].

1941 жылы 26 маусымда Минск облысы Радошкивичи кентінің маңындағы ұрысқа Н.Ф. Гастелло мен А. Масловтың екі экипажы қатысады. Экипаж құрамында жерлесіміз Б. Бейсекбаев та болды. Осы шайқаста олардың ұшақтарына зеңбірек оғы тиіп, зақымданған ұшақтарын неміс танкілері шоғырланған тұсқа бұрып, жаудың үстіне құлайды. Өз өмірлерін қию арқылы дұшпанның негізгі күшін жойып, едәуір шығын келтіреді. Н.Ф. Гастеллоға қаза тапқаннан кейін Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Кейіннен, 90-жылдардың соңына қарай тарихи шындық қалпына келтіріліп, Б.Бейсекбаевқа Ресейдің Батыры және Қазақстанның Халық Қаһарманы атағы берілді [8, 151].

1941 жылы 25 маусымда Беларусь жеріндегі Шепетов шекара отрядында әскери борышын өтеп жүрген батыс-қазақстандық И.И. Мергалиев Слоним қаласының маңында неміс әскері мотоциклінің даусын естиді. Олар неміс барлаушы отряды болатын. И. Мергалиев жаралы солдаттарды өткізіп жіберіп, келе жатқан жау барлаушыларын қолындағы пулеметімен, винтовка және гранатасымен бөгеуге жалғыз қалады. Ол көпір маңында аса жақсы бекініп, асқан дәлдікпен оқ жаудыруы нәтижесінде, 11 немістің көзін жойып, қалғандары кері қашуға тура келеді. Сол уақытта жаралы қаруластары командирге жетіп, болған жағдайды баяндайды. Нәтижесінде, И. Мергалиевке алты жауынгер көмекке келіп, олар оны таба алмай, өлдіге санайды. Бірақ ол тірі қалып, 65-ші атқыштар дивизиясына қосылған. Кейін соғысты лейтенант дәрежесімен аяқтап, 2 рет Қызыл жұлдыз, Кавалер орденімен және бірнеше медальдармен марапатталған [9].

Соғыстың алғашқы айларында жау қоршауында қалып, қаза тапқан қазақ жауынгері Хамит Исмағұловтың (Көкшетау облысында дүниеге келген) фотосуреті Беларусь Мемлекеттік Ұлы Отан соғысы мұражайының бір қабырғасында ілулі тұр.

Міне, осындай жауынгерлердің жарқын ерлігін қалай айтса да, мақтан тұтуға лайық. Тарихи деректерге сүйенсек, Беларусь жеріндегі шайқастарға қатысқан қазақстандықтардың ерліктері ешқандай күмән тудырмайды. Өйткені 1941 жылы баса-көктеп енген жау әскері өте күшті қаруланған, күші басым болатын. Соған қарамастан, барлық ұлттың жауынгерлерімен бірге қазақстандықтар да Белоруссияны табан тіреп қорғап, асқан батылдық көрсете білді. Осы жерді қорғаудағы ерліктері үшін мыңдаған қазақстандықтар медальдермен және ордендермен марапатталды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Героическая оборона: Сборник воспоминаний об обороне Брестской крепости в июне-июле 1941 г. – Минск: Беларусь, 1966. – С. 17.
2. История Второй Мировой Войны 1939-1945 гг. В двенацати томах. – Москва: Военное издательство министерство обороны СССР. 4-том. 1975. – С. 36.
3. Ахметова Л.С. Казахстанцы – защитники Брестской крепости. 22 июня 1941 г. (Исторические данные Л.С. Ахметова. 23.03.2015 г.)
4. Белан П.С. Казахстанцы в боях за освобождение Белоруссии и Советской Прибалтики (1941-1945 гг.). – Алма-Ата: Наука, 1988. – С. 13.
5. Жұматов Ғ. Мен өскен орта және өмірдің кейбір сәттері / Освободители. – 103-104-бб.
6. Казахстан-Беларусь: боевое братство / Г.К. Алдамжаров [и др.]; науч. Ред. А.М.Литвин. – Мн.: Ред. журн. «Служба спасения 01». Минск, 2005. – С. 23.
7. Шахов Н. Жертвенное мужество героев / Освободители. Азат етушілер: Воспоминания, очерки, статьи, документы / Сост. Л. Шашкова, Е. Грибанова, Г.Сарсенова, Л. Чумакова/ Пер. на. каз. яз. Ш. Айтмаганбетовой. Алматы: «Раритет», 2009. – 28-29-бб.
8. Қазақстан тарихы. Бес томдық. 4-том. – Алматы: «Атамұра», 2010. – 494-495-бб.
9. Казахстанская правда. 9 январь 1989 г. – С. 4.

Конституция – жаңарту факторы ретінде

Юрий БУЛУКТАЕВ,
ҚР Президенті жанындағы
Қазақстан стратегиялық зерттеулер
институтының бас ғылыми қызметкері,
саяси ғылымдарының докторы

Осыдан 20 жыл бұрын бүкілхалықтық дауыс беру арқылы қабылданған Конституция Қазақстанның қазіргі мемлекеттік құрылысының іргетасын қалады, демократия мен бостандық жолымен дамудың, қазіргі экономиканы құрудың берік негізіне айналды. Бүгінде Конституцияға құрмет көрсету, заңдарды бұлжытпай орындау қуатты, өркендеген мемлекет құрудың, сондай-ақ елдің әлемдегі беделін көтерудің маңызды шарты саналады.

Конституцияның саяси рөлі онда мемлекеттің (табысты дамып келе жатқан мемлекеттің) өмір сүруінің түбегейлі принциптері қалануымен байланысты. Ал мұндай дамудың негізі Конституцияны қатаң ұстану екендігі белгілі. Тәуелсіздіктің негізгі аспектілерінің бірі – биліктің тұтастығын қолдау қабілеттілігі конституциялық тәртіпте жүзеге асырылып отыр.

Конституция – мемлекет пен қоғамды басқарудың теориялық-әдістемелік және практикалық құралы. Осы Конституцияның шеңберінде Қазақстан ішкі тұрақтылығын сақтап, қамтамасыз етті, дамудың әлеуметтік берік қорын қалыптастырды, бәсекеге қабілетті экономиканы құрды. Мемлекет аймақтағы геосаяси тұрақтылық пен халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі маңызды міндеттерді жүзеге асыратын халықаралық қоғамдастықтың толыққанды әрі жауапты қатысушысы ретінде орнықты. Оның дәлелі – Қазақстанның ЕҚЫҰ мен ИЫҰ-ға төрағалық етуі.

Осыған байланысты Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың «тұрақтылықтан – жаңару арқылы – өркендеуге» деген тұжырымы еліміздің таңдаған даму стратегиясының өміршеңдігін айғақтайды [1].

Қоғамды жаңартудың маңызды факторы – ол дамудың жаңарту векторын ұсынуға қабілетті конституцияның болуы. Елдің Негізгі заңындағы жаңарту әлеуетінің бірқатар аспектілерін бөліп қарастырайық.

Біріншіден, саяси реформалаудың түрі ретіндегі жаңарту мемлекет қызметтерінің әлдеқайда кеңеюінен тұрады. Дәстүрлі қоғамда мемлекет өз ықпалын, негізінен, әскери істің қажеттіліктеріне, тәртіпті қолдауға, қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру мен салық жинауда жүргізсе, жаңа қоғамда мемлекеттің қызметі экономикалық саясатты жүргізуге және әлеуметтік, ақпараттық, басқа да қызметтер желілерін құру мен дамыту мақсаттарына қорларды қайта бөлуге де таралады [2].

1995 жылғы Конституцияда мемлекеттің осындай функционалдық рөліне арналған баптар аз емес. Конституцияның 1-бабында: «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен еркіндіктері» [3] делінген. Осы арада елдің Негізгі заңында жаңарту әлеуетінің үлкен екендігін көре аламыз.

Конституцияда мемлекет түсінігі әрқилы қырынан қарастырылады:

1. Конституция бойынша мемлекет – қоғамды ұйымдастырудың саяси түрі.

2. Конституцияда орныққан мемлекет демократиялық тұрғыдан сипатталады, яғни ол халықтың билігіне негізделген.

3. Конституция мемлекетті жоғары және жергілікті органдар жүйесі ретінде белгілейді. Осыған байланысты Конституция мемлекеттік биліктің барлық негізгі бөлімшелерін, басқару түрлері мен мемлекеттік құрылымды сипаттайды.

4. Конституция мемлекетке норма шығару міндеттерін жүктейді. Халық мемлекеттік биліктің көзі десек те, ол маңызды нормативтік актілерді қабылдай алады; ал ұлттық құқықтық жүйесін мемлекет әзірлейді.

5. Конституцияда мемлекет күштеу шараларын қолдану

монополиясына ие деген ереже бар, мемлекет қана билікке күштеу шарасын жүргізе алады. Қоғамның бірде-бір саяси институтында мұндай күштеу шарасы жоқ.

Қазақстан Республикасы қызметінің негізін қалайтын принциптер: қоғамдық келісім, саяси тұрақтылық, бүкіл халықтың игілігін көздейтін экономикалық даму, қазақстандық патриотизм, мемлекет өмірінің аса маңызды мәселелерін демократиялық әдістермен, оның ішінде республикалық референдумда немесе парламентте дауыс беру арқылы шешу.

Екіншіден, саяси жаңарту дегеніміз – бұрынғы билік құрылымдарын байыпты реформалау.

1995 жылғы ҚР-ның Конституциясында мемлекеттік билік «Конституция мен заңдар негізінде заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөлініп, олардың тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесін пайдалану арқылы өзара іс-қимыл жасау принципіне сәйкес жүргізіледі» деп бекітілген. Конституцияға сәйкес президенттік басқару жүйесі белгіленген. Өз легитимділігі демократиялық жаңарудың стратегиясымен байланысты президенттік институт саяси жүйені тұрақтандыру қызметін атқарады. Осы құрылымның басты даму элементі – конституциялық реформа емес, мемлекеттік қызмет институттарын реформалау, яғни құқықтық негізде оң әсер етуге қабілетті бюрократия құру. Осындай өзгерістердің келешектегі мақсаты қуатты демократиялық мемлекет құру болып табылады.

Халық алдында легитимді саяси режімнің негізгі және шешуші басымдығы – өтпелі кезең жағдайында саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету. Құқықтық сабақтастығынан толық ажыраған жағдайда президенттік билік мемлекеттің егемендігін іске асырады.

1995 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциясы қазақстандық парламентаризмнің дамуында жаңа белес болды. Ол жаңа парламенттік институттар мен формалары үшін маңызды конституциялық-құқықтық алғышаттар құрды.

Ең алдымен, Қазақстан тарихында алғаш рет Конституцияның 4-бөліміндегі баптарға сәйкес, заң шығару қызметтерін атқаратын және тұрақты негізде жұмыс істейтін сенат пен мәжілістен тұратын, жоғары уәкілетті органға айналған кәсіби екіпалаталы парламент құрылды.

Осыған байланысты 1995 жылғы Конституцияның саяси режімі өтпелі кезеңнің талаптарына жауап беріп, қоғамды жаңарту бағдарының тұрақтылығына жағдай жасады.

Міне, осы тарихи шеңберде қазақстандық конституционализмнің келешегі туралы мәселені қарастыруымыз қажет.

Қазақстанды президенттік республика деп жариялаған 1995 жылғы Конституция, сондай-ақ «Қазақстан Республикасының Парламенті мен оның депутаттарының мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы», «Сот жүйесі мен судьялардың мәртебесі туралы» конституциялық заңдар биліктің әрбір тармағының мәртебесі мен қызметтерін реттеудің талпыныстарын жасады.

Бұл, расында солай. Конституциялық реформалар уақыт талаптарына сай дамуға мүмкіндік береді.

Мәселен, 1998 жылы Қазақстан Республикасының Конституциясына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар сайлау мен партиялар жүйелерін жаңартуға бағытталған.

Еске түсіре кетейік, Қазақстанда Орталық Азия аймағында алғаш рет пропорционалды сайлау жүйесінің ережелері бойынша депутаттық мандатқа күресу құқығы берілді. Барлығы 10 орын болса да, партиялар электоралды алаңда өздеріне қажет партияаралық бәсекелестік тәжірибесін алды.

Осы арада «Конституцияны өзгерту керек пе?» деген сауал туындайды.

Оның жауабы конституцияны жетілдірусіз әлеуметтік-саяси даму мүмкін емес. Қазіргі конституциялық жүйелер – саналы таңдаудың ғана емес, сонымен бірге әртүрлі саяси режімдердің ұзақ тарихи дамуының өнімі. Олардың негізгі нұсқаларының әртүрлілігін осымен түсіндіруге болады. Конституциялар баптарын түсіндірудің жолы мен конституциялық реформалардың жолдары бар.

Конституционализмнің әлемдік тәжірибесі оның екі шекті қауіпті бағытын көрсетеді:

- икемді конституция (салыстырмалы тұрғыдан алғанда конституцияны жеңіл өзгерту мүмкіндігі);

- қатаң конституция: конституцияны ендіру кезінде туындайтын, өзгертуге мүлдем келмейтін, бірақ уақыт өте келе өзгерген әлеуметтік шынайылыққа сай келмейтін немесе биліктің күштеуімен телінген.

Бірінші бағыт конституциялық тұрақсыздыққа әкелсе, екіншісі қажетті әлеуметтік және саяси өзгерістерге тосқауыл қояды. Дегенмен екі бағыт арасындағы оңтайлы тепе-теңдікті іздеу

нәтижесінде, конституция қоғамды жаңартудың маңызды факторы болып шығады.

Осыған орай «Конституция қандай жағдайда жаңарту бағдарламасын атқарады?» деген сұрақ туындайды.

«Өзгермелі тип» аталатын елдің әлеуметтік-саяси дамуының тәжірибесі конституция өзінің өмір сүру басынан-ақ, біртекті емес екендігін көрсетті. Олар ондағы әлеуметтік бағдарламасымен – талпыныстарымен ерекшеленеді:

белгілі бір саяси құрылымды

- сақтау;
- өзгерту;
- немесе қайта өңдеу.

Мұндай «талпыныстардың» барлығын Конституцияға түзетулер енгізу арқылы жүзеге асыруға болады.

Конституционализм тарихында (конституционализмді принциптер, нормалар мен институттардың жиынтығы ретінде көрсетуге болады) конституцияға түзетулер (өзгерістер мен толықтырулар) енгізу құқықта белгілі бір саясат жүргізудің негізгі тәсілі саналады. Оған мысал ретінде АҚШ-тың Конституциясына, XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы Еуропаның монархиялық конституциясына либералды сипаттағы, сондай-ақ Францияның III Конституциясына ондаған түзетулер енгізу мәселесі бойынша қоғамның жікке бөлінуін айтуға болады. Еуропаның бірігуіне және конституциялық процеске жаңа әлеуметтік, ғылыми және техникалық сипаттағы құбылыстарды кіріктіру талпыныстарына байланысты Батыс Еуропа елдері түзетулер енгізу мәселесіне баса көңіл бөлді.

Қазақстандағы конституциялық жағдайдың ерекшелігіне келсек, мұнда ұлт құрудың кезеңін өткеріп жатқан елдің конституциясы жөнінде сөз болады. Мұндай жағдайда Конституцияларға түзетулер енгізу, айталық, тұрақты конституциялық демократия жағдайында ұсынылатын елдерден гөрі маңызды саяси рөлге ие және ол едәуір «техникалық рөлді» атқарады.

2007 жылы Қазақстанда елді одан әрі саяси жаңартуға бағытталған конституциялық реформа жүргізілді. Қазақстан Конституциясына Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы демократияландыру мен азаматтық қоғам мәселелері бойынша

Ұлттық комиссия қызметінің қорытындысы болған өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Сол тұстағы оқиғалар хронологиясын еске түсіре кетейік. 2007 жылдың 16 мамырында Мемлекет басшысы Н. Назарбаев Парламент палатасының бірлескен отырысында парламентарийдің қарауына қолданыстағы ҚР Конституциясына конституциялық түзетулер енгізу жобасын ұсынды. 2007 жылдың 18 мамыр күні Парламент «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңды қабылдады және ол 21 мамырда күшіне енді. Конституцияға түзетулер енгізілген соң, Парламент елдің қоғамдық-саяси жүйесінің заңнамалық іргетасы саналатын «Қазақстан Республикасының Президенті туралы», «Қазақстан Республикасының Парламенті мен оның депутаттарының мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы», «Қазақстан Республикасындағы сайлаулар туралы» бірқатар конституциялық Заңдар қабылдады.

Конституциялық реформа конституциялық заңдылығына қатысты көптеген заң шығару және нормативтік құқықтық актілерді, оның ішінде саяси партиялар мен үкіметтік емес ұйымдардың қызметі, адам құқығы мен бостандығы мәселелерін қозғады.

Конституциялық реформа неге жаңарту сипатын алды?

Жалпы, мұндай түзетулерді қабылдаудың мәні саяси либерализациялауды одан әрі жүргізу, қоғамдық және мемлекеттік мүдделер тепе-теңдігінің жаңа жүйесін құруда жатыр. Түзетулер Парламент рөлін арттыру үшін билік өкілеттіліктері мен жауапкершіліктерін қайта бөлу; саяси партиялардың рөлін күшейту; жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту; сот жүйесін жетілдіру; ұлтаралық келісімді қамтамасыз ету, Қазақстан халқы Ассамблеясын нығайту; азаматтық қоғам институттарын одан әрі жетілдіру; азаматтар құқығы мен бостандығын қорғау жүйесін дамыту секілді мәселелерді қарастырды.

Функционалдық, сондай-ақ ұйымдастырушылық салада да конституциялық өзгерістер жүрді.

Бірінші бағыт бойынша Президент өкілеттігінің бір бөлігі Парламентке берілді, Парламент алдында Үкіметтің жауапкершілігі артты, уәкілетті билік тармақтарын бақылау қызметтері күшейтілді, бірқатар мемлекеттік органдарды құруда заң шығару билігінің рөлі артты, Сенаттың өкілеттігі кеңейді, сайланбалы билік органдары өкілеттіліктерінің мерзімі теңестірілді.

Ұйымдастырушылық салада – екі палаталы Парламент депутаттарының саны ұлғайды, пропорционалды-мажоритарлы сайлаудан пропорционалды принцип сайлауға көшу есебінен Мәжілісті және сайлау механизміне Қазақстан халқы Ассамблеясынан квота қосылу есебінен Сенатты құру принциптері түбегейлі өзгерді. Фракциялық тәртіптерді күшейту шаралары қабылданды.

Қабылданған өзгерістер партиялық-саяси жүйені дамытуға бағытталған. Мәжілісте сайлаудың пропорционалды жүйесіне көшу заң шығару алаңын қалыптастырудағы партиялар мүмкіндігін күшейтті.

Парламенттің көпшілігімен Премьер-министрді тағайындау жөніндегі норма мен Үкімет басшысын тағайындау кезінде президенттің партия фракцияларымен консультациялары партиялардың рөлін арттыруға, сол арқылы биліктің үстінен азаматтық қоғамды бақылауды күшейтуге жауап береді. Осы норма Парламент пен Үкіметтің өзара жауапкершілігін арттырды.

2007 жылғы конституциялық реформаның жаңартулық сипаты төмендегідей:

- уәкілетті және атқарушы органдардың, оның ішінде аймақтық және жергілікті деңгейдегі өзара әрекетінің тиімділігі артты;
- олардың теңдігі мен өзара бақылау деңгейі ұлғайды;
- мемлекеттік басқару жүйесінің қабілеттілігі мен тұрақтылығы күшейді;
- мемлекеттік органдар қызметінің транспаренттілігі басқа сапаға ие болды.

Осылайша, жүйелі саяси жаңарту жүргізу үшін президенттік бағдар шеңберінде қабылданған конституциялық өзгерістер оны демократияландыруға, тұрақтылығы мен ашықтығына мүмкіндік бере отырып, бүкіл мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігіне оң ықпал етті. Бұл өзгерістер саяси жүйенің жаңа параметрлері мен векторын ұсынды, демек, елдің саяси тұрғыда дамуына жол ашты.

Осының бәрі Қазақстан Республикасының Конституциясы қоғамды саяси жаңартудың маңызды факторы екендігін айғақтайды.

Биылғы жылғы 26 сәуірдегі Республика Президентін сайлаудан кейін Мемлекет басшысының алғашқы қадамы Жаңарту жөніндегі ұлттық комиссия құру болды. Нұрсұлтан Назарбаевтың сайлауалды бағдарламасында көрсетілген 5 институционалды реформаны іске

асыру үшін Қазақстанның саяси, экономикалық және әлеуметтік өмірінің барлық саласында елеулі өзгерістер мен жаңартулар қажет [4].

Осыған орай қоғамда Парламент рөлін күшейтуге, мемлекеттік аппараттың транспаренттілігін жақсартуға, мемлекеттің қоғамдық өмірге белсене қатысуына және жергілікті өзін-өзі басқару рөлінің кеңеюіне қатысты конституциялық реформалардың оң өзгерістері көрініс алды. Сондай-ақ саяси жүйенің сапалы сипаты режім болғандықтан, оның қызметінде де жағымды өзгерістер күтуге болады.

Осыдан шығатын қорытынды, Конституция әлеуметтік-экономикалық және саяси реформалардың табысты кепілі болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Назарбаев Н.А. На пороге XXI века. – Алматы, 1996. 126-б.
2. Нечипоренко О.В., Нысанбаев А.Н. Россия и Казахстан в 21-м веке: опыт модернизационных реформ. Новосибирск: Нонпарель, 2005. 12-б.
3. Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы: Жеті жарғы, 1995.
4. На новом витке истории // Казахстанская правда, 7 мая 2015.

Конституция және сайлау тұрақтылықтың құралы мен қоғамдық келісімді білдірудің түрі ретінде

Венера ЖЕКСЕМБЕКОВА,
Қазақстан Республикасы Орталық
сайлау комиссиясының баспасөз хатшысы,
саяси ғылымдарының докторы, профессор

Сайлау – конституциялық түсінік. Бұл түсінік Қазақстан Республикасы Конституциясының 17-бабында кездеседі. Қазақстан Республикасындағы жоғары басқару және конституциялық билік органдарының басым бөлігі келесі 3 топқа сәйкес электоралды принциптер негізінде сайланады: 1) персоналды принциптер: а) барлық азаматтардың теңдігі; б) жалпылық принципі; в) жасырын сайлау принципі; г) еркін сайлау принципі; д) белсенді және пассивті сайлау құқығы принципі; 2) ұйымдастыру принциптері: а) тікелей сайлау құқығы принципі; б) сайлаудың баламалық принципі; в) сайлаудың мерзімділік принципі; г) сайлау процедураларының транспаренттілік принципі; д) сайлаулардың шынайылық принципі; 3) кепілдік және профилактикалық принциптері: а) сайлауға қатысушылардың, азаматтардың заңсыз іс-әрекеттеріне шағымдану принципі; б) сайлау заңнамасын бұзғаны үшін жауапкершілікке тарту принципі.

Елдегі тұрақтылық пен қоғамдық келісім электоралды үдеріс

кезіндегі конституциялық және заңнамалық реттеудің даналығы мен сайлау науқанының бұрмалаусыз, әділ және дұрыс өткізілуімен тікелей байланысты [1]. Немесе керісінше, сайлау барысын қажетті деңгейде конституциялық және заңнамалық түрде қалыптастырмау, сайлау заңнамасын бұзғаны үшін жауапкершілікке әкелетін ережелердің жоқтығы, сайлау кепілдіктері туралы құқықтық ережелердің дұрыс құрылмауы, сайлау дауыстарын жалған санау, заңсыз өткен сайлаудың қорытындысымен келіспеуі нәтижесінде, адамдарды наразылық көтерілістеріне шығуға мәжбүрлейді. Аталған көтерілістер өз кезегінде заңсыз саналып, қоғамдық күштердің бір-бірімен келісе алмаушылығынан қала (қалалар) көшелеріндегі жылжымайтын және жылжитын мүліктердің қиратылуы, адамдарды жаппай ұрып-соғу мен қантөгіске дейін баруы мүмкін.

1995 жылдан қазіргі күнге дейінгі сайлау науқанын өткізудің әлемдік тәжірибелеріне көз жүгіртсек, елімізде бұл кезеңнің басталуын 1995 жылдың 30 тамызында республикалық референдумда қабылданған, 20 жыл бойы қызмет атқарып келе жатқан ҚР-ның Конституциясымен байланыстыруға болады. Біздің талдауымыз бойынша 1995 жылдан бері Президенттерді, Парламент депутаттарын, жергілікті өкілетті ұйымдарды, жергілікті ұйымдар мен әкімшілік басшыларын сайлауда әлем бойынша 1700-ден астам сайлау науқаны өткізілген. Оның ішінде 1550-ге жуығы ешқандай көтеріліссіз, қақтығыссыз бейбіт түрде өткен. Өз кезегінде аталған сайлау науқандары негізгі және сайлау заңнамаларын, айта кетсек, ондағы тікелей, тең сайлау құқығы ережелерін сақтай отырып, құпия түрде өткізілгенін көрсетеді. Яғни сайлау әділетті өткенін білдіреді. Осылайша, Конституция, сайлау заңнамасы мен сайлаудың өзі қоғамдық келісім мен тұрақтылықтың айнасы десе болады [2]. Сонымен қатар БҰҰ Бас ассамблеясының сайлау мәселелері бойынша кейбір құжаттарда «сайлау – мүше-мемлекеттер арасында шешім қабылдаудың бейбіт құралы ретінде және ұлттық деңгейде сенімді арттыру үшін қолданылатынын, ал ол өз кезегінде бейбітшілік пен тұрақтылыққа әсерін тигізіп жүргенін» мақтанышпен айтуы кездейсоқ емес.

Соңғы жылдары Оңтүстік Америкада конституциялар, сайлау науқандары және сайлау заңнамалары тұрақтылық пен қоғамдық келісімдерге септігін тигізе бастады. Осыған орай, венесуэлалық

сарапшы А. Сальгейро құрлықта қалыптасқан электоралды-саяси жағдайды: «Халық әлеуметтік-саяси және экономикалық парадигмалардың өзгергенін қалайды және талап етеді», – деп сипаттайды. Бірақ олар бұл өзгерістердің «қақтығысты түрде емес, келісім аясында» өткенін қалайтыны анық. Бүгінде Латын Америкасы елдерін әртүрлі консерваторлар, солшыл радикалдар мен орталықшылар, әлеуметтік-демократтар және т.б. басқарады. Халық алдында тұрған сан алуан қиындықтарға сәйкес, сайлау барысында әр елдің электораттары әртүрлі идеологиялық бағыттағы саясаткерлерді сайлауға мәжбүр, ал бұл елдегі аумақтардың бірнеше бағытта қозғалуына әкелетіні сөзсіз.

Соңғы 20 жылда өткен 150-ге жуық сайлау науқаны қоғамды қанағаттандырмағандықтан, көптеген адамдар сайлау нәтижелерін жариялағаннан соң, алаңдар мен көшелерге шығып отырған. Оның себебі, оппозиция, бәсекелес партиялар мен үміткерлердің көзқарастары бойынша, боямаланған сайлау нәтижесі еді. Мысалы, 2012–2013 жылдары Африка құрлығында қоғамдық келіспеушіліктер бой көтергенін атап өтейік: біршама зорлық-зомбылық көрінісі бар бес көтеріліс, сайлауға мүлдем қатыспау туралы бір шешім, бес рет сайлауды белгісіз мерзімге ауыстыру, екі мемлекеттік төңкеріс, бес сайлау науқаны ғана бейбіт түрде өткен. Болып жатқан оқиғалар, негізінен, Африка құрлығының біраз бөлігіне тән [2].

Сайлауды ұйымдастырушылар сайлаудың қорытындысына әсер ететін жалған мәліметтер дайындаған жағдайда және оппозиция сайлаудың қорытындысымен келіспей, адамдарын көтеріліске алып шығып, соңынан қажетті тәртіпті қамтамасыз ете алмай, бақылауды жоғалтып алған жағдайда сайлау көтеріліспен аяқталуы мүмкін. Жалпы, наразылық іс-шараларында, әсіресе мемлекет рұқсат берген іс-шараларда қойылған талаптар орындалса, еш қарсылықсыз құқықтық іс-шараларға жатқызылады. Бірақ тәртіп бұзушылықтар орын алған жағдайда ол құқықтық сипатынан айрылады.

2012 жылдың 12 шілдесінде БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі комитеттің мәжілісінде Кения елшілері «2007 жылғы сайлаулар қантөгіспен аяқталғанын» мойындауға мәжбүр болды. Бұл қантөгістер әділетсіз өткен сайлаулардың ғана емес, Кениядағы ежелден келе жатқан этникалық қарама-қайшылықтарының нәтижесінде туындаған болатын.

Кенияда этникалық топтар арасында болған тәртіпсіздіктер 1000-нан астам адамның өлімі мен 600 мың адамның баспанасыз қалуына әкелді. Бұл Гаагадағы Халықаралық қылмыстық соттың назарына ілінді. Нәтижесінде, Кенияның жоғары шенді басшыларына 2007 жылғы наразылық іс-шараларын қантөгіспен тоқтатты деген айыптың орнына адамгершілікке қарсы қылмыс жасады деген айып тағылды.

Бақылаушылар Нигерияда өткен сайлауды (2011 ж.) әділ өтті дегеніне қарамастан, діни қақтығыстар орын алып, онда 500-ге жуық адам қаза болды. Оның себебі, қалыптасқан тәжірибеге сәйкес, ел басшылығына мұсылман мен христианның кезекпен келуіне қарамастан, президент болып екінші рет христиан діні өкілінің сайлануы еді. Елде мұсылмандардың 55 пайызы, христиандардың 40 пайызы өмір сүреді. Мұндағы басты мәселе Нигерия халқының бөлінуінде емес, ел басшыларының жалпы адамгершілік негізде тұлғалық қарым-қатынастар құра білмеуінде және оған ниетінің жоқтығы жатыр.

Осыған ұқсас сайлау Тайландта да орын алды. Елде 6 Премьер-министр ауысып, Конституция екі рет өзгертілді, екі әскери төңкеріс болды, сайлауға байланысты тәртіп сақтау қызметкерлері, жаппай қозғалыс мүшелері мен мемлекеттік қауіпсіздікті сақтау күштерінің арасында ауыр қақтығыстар орын алды, нәтижесінде 80 адам қайтыс болып, 120 адам жарақаттанды, барлығы 117 қасақана кісі өлтіру, 23 төбелес, 74 қорқыту мен ұрып-соғу, 18 жарылыс, 5 өрт жағдайы тіркелді. Бұл қайғылы көрсеткіштер өз кезегінде елдің сайлау өткізу құлқының жоқтығын, жауаптардың жалғандығын, конституциялық ережелердің сенімсіздігін көрсетті. Сайлау барысында жүргізілуі мүмкін заңсыздықтарға жол берілмеуі керек [2].

ТМД елдерінде де барлық сайлаулар өз деңгейінде өтті деп айтуға болмайды, наразылық шаралары мұнда да тіркелген. Оған Достастық мемлекеттердің (Әзірбайжан, Армения, Беларусь, Грузия, Молдова, Ресей, Украина) сайлау науқандарын мысал ретінде келтіруге болады.

2002 жылғы 7 қазандағы ТМД-ның Сайлау стандарттары туралы келісімшартында кейбір ережелер қарастырылмаған, кей жағдайларда олар принциптермен араласып, аумақтық сипатқа ие болып отыр. ЕҚЫҰ (Еуропа қауіпсіздігі және ынтымақтастығы

ұйымы) демократиялық сайлаулардың жалпыға бірдей ережелерін дайындауды жоспарлаған болатын, алайда аталған жұмыстар қазіргі кезде тек талқылану үстінде. Сондықтан сайлау барысы қандай болмасын елде халықаралық ережелерге сай немесе керісінше өтті деп талдау дұрыс емес. Осыған орай өткізілген сайлауларды халықаралық қағидаттарға сәйкес өтті деген дұрыс болар, себебі дәл осы қағидаттарды мемлекет сайлау өткізудің халықаралық міндеттемелері ретінде өзіне алады. Қазақстан Республикасы ЕҚЫҰ-ның өзге 57 мүшесі секілді осы қағидаттар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді алып, Конституциямен бекітіп, бұлжытпай орындап келеді.

Айта кетсек, тікелей сайлау құқығы, тең сайлау құқығы, жалпы сайлау құқығы, жалпы сайлау барысындағы құпиялық, белсенді және пассивті дауыс беру, сайлаудың балама түрлері, сайлаудың қайталанып тұруы, сайлау барысының ашықтығы, сайлау нәтижелерін бұрмаламау, азаматтардың, сайлауға қатысушылардың даулы жағдайлар болған жағдайда қайта қарауға өтініш білдіру мүмкіндігі, сайлау заңнамасы бұзылған жағдайда жауапкершілікке тарту принциптері өз алдына Қазақстан Республикасының конституциялық және әкімшілік сайлау құқықтарының негізін құрайды.

Көрсетілген қағидаттар Қазақстан Республикасының 3, 33, 41, 51, 86, 94, 95- және Сайлау туралы заңның 3-6, 8, 47-50, 51, 69, 85, 101-баптарымен бекітілген немесе мазмұнында кездестіруге болады [3]. Бұл қағидаттар халықаралық-құқықтық құжаттардағы қағидаттармен сәйкес. Ал 1948 жылғы 10 желтоқсандағы декларацияда «әрбір адам өз елінде мемлекеттік қызметке орналасуға құқылы» делінген [4]. «Халықтың қалауы әрдайым үкімет билігінің негізі болуы керек; бұл қалау әрдайым қайталанатын және әділ өтетін сайлаулардың нәтижелерінде байқалуы және бұл сайлаулар өз кезегінде құпия дауыс беру арқылы жалпы және тең деңгейде өтіп отыруы қажет» (21-бап). 1990 жылы 29 маусымда Копенгагенде өткен конференцияда: «Мүше мемлекеттердің жариялауы бойынша қайталанып отыратын әділ сайлауда білдірген халықтың қалауы әрдайым мемлекеттік биліктің негізін қалап отырады. Яғни мүше-мемлекеттер сайлауға қатысып, өз қалауын білдірген және сайлауда дауыс берген өз өкілдері арқылы билікке араласып отырған

азаматтарын сыйлайды» деген ойлар айтылды. 1965 жылғы 21 желтоқсандағы Адамдардың нәсіл тектеріне қарап қысым көрсетуді жою туралы халықаралық ереженің 5-бабында: «Аталған ережелердің 2-бабында көрсетілген негізгі міндеттерге сәйкес, мүше-мемлекеттер нәсіл тектеріне қарап, қысым көрсетудің түрлеріне қарамастан, жол бермеуге және жоюға, нәсіліне, қандай түсті екеніне, этникалық тегіне бөлмей, заң алдында барлық адамдардың тең болуын қамтамасыз етуге, әсіресе саяси құқықтарын, жекелеп айтқанда, сайлауда дауыс беру немесе жалпы және тең дауыс беру негізінде өз кандидатурасын ұсынуға, ел басқаруға, кез келген деңгейдегі мемлекеттік басқарушылыққа қатысуға, сондай-ақ бәрімен бірдей мемлекеттік қызметке орналасуға мүмкіндігімен қамтамасыз етуге міндеттеледі» делінген. 1952 жылдың 20 желтоқсанындағы Әйелдердің саяси құқығы туралы ереженің 2-бабында «Әйел адамдар да ер адамдар секілді жалпыға бірдей сайлауды талап ететін, ұлттық заңнамамен бекітілген мекемелерге ешқандай шектеулерсіз сайлана алады», - деп көрсетілген. Ал 2002 жылғы 7 қазандағы ТМД мемлекеттеріндегі демократиялық сайлаулар, сайлау құқығы мен тәуелсіздігінің жалпыға бірдей үлгілері туралы ережелердің 2-бабының 1-тармағында «демократиялық сайлаулардың жалпы үлгілері болып: азаматтың мемлекеттік билік ұйымдарына, жергілікті басқару мекемелеріне өзге де халықтық (ұлттық) өкілеттіліктерге сайлай және сайлана алу құқығы; құпия сайлаумен жалпыға бірдей сайлау құқығы негізінде қайталанып отыратын әділ сайлауларда адамдардың таңдауын көрсету; сайлаулардың ашық және жария түрде өтуі; азаматтар мен адамдардың сайлау құқығы мен бостандығын сот және басқа да жолдармен қорғау, сайлау барысын қоғамдық, халықаралық бақылаушылармен қамтамасыз ету принциптері, сайлау барысына қатысушылардың сайлау құқығы мен бостандығын қамтамасыз ету кепілдерін жүзеге асыру» деп көрсетілген.

Қазақстан Республикасы халықаралық-құқықтық құжаттардың және тиісті халықаралық ұйымдардың мүшесі бола отырып, жоғарыда аталған электоралды принциптерді өз аумағында жүзеге асыру міндеттерін алды. Осылайша, Қазақстан Республикасы тәуелсіз және заманға сай құқықтық мемлекет ретінде жоғарыда аталған міндеттерді сайлау тәжірибелерінде орындау үшін бар күш-қуатын

салуда. Егер орындалу барысын бақылайтын болсақ, соңғы жылдары өткізілген президенттік, үкіметтік, барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының, жергілікті әкімдердің сайлау науқандарында барлық сайлау ережелері жіті сақталғанын байқаймыз.

Еліміздегі саяси ахуалдың тыныштығын бұзу талпынысы бір кездері орын алған болатын. Оппозициялық партиялар мен оппозициялық көзқарастағы азаматтар 2011 жылы өткен президенттік сайлауға қарсылық жарияламақ болды. Олардың пікірінше, әдеттегідей азаматтардың 20-30 пайызы сайлауға қатыспаған және 50 пайызы қарсылық көрсетпеген жағдайда сайлауға қатыспағандардың саны 70-80 пайызға дейін баруы мүмкін. Аталған қарсылықтарды одан әрі бекіте отырып, ұлт алдында президенттің моральді патшалық басқарып отырғандығын көрсеткісі келді. Бірақ Қазақстан халқы бұл арандатуларға жол бермей, керісінше сайлау учаскелеріне келіп, дауыс беруге белсене қатысты, осылайша, 9 млн 200 мың 298 сайлаушы азаматтан 2011 жылдың 3 сәуіріндегі республика бойынша тізімге сәйкес 8 млн 279 мың 227 сайлаушы (89, 98 пайызы) келді. Бұл – санасуды талап ететін факт. Осылайша, Қазақ елі өз тағдырын шешу кезеңінде өзінің бірлікке, саяси тұрақтылық пен қоғамдық келісімді нығайтуға деген ынтасын көрсетті.

Енді «бойкот» түсінігін талдап көрелік. Сайлау бойкоты дегеніміз – сайлаушылардың сайлау барысына әдейі қатыспауы. Егер елдің сайлауы электораттық және сайлау жүйесі осал болып келсе, аталған іс-шара әдеуір зиянын тигізуі мүмкін. Қазақстандағы жағдай басқа болғандықтан, бойкот жүргізуге негіз жоқ. Сайлауға халықтың 50 пайызы келмейді деген деректің қайдан шыққаны белгісіз. Талдауға алып отырған кезеңде президенттік сайлау науқаны үш рет өткізіліпті: 1999 жылы – 7 328 970 мың сайлаушы (87,0 пайыз), 2005 жылы – 6 871 571 сайлаушы (6,78 пайыз), ал 2011 жылы – 8 279 227 сайлаушы (89,98 пайыз), орташа есеппен алғанда – 84,58 пайыз. Көріп отырғанымыздай, елімізде жалпы сайлаушылардың 10-15 пайызы ғана сайлауға қатыспайды екен. Сайлаушылардың сайлауға ерікті түрде қатыспау фактілері Батыс елдерінде көптеп кездеседі. Айта кетер болсақ, 2012 жылғы Литвадағы Парламент сайлауларында дауыс берушілердің саны 35,91 пайызды ғана құраған (дауыс бермегені – 64 09 пайыз),

2011 жылғы Португалиядағы Президент сайлауына 46,52 пайыз дауыс берушілер (дауыс бермегендер – 53, 48 пайыз), 2011 жылы Ирландияның сайлау жәшіктеріне жалпы дауыс берушілердің 56,11 пайызы, яғни дауыс беруге қатыспағандардың саны 44,89 пайызды құрады. Бұл жағдаймен кейбір елдер сайлауға қатысуды міндеттеу арқылы күресуде. Бірнеше онжылдаған бойы 12 елде (Австрия, Голландия, Италия, т.б.) сайлауға қатыспағандарға айыппұл салудың бірнеше түрлері болды, ал өзге 12 елде бұл шаралар әлі күнге дейін өз күшін жоғалтпаған. Олар – Бельгия, Греция, Аргентина Бразилия, Панама, Перу, Сингапур, Австралия секілді елдер. Сайлауға қатысу міндеттемелері аталған елдердің конституциясымен бекітілген. Аталған елдерде сайлауға қатыспаудың салдары айыппұл төлеу, кәсіпкерлікпен айналысуға тыйым салу, мемлекеттік қызметке орналасудағы шектеулер немесе т.б. жазалауларға алып келуі мүмкін. Айыппұл төлеу жазасы қазіргі кезде Бельгия, Кипр, Бразилия, Австралия елдерінде бар [2].

Қазақстанда қандай болмасын үміткерді сайлауда дауыс беруге қатысу немесе қатыспау әр азаматтың өз еркінде, себебі бізде ештеңе міндеттелінбеген. Адамдарға жарнама жасап, дауыс беруге ынталандыруға болады, бірақ міндеттеуге болмайды. Батыс Қазақстан облысы Денсаулық сақтау басқармасының басшысы шектен шыққан әрекеті үшін жазаланған болатын. Қазақстанның бірде-бір азаматы қандай да бір сайлауға қатыспағаны үшін жазаланған емес.

Тікелей сайлау құқығының принциптері Қазақстан Республикасының Президентін және Мәжіліс депутаттарын сайлауда қолданылады. Яғни еліміздің барлық ересек азаматтары сайлауға дауыс беруші ретінде тікелей қатыса алады. Жанама сайлаулар Сенат депутаттары мен ауыл әкімдерін сайлағанда өткізіледі. Тікелей және жанама сайлауларда бізде де тең демократиялық сайлау, дауыс беру барысындағы құпиялық, таңдау мүмкіндігі, сайлаулардың қайталанып тұруы, әділ өтуі, сайлау қатысушыларының заңсыз іс-әрекеттеріне шағым жасай алу, сайлау заңнамасы сақталмаған жағдайда жауапкершілікке тарту принциптері сақталған.

Қазақстан Республикасында тең сайлау құқығы барлық сайлау наукандарында сақталды. Бұл дегеніңіз Конституцияның 14-бабында көрсетілгеніндей, дауыс берушілер мен сайлауға

қатысушы үміткер болып, елдің кез келген азаматтары ұлтына, дініне, қандай партияға мүшелігіне, жынысына, жасына (18 жастан жоғары), тіліне, қызметтік беделіне, ой-пікірлеріне, әлеуметтік жағдайына қарамастан, ешбір шектеулерсіз қатыса алады. Бұл қазақстандық қоғамда талқыға салынбайды да, қалыпты жағдай ретінде қабылданады. Конституцияның 41, 51, 86-баптары және Сайлау туралы заңның 5-бабы тең сайлау құқығына арналған. Бір сайлауда азаматтың бірнеше дауыс беруіне тыйым салынған, аталған жайт тіркелген жағдайда өз кезегінде айыппұл жазаларына әкеледі.

Жалпы сайлау құқығының принциптеріне сәйкес, кез келген 18 жастан жоғары азаматтар шектеусіз дауыс беруге құқылы, алайда жоғарыда көрсетілген азаматтардың қатарына «сот іс-әрекетке қабілетсіз деп таныған» және сот үкімімен «бас бостандығынан айыру орындарында» (Конституцияның 3, 14-баптары және 33-баптың 3-тармағы бойынша) отырғандар сайлауға қатыса алмайды. Конституциялық заңнаманың 25-бабы сайлаушылар тізіміне барлық азаматтарды қосуды міндеттейді. Әрбір азамат «тізімге қосылмаған, тізімнен шығарылып тасталған және дауыс беруші туралы ақпарат дұрыс енгізілмеген жағдайларда» Конституцияның 26-бабына сәйкес шағым түсіре алады. Аталған іс-шара тәртіпті сақтау үшін қажет. Бұл 1994 жылғы 26 наурыздағы парламентаралық бірлестігі декларациясының нормасына, халықаралық нормаларға және әлемдік тәжірибеге сәйкес, яғни «кез келген мемлекеттің билігінің толықтығы, әділ, тәуелсіз қайталанып отыратын сайлауларда құпия дауыс беру арқылы анықталатын халық қалауынан көрінеді». Сайлауға жалпы қатысудың әлемдік тәжірибесі Қазақстан Республикасында үнемі қолданылып келеді [3].

Барлық сайлау барысында жанама немесе тікелей дауыс беру түрлеріне қарамастан, сайлау барысындағы құпиялылықты сақтау принципі ең маңызды принцип ретінде сақталып келді. Құпия дауыс беру тәсілі электоралды құрал ретінде Қазақстан Республикасының Президент, Мәжіліс немесе мәслихат сайлауларында ғана емес, Парламент Сенаты депутаттары мен эксперименттік, жалпы ұлттық, ауыл және жергілікті әкімдерін сайлауда да қолданылды. Аталған ереже Конституцияның 41, 51, 86-баптарымен және Қазақстан Республикасы Сайлау туралы заңының 8-бабымен бекітілді.

Еркін сайлау ережелерін жүзеге асыра отырып, ұйым-

дастырушылар алдымен әрбір дауыс берушінің нақты қалауын білдіре алатын жағдай жасаулары қажет. Осы уақытқа дейін әрбір сайлау комиссиясы (бүгінде 13307) сайлау заңнамаларына сәйкес, еліміздің әрбір ересек азаматына ешбір шектеулерсіз дауыс бере алу мүмкіндіктерін жасап келді. Әрбір дауыс беруші өзі туралы деректерді тікелей сайлау учаскелерінде тексере алады. Ол сайлау күні жеке кабинкаға кіріп, өз-өзімен қалғанда, кімге дауыс бергісі келетінін шешу арқылы ел болашағын айқындайды. Жалпы, еркін сайлау ережелерінің негізі Конституцияның 33-бабында және Сайлау туралы заңның «Сайлау бостандығы» аталатын 2-бабында: «Қазақстан Республикасындағы сайлау әр азаматтың сайлау немесе сайлану құқығын еркін жүзеге асырады» делінген мазмұнында жатыр және аталған баптар сайлау заңнамасының «сайлау барысындағы дауыс беру еркіндігі» туралы 48-бабымен бекітілген. Яғни құқық қорғау органдары сайлау комиссиясының талабымен осы заңнаманың орындалуын қамтамасыз етуге міндетті [5].

Аталған ереже өзге де бес ереже секілді 2002 жылдың 18-19 қазан күндері Еуропа кеңесі Венеция комиссиясының 52-сессиясында қабылданған негізгі қағидалар мен түсіндірме баяндама түрінде ұсынылған ережелерде ерекше аталып өткен. Осы комиссияның мүшесі ретінде Қазақстан Республикасы да көрсетілген құжатты бұлжытпай орындап, әсіресе дауыс беру еркіндігі принципін қатаң сақтап келеді.

Азаматтардың белсенді немесе пассивті сайлау құқықтары алдыңғы ережелермен, яғни тең, тікелей, жалпы және құпия сайлау құқығымен бірлесе отырып қызмет атқарады. Талданып, көрсетіліп отырған ережелер дауыс берушілермен қатар сайланушыларға қатысты. Жалпы азаматтар өздерінің белсенді дауыс беру құқықтары бұзылғандығы туралы шағым түсірген емес. Бұл құқық кейбір жағдайларды есептемегенде, екі себеп бойынша бұзылмай келеді: а) олардың арасында бәсекелестік жоқ; б) сайлау комиссиялары олардың құқықтары бұзылмас үшін барлық мүмкіндіктерді жасайды. Ал қандай да бір мемлекеттік қызметке сайланғысы келген үміткерлердің арасында теңдікті орнату күрделілеу, себебі бәсекелестік өте жоғары. Осыған орай заң шығарушы орган үміткерлердің сайлау алдындағы науқандары бойынша ережелерді барынша толық қамтуға тырысты. Бұған Конституцияның 1,

12-баптарымен және Сайлау заңнамасының 53-56, 69, 70-73, 85-89, 101-104-баптарымен танысу арқылы көз жеткізуге болады. Шамамен 10 мың (бүгінгі күні 9749) сайлау учаскесі осы күнге дейін аталған заңнамаларды кезең-кезеңімен жүзеге асырып келеді.

Тікелей дауыс беру құқығы дегеніміз – дауыс берушілердің ел Президентін, Қазақстан Республикасының Мәжіліс депутаттары мен жергілікті мәслихат депутаттарын (3 335) сайлауы. Қазақстан Республикасының азаматтары аталған құқықтарды Конституцияның 3, 33, 41 51, 86-баптары және сайлау заңнамасының 6, 51-56, 63-64, 66-1, 85-86, 95-96, 99, 101-102, 110-113-баптары арқылы жүзеге асырып отыр. 1995 жылдан бері бекітілген тікелей сайлау принциптері айтарлықтай өзгеріске ұшыраған жоқ және бүгінге дейін жоғарыда аталған барлық сайлау түрлерінде бұлжытпай орындалып келеді.

Тәуелсіз Қазақстанның бүгінгі сайлау сипатының ерекшелігі ретінде сайлау кезеңінің соңында бір үміткер қалған жағдайда сайлауды тоқтату жағдайын атап өтуге болады: бұл ретте сайлау қайта белгіленеді. Бір мемлекеттік мекемеден сайлау орнына кем дегенде екі үміткер болуы қажет. Осылайша, балама сайлау принципі жүзеге асырылады. Барлық сайлау барысында аталған балама таңдау принципі қатаң сақталды. Бір орынға таласу мақсатында тіркелген үміткерлердің саны шамамен 3 адамнан тұрғанын атап өтудің өзі жеткілікті. Аталған ережені бұзудың бірде-бір фактісі, ерекше жағдай тіркелмеген. Сайлаулардағы балама сайлау мүмкіндігі Конституцияның 5, 41-баптары мен сайлау заңнамасының 47, 55, 59, 71, 73, 87, 89, 103-104-баптарымен қамтамасыз етіліп отырады, сондай-ақ 7, 6 үміткер үшін 1990 жылғы ЕҚЫҰ Копенгаген құжатына сәйкес «бір-бірімен заң және мемлекеттік мекемелер алдында бәсекелестікке түсе алатын кепілдіктер жасауы қажет» делінген бөліммен бірлесіп қызмет атқарады. 1995 жылдан бергі кезеңде үміткерлердің, олардың партиялары, көзқарастары, бағдарламалары мен сайлауалды науқандарының арасындағы бәсекелестіктің өте жоғары болғанын атап өтуге болады. Осындай бәсекелестіктер арқылы Қазақ елі сайлау барысында үлкен таңдау мүмкіндігіне ие болғанын байқаймыз [4].

Сайлаулардың қайталанып отыруы өз кезегінде үміткерлер мен партияларға әрбір 5 жыл сайын жасалған жұмыстарын қорытындылап, олардың шешімін ұсынуға және ұсынылып

отырған шешімдерінің дұрыс екендігін дәлелдеуге мүмкіндік алады. Республикадағы сайлаулардың қайталанып отыруы Конституцияның 41 (1-тармақ), 50, 51, 94-95 баптарымен және сайлау заңнамасының 51, 69, 85, 101-баптарында қолдау табады. Осы сайлаулардың өзі (соңғы 19 жыл ішіндегі 27 сайлау науқаны) аталған заңнаманың сақталып келгендігін көрсетеді. Сонымен қатар қайталанып отыратын сайлаулар 2002 жылдың 7 қазанындағы ТМД Конвенциясының 6-бабында және өзге де халықаралық құжаттарда бекітілген [3].

Сайлау барысының жариялылығы дегеніміз – сайлау барысының әрбір сатысының ашық өтуі. Өткізілген сайлау науқандарында қоғам, халықаралық бақылаушылар сайлаудың әрбір сатысын жіті талдауға алып отырды. Аталған принциптердің пайда болуына Конституцияның 1, 3-баптары мен сайлау заңнамасының 20, 20-ның 1, 20-2, 31-баптары себеп болды. Негізінен, ЕҚЫҰ-ның халықаралық бақылаушылары өз жұмыстары барысында оппозициялық партиялармен, қоғамдық бірлестіктермен әңгіме жүргізеді, кейін Орталық сайлау комиссиясы сұрақтар әзірлеп, өздеріне қажетті жауаптарды алып отырды.

Халықаралық және отандық бақылау институтын енгізу арқылы сайлау барысының ашықтығын қамтамасыз ету 1995 жылдың желтоқсанынан басталды, сайлау сайын бақылаушылардың саны артып келеді. Соңғы 19 жылда еліміздегі сайлау процедураларына мониторинг жүргізуге 6055 шетелдік және халықаралық бақылаушы, 245 226 отандық бақылаушы, 1 538 шетелдік БАҚ өкілдері қатысқан (барлығы – 252 819 адам) [6].

Сайлаудың шынайылық принципі барлық сайлау үдерістерінің фальсификациясына жол бермеуді қарастырады. Әсіресе бұл дауыстар санын санауда қатысты. Сайлауды ұйымдастырушылар отандық және халықаралық бақылаушылардың қатысуымен дауыстарды нақты санап, дауыс беру нәтижелері бойынша хаттамалар жасады. Мүмкін болатын фальсификацияны болдырмау мақсатында сайлау учаскелерінің басшылары тасымалдайтын хаттамалардың түпнұсқалары халықаралық бақылаушылармен бірге тасымалданды. Сайлау туралы заңның 37-42, 43-44, 50-6, 50-7, 65, 78, 108, 20-1, 20-2-баптарында қарастырылған. Аталған рәсімдер қатаң сақталып келеді және орындалатын болады. Сонымен бірге осы принцип пен

жоғарыда көрсетілген ашық, еркін сайлау принциптері 1966 жылғы 16 желтоқсандағы Азаматтық және саяси құқық туралы халықаралық пактінің 25-бабында көрініс тапқан [4].

Сайлау қатысушылары мен азаматтардың заңсыз әрекеттеріне шағымдану принципі және сайлау заңнамасы нормаларын бұзудағы жауапкершілік принциптері – елдің электоралды құқығындағы маңызды принциптер. Аталған принциптерді іске асыру азаматтардың белсенді және енжар сайлау құқықтарын қамтамасыз ету принципін іске асыруда маңызды рөл атқарады. Осы принциптер Конституцияның 13-баптары (2-т.), 14, 76 (1-2-т.), Қазақстан Республикасы Сайлау туралы заңының 49-50, 50-8-баптары негізінде іске асуда.

Бәсекелестердің, сайлау комиссиялары мүшелерінің әрекетіне шағымдану көбіне мәслихат сайлауларына тән. Бұл елдегі депутаттық лауазымға сайлауға түсушілердің санының көптігіне байланысты, әр 5 жыл сайын 3335 адам, сондай-ақ әр жарты жыл сайын шамамен 50-55 депутат сайланады. Әрбір сайлау науқаны барысында азаматтардан, үміткерлер мен партиялардан көптеген арыздар түсіп отырады, мысалы, 2005-2013 жылдар аралығында сайлау комиссияларына азаматтардан 1232 арыз түскен, олардың барлығы дерлік нақты қарастырылған [6].

Жауапкершілік принципінің жұмыс істеуін келесіден көруге болады. 1999 жылғы 10 қазандағы Парламент Мәжілісінің депутаттарын сайлау барысында Орталық сайлау комиссиясы облыстардағы 3-сайлау округіндегі сайлауды жарамсыз деп тауып, облыстық сайлау комиссияларына сайлауды қайта өткізуін міндеттеді.

Сонымен бірге 2003 жылғы мәслихат депутаттарын сайлау кезінде кандидаттыққа 142 азаматты тіркеуден бас тартудың заңдылығын тексерген Орталық сайлау комиссиясы мен Бас прокуратура олардың 12-сін негізсіз деп тапты. Орталық сайлау комиссиясы 2003 жылғы 18 тамыздағы №84/105 бұйрығымен оларды мәслихат депутаттығына кандидат ретінде тіркеді.

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы Кодексінің 98-100-1-баптарында сайлау заңнамасының бұзылу нормалары қарастырылған. Осы Кодекстің баптары бойынша 2004-2014 жылдар аралығында әкімшілік жауапкершілікке

141 адам тартылды. Сайлау заңнамасы айтарлықтай бұзылған жағдайда қылмыстық жауапкершілік қарастырылған, ол 1997 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 146 және 147-баптарымен анықталған. Тәуелсіз Қазақстан мемлекеттілігінің даму кезеңінде осы баптар бойынша қылмыстық істер қозғалмаған, себебі сайлау заңнамасын қатаң бұзу болмаған. Бақылаушылар халықаралық миссиялары барысында өз ұйғарымдарында қылмыстық-құқықтық қарастыруды қажет ететін әрекеттер жөнінде көрсетпеген [2]. Алайда қылмыстық заңнамада осындай баптар болу керек деп санаймыз.

Сонымен, еліміздегі сайлау құқығы мен үдерістерінің принциптеріне талдау жасай келе, Қазақстан Республикасында өткізілген барлық сайлау науқандары конституциялық және халықаралық электоралды принциптердің ұйғарымдарына сәйкес жүргізілгенін көреміз. Конституция мен сайлау туралы заңнамада негізделген принциптер және олармен байланысты ұйымдастырушылық-құқықтық механизмдер пайда болған барлық электоралды мәселелерді шешуге мүмкіндік береді. Осыған байланысты Қазақстанның халқы барлық сайлау нәтижелерін сәйкесінше дұрыс қабылдайды. Конституция мен сайлау заңнамасына сәйкес өткізілген сайлау елдегі қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылықты білдірудің құралы болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Котов А.К. Конституционализм в Казахстане: опыт становления и эффективность механизма власти. – Алматы: Изд. КазГЮА. 2000. – 90-96 бб.
2. Қазақстан Республикасындағы 2011 жылғы кезектен тыс президенттік сайлауды байқау жөніндегі ЕҚЫҰ/ДИАҚБ миссиясының 2011 жылғы наурыздың 1-нен бастап 14-іне дейінгі кезеңдегі № 1 аралық есебі.
3. «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» 1995 жылғы 28 қыркүйектегі № 2464 Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңы.
4. Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы.
5. Adilet.zan.kz интернет ресурсы.
6. Орталық сайлау комиссиясының 1995 ж., 1999 ж., 2003 ж. аралық есебі.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 20 жылдығы: елдің дамуындағы жаңа көкжиектер

Анна ГУСАРОВА,
ҚР Президенті жанындағы
Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты
өкілдігінің (Алматы қ.) ғылыми қызметкері,
әлеуметтік ғылымдар магистрі

Конституция – үкіметтің құрылымын, мекемелер мен әлеуметтік институттар арасындағы қарым-қатынасты анықтайтын елдің бейнесі. Конституция мемлекеттің барлық арман-мүддесін қарастырады. Ұлттың Конституцияға көзқарасы осы халықтың даму шындығын белгілейді.

Мысалы, Н. Манделаның арқасында Оңтүстік Африка Республикасы «бақытты ұлт» деп жарияланғаны белгілі. Апартеидке қарсы күрес жолындағы ұлттық тарихты сақтап қалған ОАР Конституциясы мемлекеттік басқару жүйесін жеделдету міндетін қойды. Оңтүстік Африка елінің Конституциясы әділеттік пен бостандық жолындағы күрес қайраткерлеріне құрмет көрсете отырып, өткен жылдарда орын алған әділетсіздіктерді мойындайды. Сондай-ақ ол «әралуандықтағы бірлік» қағидаты негізінде ОАР-дың бүкіл халқын ұйыстырып отыр.

Ұлыбританияда Конституциямен санасатын бірде-бір құжат жоқ, елде «жазылмаған конституция» аталатын құжат қабылданған. Керісінше бір кездері үстемдік құрған монархиядан қиындықпен алған саяси және азаматтық еркіндік бүгінде құқықтық нормалар мен дәстүрлерге құрмет көрсету арқылы қорғалған.

АҚШ-та Жоғарғы Сот мүшесі лауазымына ұсынылған көптеген үміткерлердің арасынан бір үміткерді тағайындау кезінде АҚШ Сенатының құқық комитеті оған «Сіз «жанды Конституцияға» сенесіз бе?» деген сауал қояды [1].

Бүгінде көптеген судьялар АҚШ-тың Конституциясын «тірі, тыныс алып отырған құжат» деп қарайды [2]. Ол мәтіннің икемділігі мен оған өзгерістер енгізу мүмкіндіктерінде болса керек. 1787 жылы осы құжат алғаш жазылған негізгі заң болды, ал Адам құқықтары декларациясы екі жылдан кейін ғана Францияда қабылданғаны белгілі. Оның үстіне, Конституцияны қабылдағаннан бері мәтін ешқандай өзгеріске ұшырамағанын айта кету керек. Себебі Жоғарғы Соттың қызметі Конституцияның негізінде шешімдер шығаруға бағытталған.

Америка тарихы АҚШ азаматтарының өз Конституциясына деген бірегей көзқарасын көрсетті. «Біз, Америка Құрама Штаттарының халқы» деген сөзі, шын мәнінде, американдықтардың өз елі үшін ерекше мақтаныш сезімі мен құрметін арттырып, заңды орындау қажеттігін тудырады. Әлеуметтік экономикаға бағытталған тең мүмкіндіктер қоғамын құру міндеті мемлекеттілікті, тұрақтылықты нығайтуға және елдің өркендеуіне жағдай жасады.

Үстіміздегі жылы Қазақстан Республикасының Конституциясы – тәуелсіз мемлекеттің Негізгі заңының қабылданғанына 20 жыл толып отыр. Осы жылдар ішінде еліміз халықаралық диалогте белсенді қатысушылардың бірі ретінде әлемдік сахнада берік орын тіреді.

Еліміздің ЕҚЫҰ мен ИЫҰ сынды екі беделді ұйымға, ШЫҰ, ҰҚШҰ мен ТМД-ның аймақтық құрылымдарында табысты төрағалық етуі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президенті – Ұлт көшбасшысы Н.Ә.Назарбаевтың ядроға қарсы және «жасыл» бастамалары жаһандық қауіпсіздікке елеулі үлес қосып қана қоймай, Қазақстанды орныққан мемлекет ретінде де белгіледі.

Бүгінде республиканың алдына 2050 жылға қарай дамыған 30 мемлекеттің қатарына кіруге жағдай жасайтын азаматтардың әл-ауқатын көтерудің жаңа сапалы міндеті қойылып отыр. Бұл нәтижелерге өзін толық ақтаған қазақстандық даму үлгісінің көмегімен жетуге болады. Қазіргі Қазақстанның негізі – қуатты әлеуметтік саясат, қоғамдық тұрақтылық пен этносаралық келісім.

Конституцияда ел қызметінің түбегейлі принциптері «қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылық; бүкіл халықтың игілігін көздейтін

экономикалық даму; қазақстандық патриотизм; мемлекет өмірінің аса маңызды мәселелерін демократиялық әдістермен шешу» деп белгіленуі кездейсоқ емес [3].

Тәуелсіз Қазақстанның алғашқы Конституциясы 1993 жылы, КСРО ыдырағаннан кейін елімізде орын алған дағдарыс жағдайында әзірленіп, қабылданды. Десе де аталған Конституция қазақстандық мемлекеттік басқару жүйесін құруға жол ашты:

- президенттік институт рәсімделді;
- Президент атқарушы билік тармақтарының қызмет етуіне жауапты болды.

Негізгі құжатты қабылдағаннан кейін Қазақстан әлемдік қоғамдастықтың бір бөлігіне айналды: халықаралық нормаларға сәйкестігі, демократиялық және құқықтық мемлекетті құруға ұмтылысы жарияланды. Сонымен бірге Конституция ұлтаралық келісім, тепе-тең құқық, бостандық пен міндеттерді бекітті.

90-жылдардың басында қоғамды экономикалық және саяси тұрғыдан жаңарту үшін жаңа міндеттер, терең өзгерістер мен реформалардың қажеттігі туды. 1993 жылғы Конституция Қазақстанның одан әрі дамуының және қазақстандық мемлекеттілікті рәсімдеудің элементі болды.

Конституцияның жаңа жобасын әзірлеудегі комиссияның белсенді жұмыс қорытындылары бойынша биліктің үш тармағының өкілеттігі теңестірілді. Олардың өзара әрекеттерінің негізін тежемелік және тепе-теңдік жүйесі құрады.

1993 жылғы Конституцияда «қоғамдық келісім», «саяси тұрақтылық», «халықтың игілігін көздейтін экономикалық даму», «қазақстандық патриотизм», «республикалық референдумда дауыс беру» секілді терминдердің түсініктері болған жоқ. Олар мақсатты түрде қолданылмағандықтан, мемлекеттің жүргізіп отырған саясаты белгісіздік сипат алды. Кейін, жоғарыда аталған терминдер 1995 жылғы Конституцияға енгізілді.

1995 жылғы Конституцияның үлкен жетістігі мемлекеттің тұтастығы мен Қазақстан халқы бірлігінің символы мен кепілі ретіндегі президенттік институттың бекітілуі болды (1993 жылғы Негізгі заңның мәтінінде президенттік билік атқарушы биліктің шеңберінде болды) [4].

90-жылдардың ортасында екіпалаталы Парламент – еліміздегі басты заң шығару органы құрыла бастады. Парламенттің заң шығару

және бақылау қызметтерін жетілдіру шеңберінде қазақстандық парламентаризмді дамыту тренді неғұрлым өзекті бола түсті (1998-1999 жылдардағы өзгерістер мен толықтырулар).

2007 жылы жүргізілген конституциялық реформа елдің Негізгі заңының даму тарихында шешуші сәт болды. Соның нәтижесінде, көппартиялылық пен парламентаризмнің өсуіне жағдай жасалды. 2007 жылдың 21 мамырында екіпалаталы Парламент Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың Конституцияға өзгерістер енгізу туралы бастамасын қолдап, дауыс берді (заң шығару органына президенттің кейбір өкілеттіктері берілді):

- Парламент Үкімет, Орталық сайлау комиссиясы, Статистикалық комитет пен Конституциялық соттың (үштен екісін) қызметтерін құруға және бақылауға өкілеттік алды;
- Президенттен бөлек Үкімет те Парламентке есеп береді;
- жергілікті өзін-өзі басқару мен әкімдерді сайлау рөлін орталықсыздандырып, күшейту жөнінде шешім қабылданды.

Парламентаризмнің даму шегі 2002 жылы «Саяси партиялар туралы» жаңа заңның қабылдануы болды.

Нәтижесінде, елдің Негізгі заңындағы барлық өзгерістер мен толықтырулар президенттік республикадан президенттік-парламенттік республикаға көшуге жағдай жасады.

2010 жылдың 15 маусымында республикалық ресми басылымдарда «Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің – Елбасының қызметін қамтамасыз ету саласында заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР-ның Конституциялық заңы жарық көрді [5]. Аталған заң Мемлекет басшысының емес, Парламент палаталарының төрағалары мен Премьер-министрдің бастамасымен көтеріліп, қол қойылғандықтан, алғашқы әрі бірегей құжат болды.

Сондай-ақ 2011 жылдың ақпанында жаңа өзгерістер енгізілді. Бұл өзгерістер мерзімінен бұрын президенттік сайлауды өткізуді реттеді. Аталған іс-шара Қазақстан халқы Ассамблеясының бастамасымен өріс алды. 2015 жылдың 26 сәуірінде кезектен тыс президенттік сайлау өткізілді. Сайлаудың қорытындысы бойынша қазақстандықтар Ұлт көшбасшысына жаңа сенім мандатын табыс етті.

Әлемдік дамудың жаңа кезеңінде ұлттың ұйысуы мен халықтың бірлігі, сондай-ақ барлық күш-жігерді мемлекет дамуындағы басты мәселелерге жұмсау – қазіргі мемлекеттің басты міндеті. Шын мәнінде, президент сайлауында азаматтардың белсенділік танытуы тарихи оқиға болды. Бұл азаматтардың саналы таңдау жасағанын, еліміздің даму көрсеткішін көрсетеді. Мемлекет басшысының жүргізіп отырған саясаты мен реформаларын бүкіл ел қолдап отырғанын айғақтайды [6].

Жаһандық сын-қатерлердің өзгеруі мен мемлекеттілікті күшейту қажеттігі жағдайында Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев бес институционалдық реформаны – әлемдегі дамыған 30 мемлекеттің қатарына кіру үшін елдің дамуындағы басты бағыттарды ұсынды [7].

Конституция мен оның нормаларының маңыздылығы шеңберінде заңның үстемдігін қамтамасыз етудегі, сондай-ақ ашық және халыққа есеп беруші мемлекет құрудағы екінші және бесінші реформаға назар аудара кетсек.

Конституциядағы «Адам және азамат» бөлімінің 14-бабында: «Заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең. Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды» [3] делінген.

1-кесте. **Екінші және бесінші институционалдық реформаның қысқаша тезистері**

Екінші реформа	Бесінші реформа
Меншік құқығының қорғалуына кепіл беретін, кәсіпкерлік қызметке жағдай жасайтын, келісімшарт міндеттемелерін қорғайтын заң үстемдігін қамтамасыз ету. Нәтижесінде, экономиканың өсуіне мүмкіндік береді.	Ашық және халыққа есеп беруші мемлекет

Сот жүйесі тармақтарының әлсіздігі – судьялар біліктілігі, жемқорлық мен судьялар корпусының жабықтығы.	«Әуелі – қуатты мемлекет пен экономика, содан соң – саясат» қағидаты; Ойластырылмаған және үдемелі демократияландыру мемлекеттің тұрақтылығына кепіл бермейді және табысты экономикалық жаңғыртуды қамтамасыз етпейді.
Ішкі істер органдары қызметінің жабық болуы (ІІД, полиция).	Шешімдерді қабылдау процесінің ашықтығы – мемлекеттік органдар басшыларының есеп беру тәжірибесі; Шешім қабылдау процесіне азаматтарды тарту; Мемлекеттік органдар мен әкімдер жанындағы қоғамдық кеңестер рөлінің артуы.
ҚР Қарулы Күштерін жаңғырту (армияның соғысқа қабілеттігі, алдыңғы қатарлы қару-жарақтармен және техникамен жарақтандыру)	«Жария ақпаратқа қолжетімділік туралы» жаңа заңды әзірлеу және қабылдау; Азаматтық бюджеттендіруді ендіру; Шағым беру жүйесін күшейту, қоғамда өзін-өзі реттеуді кең ендіру; Азаматтық қоғам институттарының жауапкершілігін қысқарту және беру (әлеуметтік маңызды мемлекеттік қызмет түрлерін көрсету)

Бес бағыттағы жұмыс қорытындылары бойынша жергілікті атқарушы органдардың сайлану жүйесі өзекті бола түсті, сондай-ақ конституциялық реформаны жүргізу қажеттігі мен оны құру логикасы пісіп-жетілді (Президент, Үкімет пен Парламент өкілеттіктерін қайта бөлу).

Заңның үстемдігі туралы Елбасы Н.Назарбаев 2014 жылдың 17 қаңтарындағы Жолдауында: «Дамыған 30 елдің қатарына кіру үшін қоғамда адал бәсекелестік, әділдік пен заң үстемдігі және жоғары құқықтық мәдениет орнату қажет» [8], - деген еді.

«Бес институционалды реформаны жүзеге асырудың 100 қадамы» ұлттық жоспарының 19 қадамы Заңның үстемдігіне арналған [9].

Мемлекет басшысы аталған жоспарда әділетті соттың үшдеңгейлі жүйесіне көшу қажеттігін, сайланған заседательдер қатысатын сот тәжірибесін кеңейту, олардың ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында сот процестерінің аудио/бейне тіркелімін ендіру, сондай-ақ судья лауазымына үміткерлерді іріктеу талаптарын қатайту қажеттігін айтқан болатын.

1-диаграмма. **Қазақстанның стратегиялық дамуының басты компоненттері**

1-диаграммада Қазақстанның стратегиялық дамуының басты компоненттері көрсетілген, оларды кезең-кезеңімен жүзеге асыру азаматтардың әл-ауқатын көтеруді, заңның үстемдігін құруды және ашық (халыққа есеп беретін) мемлекетті қамтамасыз етеді. Азаматтардың, сондай-ақ мемлекеттің құқықтық сауаттылығы мен жауапкершілігінің артуы азаматтық сектормен өзара тиімді әрі сенімді әріптестікті ұлғайтатыны сөзсіз. Ел Конституциясындағы құндылықтар мен нормаларды сақтау және қатаң ұстану алдағы уақытта қазақстандықтардың елді жаңғыртудағы мәдени құндылықтықтарды өз бойына тереңірек сіңіруіне жағдай жасайды.

Мәдени даму әлеуметтік жаңғырудың ажырамас компоненттерінің бірі саналады, оның қазіргі Қазақстанды құрудағы ықпалы зор. Сондықтан жаңа индустриалды-инновациялық экономика жағдайында қоғамды толық дәрежесінде құқық пен әділеттік қағидаттарына негізделген барлық қоғамдық игіліктермен қамтамасыз ету қажет.

Ұлт көшбасшысы Н.Назарбаевтың «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыруы: жалпыға ортақ еңбек қоғамына 20 қадам» бағдарламалық мақаласында дәл осы міндеттің қойылуы кездейсоқ емес, бұл кейін

«Н. Назарбаевтың бес институционалдық реформасын жүзеге асырудың 100 қадамы» ұлттық жоспарында өзектендіріле түсті.

Демократиялық қағидаттар мен дәстүрлерге құрылған рухани мәдениет пен рухани өндірістің алдын ала дамуынсыз жаңа еңбек қоғамына көшу, әлемдік қауымдастыққа кең ауқымды кірігу және азаматтардың әл-ауқатының жоғары деңгейін қамтамасыз ету мүмкін емес. Жаңа тарихи жағдайда мәдениетті басқару қоғам мен мемлекеттің әлеуметтік-мәдени тұрғыдан қарқынды дамуын қамтамасыз ете отырып, өтпелі кезең шындықтарына икемді әрекет етуі қажет.

Осыған байланысты «Мәңгілік ел» идеясы қазіргі Қазақстанның негізгі құндылықтары шеңберінде ұзақ мерзімді болашақтағы елдің сапалы және қарқынды дамуындағы төмендегі міндеттерімен толығымен сәйкес келеді:

- ұлттық бірлік;
- бейбітшілік пен келісім;
- тұрақтылық пен төзімділік;
- зайырлы қоғам мен жоғары руханилылық;
- жалпыға ортақ еңбек қоғамы негізінде экономикалық өсу мен индустриаландыру;
- патернализмнен бас тарту;
- Қазақстанның әрбір азаматының жауапкершілігінің артуы.

Ұлтаралық және конфессияаралық келісім саласында Қазақстанның бірегей тәжірибесі бар. Сондықтан бұрын қабылданған шешімдерді кезең-кезеңімен жүзеге асыру толығымен дерлік Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделген нормалар, қағидаттар мен ережелерді сақтауға бағытталған. Әрбір қазақстандықтың басты міндеті Конституциядағы ережелерді жүзеге асыру болып табылады. Өз кезегінде ол келешекте азаматтардың жаппай саяси, конституциялық және құқықтық мәдениетінің артуына жағдай жасайды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Hearings on Nominations of William H. Rehnquist and Lewis F. Powell, Jr., Before the Senate Comm. on the Judiciary, 92d Cong., 1st Sess. 87 (1971).
2. Daley Ed. Our living, breathing Constitution. March 24, 2005. //http: // www.renewamerica.com.
3. Конституция Республики Казахстан. Раздел 1. Общие положения, ст.2 // http://www.constitution.kz
4. Конституция Республики Казахстан 1993 года. Портал «История Казахстана» //http:// e-history.kz.
5. Закон о Лидере Нации опубликован в официальной прессе республики // http://www.inform.kz.
6. Гусарова А. Результаты выборов Президента РК могут войти в Книгу Гиннеса, - эксперты // http://astanatv.kz.
7. Современное государство для всех: Пять институциональных реформ//http://www.akorda.kz.
8. Казахстанский путь – 2050: Единая цель, единые интересы, единое будущее // http:// www.akorda.kz.
9. План нации – 100 шагов по реализации пяти институциональных реформ Н.Назарбаева http://inform.kz.

Еуразия қауіпсіздік жүйесі және Белоруссия: геосаяси өзара байланыстар мәселелері

Ерғали БӨЛЕГЕНОВ,
Қазақстан Республикасының Беларусь Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі, экономика ғылымдарының кандидаты
Мұрат ЛАУМУЛИН,
Қазақстан Республикасының Беларусь Республикасындағы елшілігінің кеңесші-уәкілі, саяси ғылымдарының докторы

Беларусь Республикасы Еуразия геосаяси кеңістігінің (посткеңестік кеңістік) батысында және Орталық Азия аймағынан едәуір қашық орналасқанына қарамастан, ортаазиялық аймақтың қауіпсіздігі, Ауғанстан факторы мен Еуразияның ішкі мәселелері беларусьтік сараптама қоғамдастығы мен әскери, азаматтық қорғаныс мамандарын бей-жай қалдырмай отыр. Белоруссия посткеңестік кеңістіктегі барлық интеграциялық бірлестіктердің, ең алдымен, Ұжымдық қауіпсіздік шарт ұйымының белсенді қатысушысы екендігі белгілі, осыған орай ол ҰҚШҰ-ға мүше-елдерінің қатысуымен өткен Орталық Азиядағы немесе Кавказдағы кез келген текетірестердің тарапы бола алады [1].

Сонымен қатар Минскінің Ресей Федерациясымен бірге Одақтас мемлекеттерге (ОМ) қатысуы оған ұжымдық қауіпсіздік тұрғысынан қосымша жауапкершілік жүктейді [2]. Қазіргі кезде Белоруссия Украинадағы дағдарысқа байланысты өз аумағы маңында НАТО күштерінің күшеюіне, сондай-ақ Мәскеу мен Батыс елдері арасындағы текетіреске алаңдап отыр [3]. Украинадағы оқиға 2010 жылы Астана декларациясында бекітілген еуроатлантикалық және еуразиялық қауіпсіздік арасындағы байланыстың

ажырамастығын көрсетті. Бүгінде Украина дағдарысы ТМД-ның батыс бөлігінің қауіпсіздігіне ғана емес, бүкіл еуразиялық кеңістіктің тұрақсыздануына ықпалын тигізуде.

Беларусь Республикасы мен Ресей қарым-қатынасындағы әскери-стратегиялық ынтымақтастық

Белоруссия Еуропада бұрын қарсы тұру санатында болғанымен де, Ресей үшін әлі де әскери-стратегиялық маңызға ие. Белоруссия – ҰҚШҰ шеңберіндегі әскери интеграция процесінде ең жүйелі әрі белсенді мемлекет. Ресей мен Белоруссияның әскери күштері арасында коалициялық күш құрылған, яғни екі мемлекеттің әскери күштері ортақ күштің симбиозы мен имитациясы десе болады. Ол өз кезегінде әскери шығындарды үнемдеуге және басқару жүйесін оңтайландыруға жағдай жасап отыр. Әскери салада РФ мен БР арасында 30-дан астам келісімшарт жасалды. Ресейдің әскери-стратегиялық мүддесі үшін Солтүстік Атлантика, Солтүстік және Орталық Еуропадағы қозғалыстардың ізіне түсумен қоса, Атлантикадағы ресейлік су асты тасығыш зымырандарымен байланысты қамтамасыз ететін «Волга» РЛС (2020 жылға дейін жалға берілген) және «Антей» РЛС-тың маңызы өте зор. Ресей Минскіге жылына 14 млн АҚШ долларынан 20 млн АҚШ долларына дейін төлейді. Жалпы, жыл сайын Ресейдің Беларусь армиясына көмегі (қару-жарақты жеткізу, офицерлік құрамды оқыту, әуе шабуылына қарсы қорғаныстың С-300 жүйесін қолдау) шамамен 360 млн доллар қаржыны құрайды [4].

Екі елдің экономикалық және саяси қарым-қатынасына сызат түскеніне қарамастан, Белоруссия мен Ресей арасындағы әскери ынтымақтастық одан әрі дамып келеді. НАТО әскери инфрақұрылымымен көрші отырған Белоруссия, ең алдымен, Ресей үшін әскери-стратегиялық мәнге ие.

Белоруссия мен Ресей арасындағы әскери өзара қарым-қатынас негізін аймақта әскерді топтастырумен қатар әскери-ғылыми әріптестік орнату, топо-геодезиялық қамтамасыз ету, сонымен бірге радиациялық, химиялық және биологиялық қорғау саласындағы бірлескен қызметтер құрап отыр. Белоруссияға жеткізілетін әскери техниканың көбісі дерлік ресей өнімдері, соңғы 15 жылдың ішінде Ресейдің әскери оқу мекемелерінде мыңнан астам беларусьтік әскери қызметкерлер білім алды.

Мамандар бұрын да Одақтас мемлекеттердің сыртқы

қауіпсіздігін қамтамасыз етуде біршама істер атқарылғандығын баса айтады, атап айтсақ: байланыс, радиоэлектрондық күрес және техникалық қамтамасыз ету саласында бірлескен әскери жүйелер құрылды; Белоруссияда ресейлік радиолокация стансасы мен алыс байланыстағы радио торабы жұмыс істейді; бірлескен штаб пен алаңдағы оқу-жаттығуларда әскердің соғысқа дайындығы тексеріледі. Одақтас мемлекеттердің әскери әлеуетінің басты элементі – әуе шабуылына қарсы қорғанысының бірыңғай өңірлік жүйесі. Ол үнемі жетілдірілу үстінде. 2013 жылы Ресей бірыңғай әуе кеңістігін қорғау мақсатында Белоруссияға алғаш рет жетілдірілген «Бук» зенит кешендерінің батареяларын жеткізді.

2013 жылдың сәуіріндегі Минскіге Ресейдің Қорғаныс министрі С. Шойгудың ресми сапарынан кейін одақтас мемлекеттер шеңберінде әскери ынтымақтастықты күшейту тақырыбы тағы қозғалды. Сапар барысында Ресей әскери ведомствосының басшысы ел Президенті А. Лукашенкомен қатар БР-ның Қорғаныс Министрі Ю. Жадобинмен келіссөздер жүргізді. Бірлескен қорғаныс жүйелерінің тиімділігін арттыру мақсатында әскери салада екі елдің өзара ынтымақтастығының бірқатар мәселелері талқыланды. Оның ішінде, ҰҚШҰ шеңберінде жүргізіліп келе жатқан бірыңғай топтастыру күштері туралы сөз болды.

Ресей беларусьтік қорғаныс кәсіпорындарының мүмкіндіктерін ескере отырып, таяу арада стратегиялық қаруландырудың жаңа түрлерінің, оның ішінде ядролық қарулардың өндірісінде (элементті база саласында) импорттық тәуелділіктен бас тартуды көздеп отыр. Жобаға Белоруссиядағы микроэлектроника өндіретін ең ірі кәсіпорын – «Интеграл» ААҚ-ы қатысады деп болжам жасалуда. Аталған кәсіпорын өнімдерінің үлесі Ресейде сатылатын қос және арнайы мақсаттағы электронды бөлшектердің жалпы көлемінің 15-20 пайызын құрайды.

2013 жылдың қыркүйек айында «Батыс-2013» бірлескен әскери оқу-жаттығуларының қорытынды кезеңі өтті. Президенттік формат шеңберіндегі мұндай іс-қимылдар алғаш рет Ресей мен Белоруссия аумақтарында бірдей өткізілді.

2015 жылы Ресей Белоруссияның Лида қаласындағы аэродромда (беларусьтік шабуылдаушы авиация мен оқу орталығы орналасқан) жойғыш ұшақтарды (авиаполк) орналастыруды жоспарлап отыр. Бұл аэродромда бүкіл қажетті инфрақұрылым жасалған.

Алғашқы кезде онда қазіргі заманғы көпфункционалды СУ-27 СМЗ жойғыш ұшақтарын орналастыру керек болатын. Осы жерде әскери ұшақтардың басқа да типтерімен бірге авиацияны күшейту жұмыстары жүргізілуі мүмкін. Осыған байланысты Ресей тарапы бірлескен база құруға мүдделі емес екендігін танытты.

Десе де 2013 жылдың қарашасынан бастап авиабаза айналасындағы жағдай өзгере бастады. Оны Барановичиге көшіру, яғни орналасу жерін өзгерту ықтималдылығы көрінді. Барановичидегі авиабазаға сапарында айтылған А. Лукашенконың мәлімдемесі (ӘӘК-і құрамынан СУ-27 ұшақтарын шығару) Ресейге бағытталған еді. Одан бұрын Белоруссия көшбасшысы ресейлік жаңа соғыс ұшақтарын алу жөнінде мәлімдеме жасады. Қару-жарақтарды, оның ішінде авиацияны жаңғырту жөніндегі мәлімдемесі Кремльге әскери саладағы саясатты дербес жүргізе алатындығын көрсету болатын. Осы әскери нысан айналасындағы даулар әлі жалғасуда. Лидадағы базаны мамандар сыртқы шекараға өте жақын орналасқан деп отыр. Нәтижесінде, ресейлік 4 СУ-27Б ұшағы Барановичидегі базада орналастырылды (уақытша).

Белоруссия бұрын да экономикалық тұрғыдан қолдау көрсеткен жағдайда осы талаптардан бас тартқан еді. Бақылаушылардың пікірінше, Беларусь авиациясының соғысу мүмкіндігі неғұрлым азайған сайын, елдің әуе шекарасын қорғау соғұрлым Ресейдің әуе күштеріне жүктеледі.

Ресей сарапшылары Белоруссия аумағында ресейлік авиация базасының орналасуын Шауль түбіндегі (Литва) НАТО-ның базасына қарсы әрекет деп санайды. Онда НАТО-ның В61 еркін құлау атом бомбасының нысанаға дәл тиюін қамтамасыз ететін F-16 жойғыш-бомбалаушы 4 ұшақ соғысқа дайын тұр. Ресей үшін бұл бомбалар – стратегиялық қару, яғни тактикалық ядролық қару. Себебі Шаульден Мәскеуге дейін оның ұшу ұзақтығы – он бес минут. Осыған орай Минскідегі Еуропадағы интеграция мәселелері жөніндегі орталық сарапшыларының айтуынша, Белоруссиядағы Ресей авиабазасы НАТО жақтан төнген қауіп-қатерге әскери дайындығының жоғары деңгейін көрсетіп отыр.

Белоруссияда Ресей авиация базасын құрудың саяси ішкі мазмұны да бар. Жергілікті саяси оппозиция Ресей тарапы басқыншылық саясатын жүргізіп отырғанын, сондай-ақ Белоруссия билігі Конституцияны бұзып отырғанын мәлімдеді. Олардың Ресеймен

әскери ынтымақтастықты дамыту нәтижесінде, ел егемендігінен айрылуы мүмкін деген қаупін Белоруссия Президенті А. Лукашенко мүлдем жоққа шығаруда.

Осыған байланысты Минскідегі әскери-стратегиялық салаға келсек, аталған аймақта Белоруссия мен Ресейдің бірлескен қарулы күш топтары бар екендігін және бұл топты дәл осы беларусьтік армия құрап отырғанын айта кету керек. Ресми Минск аймақтағы Солтүстік-Атлантикалық альянстың әскери белсенділігі мен АҚШ-тың ракетаға қарсы қорғанысты (РҚҚ) күшейту жөніндегі Польшаның ұстанымын сынға алып отыр.

Белоруссия Қарулы күштерінің соғысқа қабілеттілігіне жыл сайын жоғары баға берілуіне қарамастан, ресейлік және кейбір жергілікті сарапшылар әскери-техникалық базаның құлдырауы мен ескіруі, әскерге шақыруға теріс әсерін тигізіп отырған демографиялық қартаюы және т.б. мәселелердің өсіп келе жатқанын айтады. БР Әскери күштерінің (ӘК) құлдырауы бірінші кезекте елдің қаржы-экономикалық және бюджет мәселесіне байланысты, ол өз кезегінде беларусь армиясының бұрынғы деңгейін қолдай алмай отыр.

Қаржыландырудың тапшылығы БР ӘК-нің негізін құрайтын арнайы мақсатты күштерді күшейтуде теріс ықпалын тигізіп отыр. Соның нәтижесінде, келісімшартқа отырған сарбаздардың элиталық бөлімшелер мен арнайы мақсаттағы күштерден жаппай кету үрдісі байқалады. БР ӘК-нің келешектегі жағдайы, Одақтас мемлекеттер ӘК-нің соғысқа қабілеттілігі мен БР-дың ҰҚШҰ-ға қатысу ахуалы Ресейді алаңдатпай қоймайтыны анық [5].

Беларусь Республикасындағы әскери-өнеркәсіп кешенінің (ӘӨК) дамуы

Белоруссия КСРО-дан мұраға қалған 120-ға жуық ӘӨК кәсіпорындарын иеленді, оның үстіне, олардың ішінде соңғы жинақтау зауыттары болған емес. БКСР-да қару-жарақ мүлдем шығарылған жоқ, онда тек автомобиль көліктерімен қатар әртүрлі құрал-жабдықтар (байланыс, навигация мен басқару жүйелері, оптикалық аспаптар және т.б.) өндірілді. Сонымен бірге Белоруссияда бірқатар жөндеу кәсіпорындары жұмыс істейді. Бүгінде ӘӨК қызметін БР-ның Мемлекеттік әскери-өнеркәсіп комитеті үйлестіреді. 1992 жылы Белоруссия ӘӨК-і Ресей ӘӨК-ге материалдар мен жинақтау өнімдерін жеткізудің жалпы

көлемінің шамамен 20 пайызын қамтамасыз етті; 2000 жылы әскери жеткізілімдердің үлесі 8 пайызға дейін азайды.

Ел басшылығы «Тополь», «Ярс» және «Искандер» ракета кешендерін өндіруші (шасси Минск доңғалақты тартқыштар зауытында өндіріледі) – белоруссиялық ӘӨК-нің басты тұтынушылары – Ресеймен интеграциялық байланысты сақтап қалды. Ресейлік соғыс ұшақтары мен танкілерінде беларусьтік дәлдеу жүйелері мен навигациялық кешендері қондырылған. Белоруссия байланыс, навигация, барлау, бақылау мен басқару жүйелерін дамыту мақсатында мамандандыруды тереңдете бастады. Онсыз орталықтандырылған желілік армия құру мүмкін емес [6].

2012 жылы Белоруссиядағы ӘӨК-де қазіргі заманғы инновациялық өнімдердің 35 үлгісі, 20-дан астам тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар жасалды. Жұмыстар бес бағытта жүргізіліп келеді: геоақпараттық жұмыстар; әскерді ұшқышсыз авиация кешендерімен жасақтау; кешенді іс-қимылға қарсы дәлдігі жоғары қарулар жүйесі; арнайы мақсаттағы іс-қимылдар мен құрлықтағы әскер күштерінің соғыс жүйесі; ату жүйелері. Құрастырушылардың соңғы өнімдерінің бірі – «Цитрус» радиорелейлі стансасы. Осы бір стансаның өзі 10 радиолокация кешенін алмастыра алады. Мамандардың айтуынша, беларусьтік «Бор», «БР Полянасы», «Неман», «Спрут», «Простор», «Риф-Р» және «Проток» автоматтандырылған басқару жүйесі және т.б. әлемде теңдесі жоқ.

Сондай-ақ Белоруссия ұшқышсыз ұшу техникасын өндіру бойынша көшбасшы саналады. 2014 жылдың сәуір айында Катарда өткен DIMDEX-2014 IV Халықаралық Қару-жарақ және әскери мүлік көрмесінде «Белтехэкспорт» ЖАҚ-ы беларусьтік ӘӨК-нің жаңа өнімдерін ұсынды. Оның ішінде «Беркут-1» тактикалық ұшқышсыз авиация кешені бар. Бұл – күндіз және түнде төңіректі барлауға арналған оптикалық-электронды құрылғылар. Қолдану ұзақтығы – 15 шақырымға дейін. Көтерілу «қолдан» жүргізіледі де, ал ұшу автоматты режімде орындалады. Пайдалы жүктемесімен ұшудың қалыпты шегі – 1000 м-ге дейін, крейсерлік жылдамдығы – 50-80 сағ/км, ұшу уақыты 90 минутқа дейін.

Көрмеге, сондай-ақ беларусьтік «Шершень D» танкіге қарсы тасымалды ракета кешені (ТҚРК) қойылды. Бүгінде аталған өнімнің әлемде баламасы жоқ.

Белоруссияда радиоэлектронды күрестің бірегей құралы жасалды. Оның үстіне, Белоруссия жөндеу кәсіпорындарында кеңестік ескі техниканы жаңартудың бірқатар жаңа нұсқаларын (әсіресе әуе шабуылына қарсы қорғаныс құрылғылары) әзірлеуге қол жеткізді. Олар дамушы елдер нарығында табысты өтуде. Аталған кәсіпорындар өзінің және шетелдің бірқатар әскери техникаларын жөндеу қажеттіліктерін де өтеп отыр. Жалпы, сарапшылар беларусьтік ӘӨК украиндік нұсқасынан гөрі неғұрлым табысты әрі өмірге бейім екендігін айтады.

Ресей мен Белоруссия арасындағы әскери-саяси ынтымақтастық Одақтас мемлекеттер құру жөніндегі шарт шеңберімен қоса, Ұжымдық қауіпсіздік келісімшарт ұйымы аясында да жүргізіледі. Бұл екі ел ТМД-ның бірлескен әуе шабуылына қарсы қорғаныс жүйесіне кіреді. Белоруссияның аумағында Еуропадағы стратегиялық қауіпсіздікті қолдауда (Барановичидегі ракета шабуылдарын жасау жөніндегі ескерту жүйесі мен Вилейктегі сұңғуір кемелерін басқару пункті) елеулі маңызы бар бірқатар ресейлік әскери-техникалық инфрақұрылым орналасқан. РФ мен БР-ның одақтық бюджеті РФ әскери-оқу мекемелерінде беларусьтік әскери қызметкерлердің дайындығын қаржыландыруға қомақты қаржы бөлуді қарастырып отыр (1998 жылдан бері).

Бүгінде әскери-техникалық ынтымақтастық (ӘТЫ) жөніндегі Белоруссия-Ресей үкіметаралық комиссия қажырлы еңбек етіп келеді, Белоруссия мен Ресейдің Қорғаныс-өнеркәсіп кешен ұйымдары мен кәсіпорындарының басшылары осы саладағы түрлі мәселелер бойынша ұсыныстар әзірлеп, келіссөздер жүргізуде. Ресей мен Белоруссия арасындағы әскери-техникалық ынтымақтастықтың басты бағыты қорғаныс пен қауіпсіздік саласында одақтас бағдарламалар әзірлеу және оны жүзеге асыру боп отыр.

Осындай бірлескен күш-жігердің арқасында ғылыми аясы тар техниканы әзірлеу мен өндіру жұмыстары (аса жоғары жиілікті аспаптар, оптикалық-электронды құрылғылар, нанотехнологияны қолдану арқылы жасалған құрал-жабдықтар) қарқынды жүруде. Оның арасында табысты іске асырылғандары – «Композит», «Траектория», «Космос-НТ», «Нанотехнологиялар – СГ» бағдарламалары. Белоруссиядағы қорғаныс секторының 50-ден астам кәсіпорны РФ-ның 400-ден астам кәсіпорындарымен өндірістік және ғылыми-техникалық кооперацияны сақтап, одан әрі

дамытып келеді (электронды бөлшектер мен жинақтау өнімдерін жеткізу, т.б.).

Белоруссия кәсіпорындары мемлекетаралық қаржылық-кәсіпорын топтары (МАҚКТ) арқылы да, бірлескен кәсіпорындардың құрамында да бірлескен жобаларды жүзеге асыруға қатысып келеді. Белоруссия қорғаныс кәсіпорындары өнімдерінің негізін жаңа ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялар базасында жасалған үлгілер құрайды. 2006 жылы 2006-2015 жылдарға арналған Мемлекеттік қаруландыру бағдарламасы жүзеге асырыла бастады. Бұл тәуелсіз Белоруссия тарихындағы ең ауқымды әскери-техникалық жоба болды. Белоруссия ӘӨК-нің негізгі жетістігі әскер мен қару-жарақты басқарудың автоматтандырылған жүйесі саналады. Әскери мамандардың пікірінше, Әскери әуе күштері (ӘӘК-і) мен Әуе шабуылына қарсы қорғаныс (ӘШҚҚ) әскерін басқарудың бірыңғай автоматтандырылған жүйесі Белоруссия армиясының әскери және оның Ресеймен одақтық топтасу әлеуетін айтарлықтай арттырды.

Ресей мен Белоруссия ӘӨК-нің бірлескен жобалары осы елдердің үшінші елдермен әскери-техникалық ынтымақтастығына кедергі келтірмейтінін айта кеткіміз келеді. Екі тарап та шетел нарығына әскери мақсаттағы өнімдерді жылжытқанда, осы елдердің біріне зиянын тигізбеу үшін қажетсіз бәсекелестікті болдырмауға мүдделі.

ТМД нарығынан басқа Белоруссия ӘӨК-і қос мақсатты технологиялар саласында (арнайы, сонымен бірге әскери құрылғылар мен жабдықтар, оның ішінде әртүрлі мақсаттағы қару-жарақтарды орнатуға арналған көп өсті доңғалақты шасси мен тартқыштар өндірісі) қытайлық кәсіпорындармен де әріптестік жүргізеді. Алғашқы жинақтау кәсіпорны 1998 жылы Хубэй провинциясының Сиогань қаласында құрылды. Кейін Қытай Минск доңғалақты тартқыштар зауытының өнімдерін көшіруге ауысып, беларусьтік тасымалдаушыларды нарықтан ығыстырып шығарды.

Белоруссия ӘШҚҚ жүйесінің жоғары дерлік техникалық-эксплуатациялық сипаттамасы мен сапасына Қытай үлкен қызығушылық тудырып отыр. Ресей мәліметтеріне сүйенсек, 2000-2002 жылдары осы салада ҚХР мен БР арасында бірнеше келісімдер жасалған. Радиолокация, оның ішінде жаңа мобильді «Восток»

метрлік диапазондағы радиолокация стансасы («МДТЗ» маркілі мүдірмейтін шассиде жөнделген) саласындағы қытайлық және беларусьтік әскери өнімдер де назардан тыс қалмады [7].

Пекинді жоғары дәлдікті қару-жарақтар саласындағы беларусьтік өнімдер қызықтырып отыр. Қытайлық әскери мамандар қызығушылық тудырып отырған жоғары дәлдікті қару-жарақ саласындағы өнімдердің бірі – авиация бомбаларының тактикалық-техникалық сипаттамасын жақсартуға арналған «Модуль-А» жаңартылған кешені (кейбір мәліметтер бойынша). Сондай-ақ Белоруссия мен Қытай арасында радиоэлектронды күрес (РЭК) құрылғылары саласындағы ынтымақтастық та артып келеді. Оның үстіне, оны қорғаныс саласында қолданумен қатар сату үшін де пайдаланып отыр.

Бақылаушылардың пікірінше, өзінің қажеттіліктерімен қоса, үшінші елдерге сату үшін де С-300 секілді іс-қимылдар радиусы орташа зенитті-ракеталы кешендерін әзірлеп өндірудегі Белоруссия мен Қытайдың келешектегі әріптестігі елеулі көрінеді. Белоруссия мен Қытайдың әскери-техникалық ынтымақтастығының дәстүрлі бағыты ҚХР армиясының СУ-27 типті ұшақтары мен МИ-8 тікұшақтарын күрделі жөндеуден өткізу (ал соңғы жылдары жаңарту жұмыстары) болып отыр. БР ӘӨК кәсіпорындары қызметіндегі жаңа бағыттардың бірі – дүркін-дүркін ататын «Смерч» реактивті жүйелерін жаңарту. Бұл бағыттың да Қытай ұлт-азаттық армиясын (ҚҰАА) қызықтыратыны сөзсіз.

ҚҰАА авиациялық техниканы радиотехникалық қорғау құрылғыларына назар аударуда. Соның ішінде осы саладағы беларусьтік соңғы әскери өнімдердің бірі – «Сателлит» кешені. Бұл – «жер үсті-әуе», «әуе-әуе» класының стратегиялық мақсаттағы ракеталары арқылы жоғары дәлдіктегі радиомен басқарылатын қарудан ұшу аппаратын дербес радиотехникалық қорғайтын борт аппаратурасы.

Соңғы жылдары Белоруссия мен Қытай арасындағы қарым-қатынастың әртүрлі деңгейде күрт интенсификациялануы байқалады. Кейбір талдамашылардың пікірінше, мұндай белсенділік көп жағдайда қытайлықтардың Белоруссияның академиялық және қолданбалы ғылымы, сондай-ақ отандық ӘӨК мекемелері мен кәсіпорындары әзірлеген түпнұсқа өнімдерді пайдалану мүмкіндігін жіберіп алмаудан туындап отыр. Мәселен, бұрын Цзилинь

провинциясының солтүстік-шығысындағы Чанчунь қаласында ҚХР-дың БР, РФ, Украина және ТМД-ның басқа елдерімен мемлекеттік ғылыми-техникалық ынтымақтастығының базасы құрылған болатын. Ол оптикалық электроника, материалтану, биотехнологиялар мен басқа ғылым салаларында қарым-қатынас орнатуға бағытталған.

Одан бұрын БМУ (Белоруссия мемлекеттік университеті) мен Харбинь политехникалық институты (ХПТИ) арасында әріптестік туралы келісімге қол қойылды және тараптар бірлескен зерттеулер мен жаңа технологиялар әзірлеуге (лазерлік және нанотехнологиялар) бағытталған әскери-техникалық ынтымақтастық орталығын құрды. Қытайды, ең алдымен, беларусь ғылымындағы ғарышты игеру және қос, әскери мақсаттағы озық технологиялар жасаудағы жаңалықтары қызықтырып отыр.

Пекин Белоруссияда өндірілетін көптеген әскери техника үлгілері мен қос мақсатқа пайдаланатын өнімдердің көп жағдайда бірегей екенін, ТМД мемлекеттерінде олардың баламасы жоқтығын және толығымен дерлік әлемдік нарықта бәсекеге қабілетті екенін біліп отыр. ҚҰАА мамандарының пікірінше, оған: әскер мен қару-жарақты басқарудың автоматтандырылған жүйесі; аэроғарыштық оптикалық-электронды аспаптар мен фотограмметрикалық кешендер; бронетанкі атысын басқару жүйесі; әуе шабуылына қарсы қорғаныстың радиолокациялық, лазерлік-оптикалық және ақпараттық жүйелерін басқарудың бағдарламалық кешендері жатады.

Сондай-ақ Белоруссия ӘӨК-і кешегі уақытқа дейін Украинаның қорғаныс кәсіпорындарымен бірге («Шершень», «Сармат», «Скиф» жүйелері) тығыз әріптестік жүргізіп келді. Белоруссия тарабы нысанға дәлдеу жүйесін, ал Украина болса, ракетаның өзін өндіріп келді. Нәтижесінде, беларусьтік-украин кешені шығарылып, олардың әрқайсысының оны сатуға құқығы болды. Бұл арада ТҚБРС ғана емес, басқарылатын зенитті ракета, тіпті бомбалар жөнінде де сөз болып отыр. Оларға арнайы модуль қондырған кезінде, басқарылмайтын еркін құлаудан басқарылатын еркін құлау құрылғысына айналады.

Украинадағы соңғы оқиғаларға байланысты бұл саладағы жағдай өзгере бастады. 2014 жылдың сәуір айының басында Барановичидегі «558 Авиация жөндеу зауытында» болған А. Лукашенко Украинадағы

шиеленісті жағдайды келесі екі жол арқылы шешуді ұсынды: а) БР-на кәсіби біліктілігі жоғары украин мамандарын жұмысқа тарту; б) Украинадағы дайын технологияларды пайдалану.

Қыркүйектің аяғында Белоруссия ӘӨК-нің делегациясы Киев, Львов, Днепропетровскі мен Черниговодағы әскери кәсіпорындарға ат басын бұрды. Оларды бірінші кезекте ракетаның немесе олардың бөлшектерінің (өздігінен бағытталатын ракетаның басы, ракетаның қозғалтқыштары, басқару жүйелері) өндірісіне қатысты зауыттар мен мекемелер (ҒЗИ) қызықтырды. Украинаның мәліметтері бойынша беларусьтер жергілікті мамандарды өздерінде сондай өндірістер жасауға тартатынына күмән келтірмейді. Кейбір мамандар Белоруссияның Украинадан осы ракеталар өндірісінің технологиясын сатып алуға құлшыныс білдіріп отырғанын айтады (Ресей Белоруссия аумағында аталған өндірістерді салуға енжарлық танытуда).

2014 жылдың шілдесінде Минскіде өткен 7-ші Қару-жарақ және әскери техника құралдары халықаралық көрмесінің қорытындысы назар аударуға тұрарлық. Мәселен, Әскери кәсіпорын мемлекеттік комитеті жүйесіне кіретін ұйымдар жалпы сомасы 350 млн долларды құрайтын 55 келісімшартқа қол қойды. Жалпы, көрме барысында шамамен 700 млн доллар қаржыны құрайтын келісімшарттар жасалды. Ондағы басты жетістіктердің бірі беларусьтік «Алебарда» ЗРК болды. Көрме барысында оған деген сұраныс жоғары болып, сол арада бірден 15 өтінім түскен. Сарапшылар нарықтың жалпы сыйымдылығы 200 және одан да көп кешен деп бағалап отыр. Сонымен қоса, жаңартылған кешен өндірістік тұрғыдан алғанда, толығымен дерлік беларусьтікі.

Соңғы жылдары дамушы елдермен қарым-қатынасының кеңеюі арқасында Белоруссия басшылығы өз серіктестеріне әскери-техникалық ынтымақтастығы саласында бірлескен жобалар ұсынуда. Минск Вьетнам, Лаос, Индонезия, Үндістан, ОАР мен бірқатар араб елдерін потенциалды серіктестер ретінде атап отыр.

Бүгінде беларусьтік ӘӨК-нің дамуында мынадай бағыттарды байқауға болады. Біріншіден, негізгі бағыты – әскерді қорғаудың жоғары деңгейін, жоғары мобильділігі мен басқарылуын, барлау жүргізу мүмкіндігі мен алыс қашықтықтан атыс соққыларын дәл жүргізуді қамтамасыз ету есебінен оның мүмкіндіктерін арттыру мақсатында техниканы жаңарту.

Екіншіден, беларусьтік ӘӨК-де озық қару-жарақ үлгілері өндірісін (қозғалмалы құрылғылардан талқандау құрылғыларына дейін) толық тұйықтау циклін құру жоспарланған. Қазірдің өзінде бронды соғыс машиналары мен өткіштігі жоғары көліктердің үлгілері жасалды; ұшу қашықтығы 100 не одан да көп шақырымға жететін ұшқышсыз авиация кешенінің құрылысы аяқталуға жақын. Шетелдік серіктестермен бірге жаңа танкіге қарсы ракеталы кешен құрылды.

Үшіншіден, Белоруссияда әлемдік білдекті аспап құрылғыларын жасайтын компаниялармен бірге қазіргі заманғы білдекті аспаптар мен құрылғыларды жинақтау өндірісін құру жоспарланып отыр. Ол өз кезегінде ұлттық өндірістерді одан әрі шектеу арқылы Беларусь нарығындағы импортты ауыстыратын өнімдер шығаруға жол ашады.

ҰҚШҰ шеңберіндегі Белоруссия мен Орталық Азиядағы қауіпсіздік

Ресми Минск Орталық Азия қауіпсіздігінің мәселелері мен Ауғанстан аумағындағы елдерден төнген қауіп-қатерлерді назардан тыс қалдырып отыр. БР Президенті А. Лукашенко осы мәселе бойынша өз ұстанымын соңғы рет 2013 жылдың күзінде ҰҚШҰ саммитінде айтқан еді. Белоруссия көшбасшысы ҰҚШҰ елдерінің қауіпсіздігі үшін Батыс коалициясы өз күшін шығарғаннан кейін, Ауғанстанмен арадағы шекараны күшейтуде Тәжікстанға көмек көрсетуді маңызды деп есептейді.

Осы уақытқа дейін Белоруссия ҰҚШҰ шеңберінде Тәжікстанның шекара әскеріне киім-кешек жеткізумен ғана шектеліп келді. Осыған байланысты 2014 жылдың ақпанында ҰҚШҰ Бас хатшысы Н.Бордюжи Минскіге ресми алғысын білдірді.

Белоруссияның азаматтық қорғаныс және әскери сарапшылары НАТО коалициялық күштері Ауғанстаннан шығарылған соң, Орталық Азияда тұрақсыздану орын алған жағдайда ҰҚШҰ-ның Ұжымдық жедел ден қою күштері (ҰЖДК) құрамындағы БР бөлімшелерінің техникалық деңгейде қатысу мүмкіндігін болжаммен қарастырады. Орталық Азиядағы тұрақсыздану жағдайында шиеленістердің қарқыны төмен болуы мүмкін. Олардың пайымдауынша, ең тұрақсыздандыратын «үміткерлер» – Қырғызстан мен Тәжікстан [8].

Сонымен бірге олар Белоруссия ҰЖДК-і құрамына бөлінген күштің үштен бірінен астамын миссияға жібере алмайды дейді.

Қалған бөлімшелер ұлттық контингенттің жеке құрамын алмастыру үшін резерв ретінде ұлттық аумақта орналастырылды.

Белоруссия ұлттық контингентті дайындау мен қаржыландыруға шоғырландырылма бюджеттің (орталық бюджет пен жергілікті бюджеттер) 1 пайыздан жоғары, яғни 230 млн долларға дейінгі қаржыны бөле алмайды. Әлеуетті қауіп-қатерлердің сипаты ҰҚШҰ коалиция күштерінің шеңберінде жұмыс істейтін Белоруссия ұлттық контингентінің болашақ құрамын анықтайды. Ол әскери, жандармдық, терроррға қарсы, жергілікті биліктерге қатысты күштер мен қолдау күштері секілді құрамдас бөліктерден тұруы мүмкін.

Белоруссия әскери бөлімінің негізін зеңбіректі брондалған көліктермен бірге шамамен 550 адамнан тұратын бір мобильді батальон құрауы мүмкін. Осыған орай жергілікті жердің және қауіп-қатерлердің сипаты бөлімшенің ұйымдастыру-штатының құрамын өзгертуді қажет етеді. Контингенттің жандармдық бөлігі тәртіпсіздікті басу, көлік құралдарын тоқтату, көлік пен адамдарды тексеру үшін жасақталған, ІІМ Ішкі әскерлер құрамынан бөлінген 400 адамға дейінгі 2-3 күзет ротасынан тұрады.

Бөлімше терроризмге қарсы «Альфа», «Алмаз» арнайы шұғыл әрекет ету жасағы бөлімшелерінің қызметкерлерін алмастыру негізінде құрылған 30-ға дейінгі сарбазды ұсынады. Жергілікті билікке қатысты топ Одақтас күштер штабы мен қабылдаушы мемлекеттің Қарулы Күштері штабы жанындағы, іс-қимыл аумағындағы ІІМ-нің жергілікті органдары мен мемлекеттік қауіпсіздік комитетіндегі беларусьтік офицерлерден тұрады.

Қолдау тобы 300 адамнан тұратын тікұшақ жасағы мен медициналық бөлімшелерден құрылады. Олардың есептеуінше, ІІМ, МҚК-і мен Қорғаныс министрлігінен барлығы 1 600-ге жуық сарбаз қажет. Бұл – миссия орындалатын елде бөлінетін күштің үштен бірінен кем болмайтын күш орналасқан кезінде алмастыру қажеттілігіне байланысты шыққан шекті саны.

Сарапшылар БР ІІМ-нің ішкі әскерлері, терроррға қарсы бөлімшелері мен медициналық қызмет тиісінше техникамен жасақталған деп есептейді. Мұндағы негізгі мәселе жоғарыда көрсетілген құрамдардың ұйғарымына бөлінетін қорғалған көлік техникаларының болмауында.

Беларусь талдамашылары Ауғанстандағы эстон тәжірибесіне баса көңіл бөледі, ол өз кезегінде миналық-торуылдау іс-қимылына

қатысу үшін кеңестік ескі бронетехникалардың жарамсыздығын көрсетті. Белоруссияның болжамданған ұлттық контингентін жасақтау және көшіру қаржы мен техниканың жетіспеушілігіне байланысты құрлықтағы бағдар бойынша жүргізіледі. Әуе күші тек шұғыл шараларда ғана қолданылады.

Белоруссияның миссияға қатысуы үшін үлкен техникалық дайындықты қажет ететіні белгілі. Бірінші кезекте, қазіргі қақтығыстардың шиеленісуі жағдайында қолданыстағы бронетехникалар мен автотехникалардың сәйкессіздігі орын алып отыр. Сарапшылар оның үш шешімін көрсетеді: жаңғырту; жаңа техника сатып алу; шетелдік армиядан артылған техниканы сатып алу. Олардың нақты құны белгісіз. Бұл жерде бірнеше ондаған миллион доллар жөнінде сөз болып отыр.

Ауғанстан мәселесін Минскі де есірткі қаупі тұрғысынан қарастырады. Беларусь сарапшыларының пікірінше, Ауғанстандағы есірткі өндірісі осы елде өсірілетін есірткінің көлемімен ғана емес, ең бастысы, өзінің геосаяси мәртебесі мен салдары бойынша бірегей құбылысқа ие. Олардың есептеуінше, Ресей Ауғанстаннан келетін есірткі тасымалы нәтижесінде жыл сайын 30 000-нан астам адамынан (жылына 75-80 тонна ауған есірткісін қолданады) айрылып отыр.

Беларусь сарапшыларының пікірінше, ауған есірткісінің өндірісі ғаламшардың бір географиялық нүктесінде өзінің ауқымы мен шоғырлануы бойынша теңдесі жоқ. Бұл – халықаралық қауіпсіздікті бұзатын агрессивті құрал. Аталған жағдайды бірегей планетарлық-тарихи құбылыс ретінде санауға және БҰҰ-ның Жарғысына сәйкес халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікке төнген қауіп-қатер ретінде бағалауға болады.

Бұл – өзінің тікелей салдары бойынша аймақтағы елдерді ғана емес, сонымен бірге әлемдегі басқа елдерді де қозғайтын құбылыс. Бұл құбылыс Ауғанстан аумағына апаратын қарулы қақтығыстармен (халықаралық сипаттағы жағдай) тікелей байланысты: осы елдегі үкіметке қарсы күштерді қолдайды; Орталық Азия аймағын әскери-саяси тұрғыдан тұрақсыздандыруға әкеледі; аймақтағы экстремистік-қылмыстық және лаңкестік топтарды қаржылық қолдауда үлкен рөл атқарады; ауғандық есірткі өндірісі Орталық Азиядағы және трафик бағдарынан қашық орналасқан басқа да мемлекеттердегі жемқорлық деңгейін арттырады. Бұл құбылыс мемлекеттегі демократияның асыл мұраттары мен тиімді басқару жүйесін жүзеге асыру мүмкіндігіне кедергі келтіріп отыр. Ауғанстан аумағындағы

үкіметтік емес топтардың Ресей Федерациясы аумағында жүргізіп отырған есірткі басқыншылығы саясатына қарсы Ресейдің өзін-өзі қорғау құқығы бар екенін айта кету керек.

Осыған байланысты беларусьтік мамандар Ауғанстандағы үкіметтік емес топтардың Ресей Федерациясы мен ҰҚШҰ-ға мүше мемлекеттер аумағында жүргізіп отырған есірткі басқыншылығына қарсы осы елдердің өзін-өзі қорғау құқығы бар деген қорытындыға келеді [9]. Олардың пікірінше, Ауғанстан мәселесін шешуде ҰҚШҰ-дан бөлек ШЫҰ-ның да саяси және экономикалық әлеуеті іске қосылуы керек.

Бірақ сарапшылар Украинадағы оқиғадан кейін тұтас Еуразиядағы және ішінара Шығыс Еуропадағы геосаяси ахуалмен бірге бүкіл қауіпсіздік жүйесі түбегейлі өзгеруі мүмкін дейді. Бұл ҰҚШҰ-ның алдына жаңа әрі күрделі міндеттер қойып отыр. Дегенмен ҰҚШҰ-ның келешегін талқылау барысында жергілікті мамандар ұйымды кеңейтудің болашағы жоқ дейді. Жалпы, БР-ның әскери-саяси сараптама қоғамдастығы Одақтас мемлекеттер шеңберінде Ресеймен қорғаныс ынтымақтастығына басым көңіл бөледі.

Кезінде А. Лукашенко Ресей Федерациясы Кеңесінің төрағасымен және Ресей өңірлерінің басшыларымен кездесуінде алдағы уақытта ЕАЭО-ны саяси және әскери интеграция күтіп тұр, яғни жақын болашақта ҰҚШҰ Еуразия бірлестігінің әскери құрамдас бөлігіне айналады деп мәлімдеген еді. Дегенмен беларусьтік сарапшылар оның орындалатынына күмәнмен қарайды. Олардың пікірінше, мұндағы негізгі мәселе – Одақтас мемлекеттер мен ҰҚШҰ қызметіндегі тәжірибеде осындай шиеленісті жағдайларда Мәскеудің өз одақтастарынан бөлек, шешімді дербес қабылдауында. Ең алдымен, Қырым дағдарысы Мәскеу, Минск мен Астана арасындағы сенімнің аздығын көрсетті. Қырым дағдарысында Ресей Федералдық кеңесі Қырымның Ресейге қосылуы жөніндегі шешімді жеке-дара қабылдады. Осыдан кейін Одақтас құрылымдар мен ҰҚШҰ шеңберінде өткен консультациялар таза қағаз жүзінде қалып, ешнәрсеге ықпалы тимеді.

Беларусь сарапшылары Украина айналасындағы оқиғалар ҰҚШҰ-ға мүше мемлекеттердің Ресей-Украина дағдарысынан шет қалғанын көрсетеді дейді. Әскери-техникалық ынтымақтастық саласында Мәскеу посткеңестік елдердің Киевке тосқауыл қоюына қол жеткізе алмады.

Орталық Азия қауіпсіздігіне төнген жаңа қатерлердің сипатына белоруссиялық сарапшылардың бағалаулары

Беларусь сарапшыларының Орталық Азияға төнген жаңа қауіп-қатерлерге, біздің аймақтағы геосаяси жағдайдың дамуына берген соңғы бағалаулары үлкен қызығушылық тудырады. Ол Стратегиялық және сыртқы саясат зерттеулері орталығының баяндамасында көрсетілген [10]. Авторлардың айтуынша, Орталық Азияда тұрақсыздандыруға қарсы стратегиялар көп емес. Бұл жерде іс жүзіндегі екі стратегияны айтуға болады: ШЫҰ және Жібек жолы экономикалық белдеуі қалыптастырған «қытайлық»; ҰҚШҰ және Еуразия экономикалық одағы (ЕАЭО) дайындаған «ресейлік» стратегия.

Олардың пікірінше, қазіргі таңда әлем Орталық Азиядағы стратегиялық ортаның түбегейлі өзгеруінің табалдырығында тұр. Оның үстіне, бұл өзгерістер басқа аймақтағы жағдайлармен, ең бастысы, Таяу Шығыстағы ахуалмен байланысты болуы мүмкін. Орталық Азиядағы стратегиялық ортаны анықтайтын басты өзгерістер мен процестер: 2015-2016 жж. Ауғанстаннан АҚШ әскерінің шығарылуы; даму мүмкіндігі зор ЕАЭО-ның құрылуы; Қытайдың өңірлік дипломатиясының жылдам өсуі; аймақтағы жаңа ірі мемлекет Үндістанның дамуы; АҚШ пен Иранның стратегиялық жақындасуының жалғасуы; АҚШ-тың басымды стратегиялық мүддесінің Қиыр Шығысқа ауысуы; Еуразияның Қытай мәселесіне алаңдаушылығының өсуі; халықаралық экстремистік және террористік ұйымдардың құрылымы мен қызметінің өзгеруі; «Ислам мемлекеттері» мен әл-Каида арасындағы күрес; Ауғанстандағы саяси дағдарыс пен зорлық-зомбылық деңгейінің, сондай-ақ есірткі өндірісінің артуы.

Аймаққа ықпалы зор мемлекеттердің қатарына АҚШ, Қытай, Үндістан, Иран, Пәкістан және Ресейді жатқызуға болады. Вашингтонның Орталық Азиядағы басты мүддесі – осы аймақтағы өз басымдықтарын Азия-Тынық мұхиты аймағы мен Таяу Шығыс бағыты бойынша толығымен әрі кедергісіз жылжытуға мүмкіндік беретін аймақтағы тұрақтылықты сақтау. АҚШ-тың аймақтағы басты құрамдас стратегиясы – Орталық Азия ісіне тартылған кейбір мемлекеттердің шеңберінде оқиғалардың даму барысына жағдай жасау (Қытай экспансиясына қарсы, тежеуші). Бірінші кезекте АҚШ стратегиясы Ресей, Иран мен Үндістанды қарастырады. Посткеңестік кеңістікте Ресей Қытаймен күреседі, Иран Ауғанстандағы

жағдайды тұрақтандыруға көмектесіп, Пәкістанның рөлі мен Талибан қозғалысының өсуіне жол бермейді, ал Үндістан ҚХР-мен бәсекелестікте осы құрылымға геосаяси және экономикалық салмақ береді деп болжам жасалуда.

Сарапшылар Қытай Орталық Азиядағы минералды ресурстар мен өткізу нарығына ҚХР-дің қолжетімділігін қамтамасыз етуге, сонымен қатар СУАР-дың тұрақсыздануына жол бермеуге қызығушылық танытып отырғанын көрсетеді. Жібек жолы экономикалық белдеуінің бастамасын көтерген Пекин Орталық Азияға қатысты басып алу, қысым жасау ұстанымын білдіріп отыр. Жобада аймақтағы елдерде инфрақұрылым құру көрсетілген, ал бұл дегеніңіз – Қытай осы инфрақұрылымды қорғайды деген сөз. Оның үстіне, Қытай элитасының басым бөлігі Экономикалық белдеуді Қытай мен Орталық Азия елдері арасындағы еркін сауда аймағы ретінде қарастырады. ҚХР-дың Айнақтағы мыс кен орнына қызығушылығының төмендеуін ескерсек, оның басты міндеті Ауғанстанның солтүстігіндегі мұнай кәсіпшілігін қорғау болып отыр. Соңғысы, жаңа жағдайдағы Қытайдың стратегиялық мүдделерінің бірі – Үндістанды тежеу, аймақта оның рөлінің өсуіне жол бермеу және Делиден ресурстық ағындарды әкету.

Сарапшылардың пікірінше, Үндістанның басты мүддесі ел экономикасының өсуі үшін ресурстар іздеумен бірге, ТАПҮ және ИПҮ (Иран–Пәкістан–Үндістан) газ жеткізу жобаларын іске асыру болып отыр.

Екінші жағынан, Тегеран да Ауғанстандағы тұрақтылыққа, оның аумағынан есірткі тасымалын тоқтатуға, Пәкістан мен Сауд Аравиясына бағытталған экстремистік топтардың ықпалының өсуіне жол бермеуге аса мүдделі. Оның үстіне, Тегеран көмірсутектерді (ИПҮ газөткізу жобасы) өткізу нарығын, яғни экономикалық ынтымақтастықты кеңейтуге де мүдделі. Чабахар портының құрылысы Иранның стратегиялық жобасы десе болады. Иран Ауғанстанмен бірге Орталық Азия елдеріне, ең алдымен, Тәжікстанға қысым жасауға бейімделген. Иранның күн тәртібіндегі басты мәселе – Ауғанстанда және тұтастай алғанда аймақта АҚШ әскерін азайту.

Сарапшылар Пәкістан аймақта аса күрделі жағдайда тұр деп есептейді. Пәкістан арнайы қызметінің Талибанмен байланысы және оның кеңеюі соңғы жылдары тежеуші жағдайларды әкелуде. Пәкістанның есебі – Орталық Азиядан электр энергиясы мен

энергия ресурстарын алу. Исламабад аймақта Үндістан мен Иран рөлдерінің өсуіне жол бермеуге мүдделі және ол өзінің басты одақтасы ретінде Қытайды қарастырады.

Ресейге келер болсақ, сарапшылар қазіргі таңда оның Орталық Азияға қатысты стратегиясы анық емес дейді. Осы жағдай аймақтағы Еуразия кеңістігінің қауіпсіздігі мәселесінен Ресей басшылығының назары мен ресурстарын бұрып, Украина дағдарысын ұлғайтып отыр. Яғни Ресейдің мүддесі мен аймақтық стратегиясы толық дәрежесінде тұжырымдалмаған десе болады. Ресей одақтастарымен бірге Еуразия экономика одағын құрып отыр. Осы одаққа Қырғызстанды, кейін Тәжістанды қосуға мүдделі. Бұл Ресейдің ТАПҮ газ өткізу құрылысына қызығушылық танытып отырғанын және бірқатар ресейлік компаниялардың осы жобаға қатысуға дайын екендігін көрсетеді (ол туралы ақпараттар бар).

Осыған байланысты сарапшылар қазіргі кезде «Ислам мемлекеттері» мен «әл-Каида» халықаралық лаңкестік бірлестіктері арасында көшбасшылық үшін талас жүріп жатқанын айтады. Сонымен бірге Батыстың талдау орталықтары Өзбекстан ислам қозғалысының ағымдағы әлеуетін аса сақтықпен бағалап отыр. Онда қаржыландыру және қатарын толықтыру мәселелері қиындыққа ұшырап отыр, ал оның этникалық құрамы әуелден өз атауына сәйкес келмейді (құрамында өзбектердің саны аз). Аймақта басты рөлді пантүркішілдік көзқарасты ұстанатын (Ауғанстанның солтүстігінде), этникалық құрамы әртүрлі Ауғанстан мен Тәжікстандағы Бадахшан ауданының исмаилиттері пен Хизб-ут-Тахрир секілді ислам ұйымдарының тобы атқаруы мүмкін.

